



**ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН
МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Республикалық ғылыми-практикалық
конференция материалдары

9 қазан 2019 жыл



Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
Алматы қаласы Білім басқармасы

**«ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ
ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ
ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

*Республикалық ғылыми-практикалық
конференция материалдары*

9 қазан 2019 жыл

Алматы

ӘОЖ 373(063)

КБЖ 74.268.3

Ж28

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының
Ғылыми кеңесі ұсынған*

Редакциялық алқа: филол.ғ.д. Матыжанов К.І. (төраға), филол.ғ.к.
Қалиева А.Қ. (төрағаның орынбасары), филол.ғ.д. Ақыш Н.Б., филол.ғ.д.
Орда Г.Ж., филол.ғ.к. Қорабай С.С., PhD доктор Султан Е.,
Кенжеқұлова А.Б. (хатшы).

Жауапты редакторы – Матыжанов К.І.
Жауапты шығарушы – Қалиева А.Қ.
Құрастырушы – Жұматаева А.Н.

«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ әдебиетін орта мектептерде оқытудың өзекті мәселелері»: республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Электронды жинақ. – Алматы, 2019. – 126 б.

ISBN 978-601-230-080-2

Жинаққа қазақ әдебиетін оқытудың жаңа тұжырымдамасы мен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жетілдіру, қазақ әдебиетін тереңдетіп оқытуды жүзеге асыру және қазақ әдебиетін жалпы білім беретін орта мектептерде оқытудағы негізгі қиындықтар мен оларды жоюдың жолдарын талқылауға арналған **«Жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ әдебиетін орта мектептерде оқытудың өзекті мәселелері»** атты ғылыми-практикалық конференцияның материалдары енді.

ӘОЖ 373(063)

КБЖ 74.268.3

ISBN ISBN 978-601-230-080-2

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты, 2019

КІРІСПЕ СӨЗ

Қайырлы күн, қазақ мектептерінің, қазақ әдебиетінің жанашырлары!

Қазіргі жаңа білім мазмұнына көшу жағдайында мектептердегі білім сапасы мен оқулық мәселесі аса өзекті мәселеге айналып отыр.

Биылғы Тамыз конференциясында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Білім және ғылым министрі Асхат Аймағанбетов те оған ерекше назар аударып, мәселені қоғамда ашық талқылауға қозғау салды. Қазақстан Республикасының Президентінің халыққа Жолдауында да білім мен оқулық сапасын арттыруға айырықша назар аударылды. Жақын арада Білім министрі оқулық сапасын арттыруға байланысты 10 ұсынысын да ортаға салды. Қазір бұл мәселе қоғамдық ортада кеңінен талқылануда.

Соның ішінде қазақ тілі мен әдебиеті, тарих пен Қазақстан географиясы, қазақ өнері мен музыкасы сияқты ұлттық сипаттағы пәндердің оқытылу жай-күйі жұртшылықты ерекше алаңдатууда. Біз бүгін соның ең арқаулы тақырыбы қазақ әдебиетін оқыту үрдісіне назар аударып отырмыз.

Қазақ әдебиеті – Елбасының бастамасымен елімізде жүргізіліп жатқан «Рухани жаңғыру» бағдарламасының алтын өзегі, ұлттық тәрбиенің қайнар бұлағы. Демек, қазақ әдебиетін оқыту мәселесі – қазақы рухты адамды бей-жай қалдырмайтын ұлт тағдырына қатысты ең көкейтесті мәселе. Сондықтан ата-аналар мен мұғалімдердің арасында қазақ тілі мен әдебиетін оқытуға қатысты пікір-таластар мен ұсыныстар ағыны бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде толастаған емес.

Соған белсенді үн қоса отырып, Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Алматы қалалық білім басқармасымен бірлесіп жан-жақты пікір алмасу мақсатында бүгінгі конференцияны ұйымдастырып отыр. Бұл – атқарылып жатқан жұмыстар жөнінде ақпар беретін, үгіт-насихат мақсатындағы қатардағы жиын емес. Немесе

атқарылып жатқан істі сыпыра сынап жоққа шығаратын «сойып салу» шарасы да емес.

Бұл – ұрпақ тәрбиесіндегі қалыптасқан ахуалды жан-жақты саралап, оны сауықтырудың жолдарын қарастыратын жанашыр ұсыныстардан тұратын іскерлік шарасы. Осы ортақ мақсатқа тиімді қол жеткізу үшін бүгінгі жиынға Білім және ғылым министрлігінен бастап, Қазақстан Жазушылар одағын, Жоғарғы оқу орындарының әдебиеттанушы мамандарын, бұқаралық ақпарат құралдарын, осы шаруаның ыстық-суығына күйіп жүрген мектеп ұстаздарын арнайы шақырып отырмыз.

Мәселе аса өзекті де, ауқымды. Ортаға салатын мәселе де көп. Ал уақытымыз өлшеулі. Сондықтан осы істің басы-қасында жүрген мамандар қазақ әдебиетін орта мектепте оқытудың жай-күйіне нақты талдау жасап, оның жүйесін жетілдіруге байланысты тұжырымды ұсыныстарыңызды ортаға салуды өтінеміз.

Бір мәселенің басы ашық. Дәл қазіргі уақытта бізге артқа оралуға жол жоқ. Тек жеткен жерімізден алға жылжуымыз керек. Қазақта “Біткен іске сыншы көп” деген мәтел бар. Сын айту ең оңай шаруа. Сын айтқан соң, оны жөндеудің жолын көрсету керек. Оның үстіне оқыту процесі үнемі жетілдіріп отыруды талап ететін жанды құбылыс. Сондықтан біздің сіздерден күтетініміз сындарлы сын мен ұтымды ұсыныстар.

Сонымен қоса, біз бүгінгі білім саласында атқарылып жатқан шаруаларды сырттан тамашалаушы емеспіз, оның бел ортасында жүрген белсенді атқарушысымыз. Демек, келер ұрпақ алдындағы оның жауапкершілігі де бәрімізге ортақ. Сондықтан бүгінгі мектеп бағдарламасына енгізіліп отырған білім мазмұнына да, оқулық сапасына да, мұғалімдерді соған сай қайта даярлау ісіне де, оқушының да, мұғалімнің де еңбегін жеңілдетуге қажетті оқу құралдары мен жаңа технологияларға да жанашырлықпен барынша сергек қарауымыз керек. Осыған орай, бүгінгі жиында қаралатын басты бағыттар мыналар:

Жаңа білім мазмұнының қазақ әдебиеті пәнін оқыту ісіне әкелген жаңалығы. Жаңа әдістеме мен пән мазмұнының ара қатынасы;

Қазақ әдебиетін оқытудың жаңа бағдарламасы. Оның жетістіктері мен олқылықтары. Әдеби-тарихи кезеңдер мен ірі тұлғалардың, классикалық шығармалардың қамтылу ауқымы;

Оқулық сапасы: материалдардың іріктелуі, жазушылар мен шығармалардың берілу реті, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкестігі, оқулықтың тілі, әдістемелік негізі;

Қазақ әдебиеті пәнін сапалы оқытуға қажетті қосымша оқу құралдары: сыныптан тыс оқу кітапханасы, мұғалімдерге арналған көмекші құралдар, жаңа технологиялық құрал-жабдықтар;

Жаңа білім мазмұнына сәйкес жоғары оқу орындарының әдіскер ұстаздарынан бастап, мектеп мұғалімдерін қайта даярлау ісі.

Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы жаңа білім мазмұнына сәйкес білім мазмұны. Орыс және басқа да ұлт тілдерінде оқытылатын мектептердегі қазақ әдебиетін оқытудың жай-күйі т.б. Міне, осы төңіректе ой қозғасаңыздар. Тағы да қайталап өтінемін. Ойларыңыз жинақы, ұсыныстарыңыз нақты болса.

Материалдарыңыздың жазбаша және электронды нұсқасын хатшылыққа тапсырыңыздар. Бүгінгі айтылған әңгімелер жазылып алынады, жинақталып, ұтымды ұсыныстарыңыз конференцияның қарарына енгізіледі. Баяндамаларыңыз бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Олай болса, іске сәт, құрметті әріптестер!

Кенжехан Ісләмжанұлы Матыжанов,
*М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының директоры, филол.ғ.д.*

Рахман Алшанов,
Тұран университетінің ректоры,
экон.ғ.д.

ҚАЗАҚ МЕКТЕПТЕРІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Патша заманында, бұдан екі жарым ғасыр бұрын қазақ тілінде оқытатын бір-ақ мектеп болған. Оның өзі Ыбырай Алтынсарин ашқан бастауыш мектеп. Совет дәуірінде қазақ мектептері, ал техникумдарда, жоғарғы мектептерде қазақ бөлімдері ашыла бастады. Бірақ қазақ мектебінің карқынды дамуы егемендік жылдарында ғана кең өріс алды. Бұған бірнеше фактор әсер етті. Мысалы, экономика өсіп, әлеуметтік мәселелерді кеңінен шешуге жол ашылды, барлық шешімді егемендіктің арқасында өзіміз қолымызға алдық. Бастысы – елдегі халықтың саны, соның ішінде қазақтың өсуі байқалды.

Қазақша оқитын балалар саны өсті. 2019 жылы шілде айында Қазақстан халқы 18,5 миллион адамнан асты, оның ішінде қазақтың саны 12,5 млн.-ға жетті (67,6%). Бүгінде қазақтың саны солтүстіктен басқа барлық өңірде басым. Соның ішінде: Түркістан облысында – 1508,2 мың қазақ (76,0%), Алматы облысында – 1469,9 мың (72,1%), Алматыда – 1120,6 мың (60,4%), Нұр-Сұлтан қаласында – 851,9 мың (79%), Шығыс Қазақстан облысында – 834,8 мың (60,5%), Жамбыл облысында – 818,5 мың (72,7%), Қызылорда облысында – 764,6 мың (96,3%), Ақтөбе облысында – 720,4 мың (82,8%), Қарағанды облысында – 714,1 мың (51,8%), Шымкент қаласында – 676,7 мың (67,05%), Маңғыстау облысында – 617,1 мың (91%), Атырау облысында – 586,8 мың (92,6%), Батыс Қазақстан облысында – 418,0 мың (64,1%), Павлодар облысында – 394,7 мың (53,4%), Ақмола облысында 379,3 мың (51,4%) қазақ тұрады.

Ал әзірге қазақтар аз тұратын өңірлер: Солтүстік Қазақстан облысы – 194,2 мың (35,0%), Қостанай облысы – 355,7 мың (40,7%).

Осылай халық санының өсуіне қарай қазақша оқитын балалардың саны да өсуде. 2008 жылы олардың саны 1546 мың (60,3%) болса, 2018 жылы бұл көрсеткіш 2515,9 мың оқушыға жетті (65,5%). Ең көбі Түркістан облысында – 364,7 мың оқушы (77,7%), Алматы облысында – 288,1 мың (73,0%), Жамбыл облысында – 171,2 мың (72,6%), Қызылорда облысында – 142,0 мың (91,4%), Шымкент қаласында – 133,9 мың (66,8%), Алматы қаласында – 125,6 мың (43,6%), Маңғыстау облысында 122,1 мың (86,6%) бала қазақша оқиды.

Ал ең төменгі көрсеткіш Солтүстік Қазақстан облысы бойынша – 19,7 мың оқушы (27,2%), Қостанай облысында – 43,0 мың (40,0%), Павлодар облысында – 45,8 мың (44,2%), Ақмола облысында – 59,3 мың оқушы (47,9%).

Қуантатын бір жағдай – осы соңғы он жыл ішінде қазақша оқитын балалардың саны Ақмола облысында 16,6 мыңға өскен, ал Қостанай облысында 13,1 мың оқушы қосылған.

Қазақ мектептерінің ең көбі Түркістан облысында. Елордамыз Нұр-Сұлтан қаласында да қазақ мектептері қарқынды дамуда. 2008 жылы астанамызда қазақша оқитын балалар саны 38,2 мың (54,7%) болса, 2018 жылы олардың саны 166,2 мыңға (57,3%) дейін көтерілді. Демек, он жылда қазақша білім алатын өрендеріміздің саны бас қаламызда 57 мыңға көбейген, бұл дегеніңіз қатарға 100 жаңа қазақ мектеп қосылғанмен бірдей. Бұл – Шымкент қаласынан кейінгі екінші көрсеткіш (+ 65,8 мың).

Соңғы он жылда елдегі жалпы мектеп саны 2008 жылы 5867-ні құраса, 2018 жылы 7893-ке жетті, ал қазақ мектептері 3836 болса, он жылдан кейін 3797-ге төмендеген. Осы мерзімде қазақша оқитын балалардың саны 969,9 мыңға өскен. Сонда әр қазақ мектебіндегі оқушылардың саны 2008

жылы 403,8 баланы құраса, 2018 жылы орта есеппен алғанда бір мектепте 662,6 бала оқыды деген сөз. Демек, бір қазақ мектебіндегі балалардың саны он жылдың ішінде 258,8 оқушыға өскен. Бұл көрсеткіштер мектептердің ірілендіріліп, қосылып, жаңа үлкен мектептер ашылып, шағын мектептердің азайғанын көрсетеді.

Қазақ мектептерінің ең көбі Түркістан облысында – 705, Алматы облысында – 441, ШҚО-да – 344, Жамбыл облысында – 314, Қызылорда облысында – 273, Ақтөбеде – 263, Батыс Қазақстан облысында – 257, Қарағанды облысында – 230, Ақмола облысында – 160, Павлодар облысында – 140, Атырау облысында – 138, Маңғыстау облысында – 130, Қостанай облысында – 120, Солтүстік Қазақстан облысында – 118, Алматы қаласында – 76, Шымкент қаласында – 57, Нұр-Сұлтанда – 31.

Он жылда сегіз өңірде қазақ мектептерінің саны 181-ге өскен. Алматы облысында 48 мектеп қосылған, Маңғыстау облысында – 31, Алматы қаласында – 25, Шымкент қаласында – 24, Түркістан облысында – 22.

Осы мерзімде тоғыз өңірде 193 шағын қазақ мектебі қысқартылған. Оның ішінде Шығыс Қазақстан облысында – 38 мектеп, Ақтөбе облысында – 35, Батыс Қазақстан облысында – 32, Солтүстік Қазақстан облысында – 29, Қостанай облысында 22-ге азайған.

Аралас мектептер мәселесі – уақытша шешім. Демографиялық, этникалық, ұлттық саясатқа байланысты еліміздің барлық өңірінде соңғы он жылда аралас мектептердің саны 2147-ден 2255-ке өскен. Ең көп аралас мектебі бар өңірлер: Алматы облысы (319), Ақмола облысы (224), Қарағанды облысы (196), Түркістан облысы (192), Шығыс Қазақстан облысы (185) және Павлодар облысы (165).

Осы аралас мектептерде 2018 жылы республика бойынша 1380 мың оқушы білім алды, соның ішінде 691,7 бала қазақша оқитындар. Аралас мектептерде ана тілінде

оқытындардың көбісі Алматы облысында – 138,5 мың, Жамбыл облысында – 66,6 мың, Түркістан облысында – 72,4 мың, Шымкент қаласында – 66,6 мың, Қарағанды облысында – 47,1 мың, Ақтөбе облысында 35,8 мыңға жеткен. Сол балалардың жалпы саны бір мың қазақ мектебін құрайды екен.

Иә, түрлі себептермен аралас мектептер саны өсіп келе жатыр. Оған бюджеттің тапшылығы, жоспарлаудағы кемшіліктер, туындаған мәселелерді жеңіл әрі тез шешуге ұмтылу сынды жайттар себеп болуда. Жергілікті басқару орындары болашақта бұл мектептерді бірыңғай қазақ мектебі дәрежесіне ауыстыру жолдарын іздестіруі қажет.

Соңғы жылдары қазақ, орыс, ағылшын тілінде оқытатын аралас мектептер қатары да көбеюде. 2007-2008 жылдары пилоттық жоба бойынша осындай үш тілді 33 мектеп болса, қазір олардың саны 117-ге жеткен. Онда 63 мың бала оқиды, бұл еліміздегі барлық оқушының 2,3%-ын құрайды. Осы мектептерде сабақ беретін мамандар дайындау жұмыстары да қолға алынды. 42 жоғарғы оқу орнында үш тілді дамытатын жүйеге байланысты ағылшын бөлімдері ашылды. Бұл тұрғыда біраз сын айтылған соң, бұған да өзгерістер енгізіліп жатыр.

Өзге ұлттың балалары да қазақша оқи бастады. Қазақстан – көпұлтты ел. Оның көрінісін ұлттық мектептердің дамуынан көруге болады. Елімізде 3717 қазақ, 1312 орыс, 12 өзбек, 11 ұйғыр, 1 тәжік мектебі және 5 басқа ұлттың мектептері бар. Оларда 2385,9 мың қазақ, 392,7 мың орыс, 129,9 мың өзбек, 51,9 мың ұйғыр, 32,6 украин, 25,7 әзербайжан, 24,1 татар, 17,1 кәріс, 15,6 түрік, 11,2 тәжік, 6,2 қырғыз, 60,2 басқа ұлттардың балалары оқуда. Соңғы он жылда қазақ оқушылары 556 мыңға өскен, орыс оқушылары – 16 мыңға, өзбек – 27,6 мыңға, ұйғыр – 7,8 мың, әзербайжан – 5,4 мың, кәріс – 2,9 мың, тәжік – 2,9 мың, қырғыз – 1,8 мың, түрік 0,5 мыңға көбейген. Керісінше, украиндық оқушылар саны 5,5 мыңға, татарлар 0,05 мыңға төмендеген.

Демография, миграция, мектептерді ірілендіру, үлкен мектептер ашу сынды жаңалықтар мектептер санына да елеулі өзгерістер әкелді. Мысалы, орыс мектептерінің он жылда 573-і қысқарған, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында – 190, Павлодар облысында – 76, Қостанай облысында – 64, Қарағанды облысында – 55, Ақмола облысында 53 орыс мектебі қысқартылған. Ал осы мерзімде республика көлемінде орыс мектептеріндегі оқушылардың саны 16 мыңға өскен. Сонда әрбір орыс мектебінде 2008 жылы оқитын оқушылар саны 199 бала болса, он жылдан кейін, яғни 2018 жылы ол көрсеткіш 299 балаға дейін көбейген. Жалпы, жоғарыдағы факторлардың әсерінен орыс мектептерінің көпшілігі шағын, аралас деңгейде. Ал өзбек, ұйғыр мектептері іріленіп келеді. Мұндай мектептер қысқарып, оқушылардың саны өсуде, өзбек мектептерінің саны 63-тен 12-ге дейін азайса, өзбек оқушылары 27 мыңға өскен, ұйғыр мектептері 15-тен 11-ге азайса, оқушылар саны 7,8 мыңға өскен.

Еліміздің білім саласындағы бір ерекшелік, басқа ұлттың өкілдері соңғы жылдары қазақ, орыс мектептерін тандауда. 130 мыңнан астам басқа ұлттардың баласы қазақ мектептерінде, ал 85,5 мың өзге ұлттардың баласы орыс мектептерінде білім алуда.

Түйінді мәселелер де жоқ емес. Қазіргі жаһандану заманында әр елдің жауапкершілігі, міндеттері еселене өсуде. Дүние жүзінде қазақ халқы 15 млн.-нан асты. Соған сай сан мен сапа пара-пар болуы тиіс. Бүгінгідей бәсеке заманында әр азаматтың қабілеті зор болуы керек, яғни білім-білік сынды қасиеттер жекелеген ерекше адамдарда ғана емес, барлығымыздан табылғаны абзал, ол – уақыт талабы. Ал жақсы білімнің негізі мектеп қабырғасында қаланатыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі таңда қазақ мектептерінде көптеген тың жаңалықтар, атап айтсақ, жаңа оқулықтар, жаңа бағдарламалар, жаңа методикалық оқу құралдары енгізілуде. Дамыған елдердің тәжірибелері де

соңғы жылдары біздің қазақ мектептерінде кеңінен пайдаланылуда. Мысалы, барлық Назарбаев зияткерлік мектептерінде қазақ сыныптары бар. Жыл сайын педагогика мамандығына 12 мың грант бөлінеді, оған қосымша әрбір жергілікті әкімдіктер өздерінің грантын береді. Педагогика мамандығы бойынша мұғалімдердің білім жетілдіретін «Өрлеу» ұлттық орталығы 2011 жылдан бері ұстаздарды ағылшын тілінде оқытатын арнайы бағдарламаны іске асырып келеді. Бұл бағдарлама бойынша 3900 мұғалім Ұлыбритания, Жапония, Испания, Португалия, Германия университеттерінде арнайы дәріс алып келді.

Дегенмен, түйінді мәселелер де жоқ емес. Ауылдағы үш ауысыммен оқытатын және апатты жағдайда тұрған мектептердің жайы өзекті. «Дипломмен ауылға», «Серпін» сынды бағдарламаларға әлі де екпін берілуі тиіс.

Қазақ мектептерінің даму кезеңінде арнайы орта білім беретін колледждерде де оң өзгерістер болып жатыр. Соның ішінде қазақ бөлімдері тез өсуде. Колледждерде қазақша оқытын студенттердің саны 289,6 мыңға жетті. Бұл барлық колледжде оқытын 489,8 мың студенттің 59,1%-ын құрайды. Ал қазір республикамыздағы 130 жоғары оқу орнында 542,4 мың студент дәріс алуда, соның ішінде қазақша оқытын студенттердің саны 350,4 мыңға жетті, бұл еліміздегі барлық студенттің 64,6%-ын құрайды.

Жеке меншік білім ошақтары. Елімізде 1992 жылдан бастап жеке меншік мектептер ашыла бастады. Бүгінгі таңда олардың саны 120-ға жеткен, соның 51-і – Алматыда, 12-сі – Нұр-Сұлтан қаласында. Алматы облысында – 8, Шымкентте – 7, Ақтөбеде – 7, Ақтауда – 5, Өскеменде – 4, Қостанайда – 4, Таразда – 3, Оралда – 3, Семейде – 2, Петропавлда – 2, Атырауда – 2, Қызылордада – 1, Қарағандыда – 1, Теміртауда – 1, Ақмола облысында — 1 жеке меншік мектеп жұмыс істеуде. Олардың көпшілігі аралас мектеп, яғни қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде оқытады. Жеке меншік мектептер арнайы бағдарламалар шеңберінде, қосымша сабақтар беру,

шет тілдерін тереңдете оқыту, әр оқушыға жеке тұлға ретінде ерекше көңіл бөлу арқылы өздеріне тартуда.

Соңғы жылдары мемлекет пен жеке меншік әріптестікті дамыту бағдарламасына сәйкес жеке меншік мектептерге мемлекеттік тапсырыстар беріле бастады. Мысалы, 2018 жылы Шымкент қаласында – 3310 орынға, Нұр-Сұлтан қаласында – 3721, Ақтөбедегі дарынды балаларға арналған «Сымбат» мектеп-интернатында 600 баланы оқытуға мемлекеттік тапсырыс берілді. Ал алдағы 2022 жылы республиканың 3 өңірінде 89 жеке меншік мектепте 56300 баланы оқытатын мемлекеттік тапсырыс берілу жоспарланып отыр. Болашақта білім саласына жеке басты қаржыландыру жүйесі іске қосылған кезде, жеке меншік мектептер саны қарқынды түрде өседі деген болжам бар.

Мұғалім – мектеп жүрегі. Соңғы он жылда қазақ мектептерінде сабақ, дәріс беретін ұстаздардың саны да өсіп келе жатыр. 2018-2019 оқу жылында барлық мектепте 338775 оқытушы жұмыс істеді, ал 2008-2009 оқу жылында бұл көрсеткіш 279982 болған. Демек, он жылда мұғалімдердің саны 58793-ке өскен.

Осы орайда бізді алаңдататын бір жағдай, соңғы жылдары ұстаздар арасында білім саласынан кету деректері көптеп кездесуде. 2016-2017 оқу жылында білім саласынан 11 704 оқытушы кеткен болса, 2017-2018 оқу жылы бұл көрсеткіш 12 154-ке жеткен. Сонда он жылдың ішінде орта есеппен 100 мыңнан астам ұстаз білім саласынан кетіп қалған. Басты себеп – жалақының төмендігі. Қазіргі таңда бұл бағытта қабылданып жатқан түрлі іс-шаралар әлі де қауқарсыз. Жыл сайын педагогика саласының маманын дайындап шығару үшін 12 мың грант беріледі. Он жылда 120 мың грант бөлінсе, 61 мың грант артығымен беріледі. Зейнет жасына, денсаулығына, отбасылық жағдайларға және басқа да түрлі себептерге байланысты бұл көрсеткіш өзгеруі мүмкін, бірақ жалпы ахуалға айтарлықтай әсер ете қоймас. Сонда жыл сайын 17,5 млрд. теңгені қосымша грантқа

жұмсағаннан гөрі, бұл қаржы мұғалімдердің жалақысына жұмсалар болса, онда жыл сайын әр ұстазға 51,5 мың теңге қосуға болар еді.

Ұстаздан қаржы аямайық. Еліміздегі барлық саланы экономикалық жағынан саралап келгенде, айлық жалақысының төмендігі жағынан мұғалімдер ең соңғы орында орналасқан. Сондай-ақ, бұл көрсеткіш көп жыл бойына өз орнынан мызғымай, сақталып келеді. Бұл мәселені оңтайлы шешу үшін түрлі жол іздестірілуде. Солардың бірі – Ұлттық дәрежелік тестілеу жүйесі. Бұл сыннан өткен оқытушылардың жалақысына 30-50% үстеме ақы төленеді. Өткен оқу жылында біліктілік сынға түсетін бұл тестілеу жүйесіне 56 910 оқытушы қатысып, 36 272-сі (63,7%) қажетті балл жинап, екінші турға өткен.

Қазіргі дайындалып жатқан, педагог-мұғалім дәрежесін көтеруге арналған Заң жобасы осы негізгі жалақы мәселесін түбегейлі шешуі керек. Бюджетте мұғалімдердің төлемақысының деңгейін нақты белгілеп, инфляциядан қорғайтын коэффициенттер ескеріліп, шешімін заңды түрде енгізіп, бекітетін уақыт келді.

Адам капиталы туралы соңғы жылдары көп айтып келеміз. Оның маңыздылығын, стратегиялық орнын бәріміз білеміз. Ендеше, бүгінгі таңда адам капиталының негізін қалайтын, яғни мектеп оқушыларын сапалы оқытып шығаратын мұғалімдердің жалақысы бюджеттің стратегиялық, экономикалық, әлеуметтік қауіпсіздігі міндетін атқаратын категориясы деп қарау керек. Егер бюджеттен жылына 1,2 трлн. теңге оқытушылардың жалақысына жұмсалатын болса, ол экономикадағы сұранысты осы көлемге ұлғайтумен бірдей деген сөз. Осы уақытқа дейін біз өндірушілерді қолдап келсек, енді тұтынушыларды да қолдайтын кез жетті. Яғни экономиканың екі жағын теңестіретін уақыт келді, былайша айтқанда, біз осы мәселеге келіп тірелдік. Мұны шешпей әрі қарай жылжу мүмкін емес деп ойлаймын.

Білім саласында біз атқарар, қолға алар жұмыс өте көп. Мектептердің, оның ішінде мақаламыздың басында айтып кеткен қазақ мектептерінің алдында тұрған орасан жұмыстар шаш-етектен. Соның ішінде ең басты міндеттеріміздің бірі – жаңашыл, болашаққа бейімделген, отансүйгіш, алғыр, бәсекеге қабілетті, кез келген қиындыққа дайын жас буын дайындау.

Қазақ мектептерінің санын көбейтіп қана қоймай, ондағы жеткіншектерді қазақ әдебиеті, Қазақстан тарихы, мәдениеті мен өнері сынды құндылықтарымызға тереңдете, сапалы оқыта білуіміз керек. Олар – біздің болашағымыз. Қазақстанды Мәңгілік ел ететін сол өрендер. Сондықтан мемлекет мұғалім мәртебесін көтеруі тиіс. Баламызға қалам-дәптер ұстатып, әріп танытып, одан әрі оқытып, азамат етіп шығарып, үлкен жолға салатын ұстаз деген қауымнан қаржыны аямауымыз керек, жалақысын көтеру қажет. Бұл үшін біздің әлеуетіміз жетеді деп ойлаймын.

Демография, миграция, мектептерді ірілендіру, үлкен мектептер ашу сынды жаңалықтар мектептер санына да елеулі өзгерістер әкелді. Мысалы, орыс мектептерінің он жылда 573-і қысқарған, соның ішінде Солтүстік Қазақстан облысында – 190, Павлодар облысында – 76, Қостанай облысында – 64, Қарағанды облысында – 55, Ақмола облысында 53 орыс мектебі қысқартылған. Ал осы мерзімде республика көлемінде орыс мектептеріндегі оқушылардың саны 16 мыңға өскен. Сонда әрбір орыс мектебінде 2008 жылы оқитын оқушылар саны 199 бала болса, он жылдан кейін, яғни 2018 жылы ол көрсеткіш 299 балаға дейін көбейген. Жалпы, жоғарыдағы факторлардың әсерінен орыс мектептерінің көпшілігі шағын, аралас деңгейде. Ал өзбек, ұйғыр мектептері іріленіп келеді. Мұнда мектептер қысқарып, оқушылардың саны өсуде, өзбек мектептерінің саны 63-тен 12-ге дейін азайса, өзбек оқушылары 27 мыңға өскен, ұйғыр мектептері 15-тен 11-ге азайса, оқушылар саны 7,8 мыңға өскен.

Жанғара Дәдебаев,
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
Абай ғылыми институтының
директоры, филол.ғ.д., проф.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУДЫҢ ЗАМАНАУИ НЕГІЗДЕРІ

Негізгі орта білім, жалпы орта білім беру ісінде міндетті түрде басшылыққа алынатын басты мемлекеттік нормативтік құжаттар бар. Олар – «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» және «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты». «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары осы стандарттар негізінде жасалды.

Аталған стандарттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген. 2018 жылы 31 қазанда Білім және ғылым министрінің № 604 бұйрығымен аталған стандарттардың жаңа буыны бекітілді, бұрынғы стандарттар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 895 қаулысымен күштерін жойды.

Аталған стандарттарда білім беру мақсаттары білім беру аяқталғанда күтілетін нәтижелер түрінде анықталған. Ол нәтижелер нақты күзiреттiлiктер түрінде көрсетiлген: 1) бiледi; 2) түсiнедi; 3) қолданады; 4) талдайды; 5) жинақтайды; 6) бағалайды.

Стандарттарда, олардың негiзiнде жасалған үлгiлiк оқу бағдарламаларында бiлiм беру iсi аяқталғанда күтiлетiн нәтижелердi анықтау үшiн, оны дамытуды ақпараттандыру үшiн қолданылатын негiзгi бағыт – Блумның таксономиясы (1956). Стандарттарда, үлгiлiк оқу бағдарламаларында белгiленген мақсаттар мен нәтижелер Блум таксономиясының 1956 жылғы иерархиялық жүйесiне сай

анықталған. Ол жүйе мынадай: 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану; 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау. Бұлар – білім алушылардың танымында кезең-кезеңімен қалыптасатын ойлау дағдыларының, білім алушылардың оқу материалдарын меңгеруінің танымдық деңгейлері. Осындағы 1) білу; 2) түсіну; 3) қолдану – үш сатыдан тұратын әуелгі деңгейдегі таным дағдылары. Бұл деңгейдің практикалық сипаты басым. Ал кейінгі 4) талдау; 5) жинақтау; 6) бағалау – үш сатыдан тұратын жоғары деңгейдегі ойлау дағдылары.

1995-2000 жылдары Л.Андерсен мен Д.Кратвол басшылығымен жұмыс жасаған психологтардың тобы 2001 жылы Блум таксономиясының жаңартылған нұсқасын өндіріске енгізді. Жаңартылған нұсқада *білу – есте сақтау* болып аталды, *жинақтау жасау* деп аталды. Танымдық дағды деңгейлері танымдық процесс деңгейлері ретінде мына жүйеде нақтыланды: 1) есте сақтау (*помнить*), 2) түсіну (*понимать*), 3) қолдану (*применять*), 4) талдау (*анализировать*), 5) бағалау (*оценивать*), 6) жасау (*создавать*).

Қазақстанның білім беру саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, олардың негізінде жасалған оқу пәнінің үлгілік оқу бағдарламаларында, оқулықтарында Блум таксономиясының 1956 жылғы жүйесі қолданылды, 1995-2000 жылдары айналымға түскен жаңартылған жүйесіне білім басындағылар әзірге мән бере қойған жоқ.

Білім алушылардың ойлау құзіреттілігін қалыптастыру мен дамыту ісінде Блум таксономиясында негізделген алты танымдық құзіреттіліктің әрқайсысының өмірлік маңызы бар. Олар өзара сатылы түрде сабақтасқан. Бір деңгейге көтерілмейінше келесі деңгейге асу мүмкін емес. Мысалы, *қолдану* үшін *түсіну* шарт, *түсіну* үшін *білу*, *білгенді есте сақтау* шарт. Білу, білгенді есте сақтау болмаған жерде қалған танымдық дағдыларға орын жоқ. Бұл дағдылардың әрқайсысының қалыптасу деңгейі білім

алушының *тыңдау* (тыңдалым), *айту* (айтылым), *оқу* (оқылым), *жазу* (жазылым) сияқты түрлі нақты еңбек-әрекеттерінің нәтижелері арқылы анықталады.

Білім алушылардың оқудағы жетістіктері бойынша күтілетін нәтижелерді оқу мақсаты түрінде тұжырымдап бекітуге үлкен мән берілді. Блум таксономиясының иерархиялық жүйесін нақты пәннің мазмұнымен, оқытудың мақсаттарымен, оқытудан күтілетін нәтижелермен, оқушылардың оқу жетістігі деңгейлерінің сипатымен үйлестіру бағдарламаны, бақылау-бағалау құралдарын жасаушылардан да, оқулық авторларынан да, мұғалімдерден де үздік кәсіби біліктілікті талап етеді.

Білім беру ісінде Блум таксономиясының бұрынғы 1956 жылғы үлгісін қабылдадық. Соған сәйкес білім алушылардың танымында кезең-кезеңімен қалыптасатын ойлау дағдылары, оқу материалдарын меңгеруінің танымдық деңгейлері оқу мақсаттары таксономиясы түрінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда бекітілді.

Ендігі тұста мемлекеттік стандарттарда бекітілген осы жүйенің негізінде пәннің үлгілік оқу бағдарламаларын жасау керек еді. Пәннің үлгілік оқу бағдарламалары жасалды, бірақ оларда (5-9, 10-11-сыныптарға арналған оқу бағдарламаларында) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда бекітілген танымдық дағдыларды қалыптастыру, дамыту мақсаттары, оқу мақсаттары таксономиясы бұрмаланды. Мемлекеттік стандарттардағы *Білу*, *қолдану* сияқты танымдық деңгей дағдылары бағдарламаны жасаушылар мен бекітушілердің назарынан тыс қалды. Блум таксономиясындағы *Білім*, *білу* аталған стандарттарда оқыту мақсаттары жүйесіндегі бастапқы саты ретінде қабылданған. Ол жоқ жерде қалған бес танымдық дағдыны қалыптастырмақ болу – әурешілік.

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында анық көрсетілген танымдық сипаттағы дағдылардың біразы «Қазақ әдебиеті» пәнінің

бағдарламаларында қолданылмай, олардың орнына *жауап беру, интерпретация, салыстыру* дегендер қосылған.

Оқу мақсаттарының жүйесін өзіміз жасай алмадық, мемлекеттік стандарт деңгейінде Блумның таксономиясын қабылдадық. Білім мен ғылым саласын басқарушылар оқу мақсаттарының жүйесін өздері жасай алмай, Блумның таксономиясын мемлекеттік стандарт деңгейінде қабылдап отырып, оны дұрыс қолдана алмады. Нәтижесі дұрыс болмады.

Жаңартылған бағдарламаларда оқыту мақсаттары 1) «Түсіну және жауап беру», 2) «Анализ және интерпретация», 3) «Бағалау және салыстыру» деп, үш топқа бөлініп жүйеленді. Бұлардың алғашқы сыңарлары Блумның таксономиясындағы басты құрамдастар, қалған үшеуін бағдарламаны құрастырушылар мен бекітушілер қосқан. Бұл – білім берудің тарихы мен теориясында, оқыту мақсаттары бойынша ғылым мен білім қорында қалыптасқан, білім беру өндірісінде стандарттық деңгейде кеңінен қолданылып отырған ғылыми-әдістемелік, психологиялық, танымдық, нормативтік жүйе негізінен ауытқудың көрінісі.

Таным деңгейлері арасындағы иерархиялық жүйені бұзу жүйесіздікке әкеліп соқпай қоймайды. Оның үстіне мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттар қазақ тілінде «талдау» деп анық көрсеткен атаудың пәннің үлгілік оқу бағдарламасында «анализ» болып берілгені, оған «*интерпретация*» секілді атаудың тіркескені қазақ әдебиеті үшін де, қазақ әдебиеттануы үшін де, қазақ тілі үшін де жетістік емес, кемістік.

Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын қолдану оқытудан күтілетін нәтижелер түрінде көрсетілген білім беру мақсаттарының жүйесіне қол жеткізу арқылы оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған. Оқыту мен тәрбиелеудің сапасын арттыруға бағытталған білім мазмұны осы мақсатты нәтижелерден түзіледі. Енді «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу

бағдарламаларындағы осындай 14 мақсаттың бірінің сипатына назар аударайық. *«Анализ және интерпретация»* бөлімінің құрамындағы бес бөлімшенің бірі – *Автор бейнесі* деп аталады.

Автор бейнесі бөлімшесінде білім алушылар үшін 10-11-сыныптарда мынадай нақты оқу мақсаттары қойылған:

1) 10-сыныпта «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау» / «автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісін анықтау» қажет.

2) 11-сыныпта «автор бейнесінің шығарманың негізгі идеясымен байланысын айқындау» / «шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын ашу» шарт.

5-9-сыныптардаға оқу мақсаттары мынадай:

3) 5-сыныпта *«эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтауға»* тиіс, 6-сыныпта *«эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтайды»*.

Әдеби шығармаларды бұлайша *«эпикалық, поэзиялық шығармалар»* деп топтау – қателік. Білім мазмұны, әдеби-теориялық ұғымдар деңгейіндегі қателік. Білетін маманға *«эпикалық шығармалар»* қатарында поэзиялық шығармалар да болатыны, ал *«поэзиялық шығармалар»* қатарында эпикалық шығармалар да болатыны белгілі.

4) білім алушылардың алдына 7-сыныпта *«эпикалық, поэзиялық, драмалық шығармадағы автор бейнесін анықтау»* мақсаты қойылады. Бұл да қате. Білім мазмұны, әдеби-теориялық деңгейіндегі қате. Өйткені сөз өнері, көркем әдебиет туындыларын *«эпикалық, поэзиялық, драмалық»* деп топтастырылмайтыны Аристотель заманынан бері белгілі.

5) 8-9-сыныптардағы мақсат – «автор бейнесі мен кейіпкерлер қарым-қатынасының тілдік көрінісін талдау», «автор бейнесінің идеялық-стистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау»

«Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламаларының он төрт мақсатының біреуін мысалға келтірдік. Енді осы мысалға алынған мақсаттың жайына назар аударайық.

«Автор бейнесі» – нейролингвистикадағы, психопозтикадағы күрделі, қиын мәселе. Әдеби шығармада автор бейнесі затты келбетімен көрінбейді, имплицитті. Оны білудің, оның мәнісін түсінудің, оны оқытудың жолдары әдебиеттану, педагогика ғылымдарында осы күнге дейін нақты анықталған емес. Оқытылатын әдеби шығармада затты келбеті көрініп тұрмаған, дерексіз, қиялдағы бейнені анықтау дағдысын қалыптастыруды мақсат ету білім алушылардың қияли болуына ықпал етуі ықтимал. Автор бейнесін анықтау әл-Фараби сипаттаған «әрекетшіл ақыл-парасат» деңгейінде, іргелі теориялық ойлау деңгейінде ғана мүмкін болмақ. Бұл – кәсіби зерттеушілердің ісі.

«Автор бейнесін анықтау» деп аталып отырған оқыту мақсатының орындалуы да қайшылықты. Мысалы, 5-сыныптағы «Керкұла атты Кендебай» ертегісін, «Қобыланды батыр» жырын, «Асанқайғының жерге айтқан сынын» оқытуда *Анализ және интерпретация* бөлімі бойынша мынадай мақсаттар қойылады:

5.2.2.1 – *эпикалық шығармадағы автор бейнесін анықтау.*

5.2.4.1 – *көркем шығармадан алған әсерін сипаттап, авторға хат, өлең жазу...*

«Керкұла атты Кендебайды», «Қобыланды батырды», «Асанқайғының жерге айтқан сынын» оқытуда мұндай оқу мақсаттарын қоюға қандай ғана жанның ақылы жетті екен.

Білім алушы да, білім беруші де, тіпті осы жаңартылған бағдарламаны бекіткендер де аталған шығармалардан алған әсерін сипаттап, авторға хат жаза алмайды, жазуы мүмкін емес. Ақиқаты осы. «*Автор бейнесіне*» қатысты оқудағы мақсат та, ол мақсатқа жеткенде күтілетін нәтиже де негізсіз, мағынасыз, мәнсіз.

Пәнді оқытуда білім алушының, білім берушінің алдына орындалмайтын, орындау мүмкін болмайтын мақсат қою және сол мақсатқа жетуді талап ету – білім алушының ақыл-ойына бағытталған зорлық, қиянат, зиянкестік. Оқу пәні бойынша білім мазмұнын бұлайша жаңартуға болмайды.

Енді мынаған назар аударайық, «*Автордың бейнесі*» деген ұғым, атау мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда жоқ. Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда «*Автордың бейнесі*» ұғымына қатысты оқу мақсаты қойылмаған.

«Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша, білім алушы *шығармадағы автордың көзқарасын түсінеді*. «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» бойынша, білім алушы *а) шығарма авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді біледі, ә) автордың ұстанымын түсінеді*.

Мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда білім алушылардан автор ұғымына қатысты осы аталған мақсатты нәтижелер талап етіледі: *а) шығарма авторларының өмірлік және шығармашылық жолы туралы негізгі деректерді білу, ә) автордың көзқарасын, ұстанымын түсіну*.

Мемлекеттік стандарттардың талаптарын орындау жалпыға міндетті. Оқытудан күтілетін нәтиже түрінде мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда көрсетілген осы мақсаттарды назардан тыс қалдырып, олардың орнына білім алушылардан *автордың бейнесін анықтауды* талап етуі дұрыс емес. Оқытуда бұрыс мақсатты көздеу білім алушыны адастырумен бірдей.

Үлгілік оқу бағдарламалары мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес әзірленеді. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында *авторға* қатысты оқытудан күтілетін нәтижелер қандай екені көрсетілді. Стандарт бойынша

оқытудан күтілетін нәтижелер – оқу мақсаттарын, білім мазмұнын анықтаудың негізі. «Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламаларындағы «Автор бейнесін анықтау» мақсаты стандарттарда көрсетілген мақсаттарға, нәтижелерге сай келмейді.

Білім беру аяқталғанда, оқытудан күтілетін нәтижелер «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында», «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында» алты топқа бөлініп жүйеленген. Пәннің оқу бағдарламасының мазмұны, оны ұйымдастыру, оқытудың мақсаттары мен міндеттері, әдістері мен амалдары, бақылау-бағалау жүйесі оқытудан күтілетін осындай нәтижелермен үндесуі шарт. Пән бағдарламаларында оқыту мақсаттары оқытудан күтілетін нәтижелерге тікелей қатысты қойылуға тиіс, оқыту нәтижелері оқыту мақсаттарына сай болуы керек. Білім беру ісінің оқытудан күтілетін нәтижелерге бағытталуы туралы мемлекеттік ұстанымның мәнісі сонда.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламалары және олардың негізінде дайындалған оқулықтардың жайы 2018 жылдың наурызында осындай күйде еді. Бұл жайындағы ойларымызды біз сол кезде бұқаралық ақпарат құралдарында айттық. Бірақ білім беру стандарттарын жасаушылар да, үлгілік оқу бағдарламаларын жасаушылар да өз сөзінен басқа сөзді ұқпады.

2018 жылы 31 қазанда (БҒМ № 604 бұйрығымен) білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті жаңа білім беру стандарттары жаңадан бекітілді. Ол стандарттарда, бұрынғыша, Блум таксономиясының 1956 жылғы үлгісі қолданылды. «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттарының жүйесі сол бұрынғы қалпында, оқулықтар да сондай.

7-сыныпта оқитын немеремнің қазақ әдебиеті оқулығынның титул парағынан кейінгі бірінші (кітап беттеуі бойынша 3-бет) бетіндегі кестеге көзім түсті. Кестеде «Күлтегін» жырының тұсында оның авторы көрсетіліпті. Көрсетілген автор – халық. Осы кестеде «Көксерек» те тұр екен. Оның жанры *әңгіме* болып көрсетіліпті. 10 сыныпта Ә.Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романы повесть болып оқытылуда.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізілді. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарында «Б.Мұқай. «Өмірзая» романы, Лира Қоныс. «Тиын» әңгімесі» деген жол «Б.Мұқай. «Өмірзая» романы, Ерболат Әбікен «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесі» болып өзгертілді. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10 - 11-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асыру бойынша ұзақ мерзімді жоспарында «М.Мағауин. «Шақан-шері» романы, Ш.Айтматов. «Боранды бекет» романы, Ұ.Есдәулетов. «Біз түркілерміз» деген жол «М.Мағауин. «Шақан-шері» романы, Ш.Айтматов. «Алғашқы ұстаз» повесі, Ұ.Есдәулетов. «Біз түркілерміз» болып өзгертілді. Үлгілік оқу бағдарламасының мәтіні өзгермеді, онда оқытылатын шығармалардың тізімі өзгеріссіз қалды. Білім алушылар үлгілік оқу бағдарламасы бойынша Лира Қоныстың «Тиын» әңгімесін, Ш.Айтматовтың «Боранды бекет» романын оқиды, үлгілік оқу бағдарламасын жүзеге асырудың ұзақ мерзімді жоспары бойынша Лира Қоныстың «Тиын» әңгімесін оқымайды, Ерболат Әбікеннің «Пәтер іздеп жүр едік» әңгімесін оқиды, Ш.Айтматовтың

«Боранды бекет» романын оқымайды, «Алғашқы ұстаз» повесін оқиды.

Жоғарыда талданып, сараланған жайлардан «Қазақ әдебиеті» пәнінің негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлеріне арналған жаңартылған мазмұндағы бағдарламаларының мазмұны туралы бірнеше тармақтан тұратын қорытынды ой өріліп шығады. Мен солардың бәрін емес, біреуін ғана көрсеттім. Ол мынадай:

«Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары, олардың негізінде жазылған оқулықтар «Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» мен «Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» талаптарына сай келмейді.

«Қазақ әдебиеті» пәнінің бағдарламалары мен оқулықтарының 2019-2020 оқу жылындағы күйі осындай. «Алдындағы келер заман» не дайындап тұр?

Қазақ әдебиетін қазақ халқының баламасы жоқ байлығы, ұлттық рухани құндылығы ретінде қорғайтын, сақтайтын, насихаттайтын, дамытатын, ел игілігіне айналдыратын, оны оқу мен оқытуға жанашыр болатын, жоқтаушы, сұраушы болатын екі мекеменің бірі қалғып, бірі мүлгіп отырса да, жағдай түзелер деп үміт еттік. Сарғайған үмітпенен әлі отырмыз.

Гүлжаһан Орда,
М.О.Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

XX ғасырдың басында Ж.Аймауытұлы педагогикалық оқу орны мен бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «Тәрбиеге жетекші» (1924) еңбегінде: «Ескі мектеп жоғалып, жаңа мектеп үстем болып кеткен жоқ. Қайткенмен, кері қайту болмайды; оқытудың ескі жолы бірте-бірте шегініп, жаңалыққа орын беруі сөзсіз; өмір, тұрмыс, заман, ғылым ағымы жаңалықты, өзгерісті еріксіз орнатады; мектеп өміріне өзгеріс не ерте, не кеш кіреді. Бірақ жаңа жолмен бала оқыту көп тараулы білім, тапқыр ақыл, озық тәжірибе тілейтін сықылды», – деген болатын. Осылайша Алаш арыстары жаңа оқулық жазуға кіріскені тарихтан белгілі. Ж.Аймауытұлының «Психология», «Жан жүйесі мен өнер таңдау», 2 сынып оқушыларына арналған «Жаңа ауыл» (1929), М.Жұмабайұлының «Бастауыш мектепте – ана тілі» (1923), «Сауатты бол» (1926), «Қызыл әскер әліппесі» (1926), «Педагогика» (1923), Қ.Кемеңгерұлының «Қазақша-орысша тілмаш» (1925), «Жавропалықтар үшін оқу құралы» (1929), «Жат тіл оқыту әдісі» (1927), Міржақып Дулатұлының «Есеп құралы: бірінші жылдық» (1922), «Есеп құралы: екінші жылдық» (1927), Ә.Ермековтің «Ұлы математика курсы. Аналитикалық геометрия мен дифференциал және интеграл есептеу негіздері» атты оқулығы (орыс тілінде «Курс высшей математики основы аналитической геометрии дифференциального интегрального исчисления»), «Қазақ тілінің математика терминдері» атты сөздігі мен оқу-әдістемелік еңбектер жазылған болатын.

«Ә.Бөкейханов астрономия мен жағрафия, М.Жұмабаев педагогика, Х.Досмұхамедов анатомия мен зоология, Ж.Аймауытов психология мен дидактика, А.Байтұрсынов, Е.Омаров, Н.Төреқұлов тіл білімі, М.Әуезов әдебиет саласына қалам тербесе, М.Дулатов, С.Қожанов, Ә.Ермеков математикаға ден қойған, Ф.Ғалымжанов – физика, Б.Сәрсенов – геометрия, И.Тұрғанбаев – арифметика, Қ.Кемеңгерұлы – жаратылыстану пәндері бойынша оқулықтарды қазақ тіліне аударған. Т.Шонанов та тәржімашы ретінде көрнекті жұмыстар атқарды. Ол А.Богдановтың «Курс политэкономии» деген кітабын 1924 жылы қазақша шығарып, оқушыларға пән терминін түсіндіру мақсатында аудармаға тұңғыш орысша-қазақша сөздігін қоса берген деген дерек бар» (Әлімхан Ермеков. «Ұлы математика курсы» // <https://abai.kz/post/8214>).

Сол сияқты ХХІ ғасыр басында да әлемдегі озық тәжірибелер Қазақстандық оқу жүйесіне енгізілуде. Қазіргі таңда орта және жоғары мектептер Блум таксономиясы бойынша оқытылып, PISA (Programme for International Student Assessment), TIMSS сияқты оқушылардың функционалдық сауаттылығын тексеру мен бағалаудың халықаралық бағдарламасына енді. Бұлар оқушылар қабілетін тексеру мен бағалаудың әлемдегі озық бағдарламасы ретінде танымал. Осы бағдарламалар бойынша мектеп мұғалімдері соңғы жылдары деңгейлеп оқыту, жаңартылған білім мазмұнын игеру үшін біршама семинарларға қатысып білімдерін жетілдірді, біліктіліктерін арттырғанына үстеме еңбекақы алуда. Жаңа бағдарламаны оқу жүйесіне енгізу оңай шаруа емес екені тарихтан белгілі. Ол көп ізденуді, ыждағаттылықты, білімді қажет етеді.

Қазақстанның болашағы бастауыш, орта және жоғары мектепте қаланатын болғандықтан, қазіргі таңда мектеп оқулықтарындағы олқылықтар қоғамның өзекті мәселесіне айналды. Мектеп оқулықтарын жазу үшін бірінші кезекте оның бағдарламасы жасалады. Ал, бағдарламаны кімдер

жасағаны жөнінде ақпарат жоқ. Себебі бағдарлама ұжымдық еңбек болғандықтан, онда оқулықтағыдай авторлар көрсетілмейді. Сонда кемшілікті оқулықтан емес, бағдарламадан іздеу керектігін ұмыт қалдырамыз.

Жаңартылған білім беру бағдарламасының мақсаты – «азамат ретінде өз көзқарастарын қалыптастыруда және мінез ерекшеліктері мен құндылықтарын, жеке дағдыларын дамытуда, адамзатқа ортақ сұрақтарды зерттеуде әдебиеттің маңыздылығын айқындай білуді және түсінуді үйрету. Пән мазмұнында әдебиеттің тарихпен, мәдениетпен, қоғаммен, тәрбиемен сабақтастықта меңгертілуі оқушының дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға оң ықпал етеді» деп көрсетілген.

Бағдарламаның мақсаты айқын болғанмен, тілі жұтаң, сөйлемдер шұбалаңқы. Тәжірибе барысында нәтижеге қол жеткізу оңай болмай тұр. Сондықтан аталған бағдарламаға айтылар сын да жетерлік. Ендеше осы бағдарламаның жетістігі мен кемшілігіне үңіліп көрелік:

Біріншіден, бағдарламада оқушылардың шығармашылық жұмыспен айналысуына мол мүмкіндік қарастырылған. Өткен жылы «Балдәурен-Қапшағай» республикалық оқу-сауықтыру орталығында қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдеріне арналған республикалық семинар өтті. Семинарға оқулық авторлары, сарапшылар мен мұғалімдер қатысты. Мұғалімдердің баяндамаларын тыңдау, шеберлік сыныптарын көру барысында көп нәрсені түйдік. Жаңа бағдарламаның негізгі мақсатын толыққанды түсінген мұғалімдер керемет жетістіктерге жетіп, оқушылардың шығармашылықпен айналысуына мүмкіндік жасалғанын баса айтса, екінші топтағылар оқу жүйесіне еніп кеткен жаңартылған бағдарламаның қандай мақсатқа негізделіп жасалғанынан бейхабар болып шықты.

Екіншіден, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар алдыңғы кезекке шықты. Сол арқылы сан ғасырлар бойы қалыптасқан көшпенділер өркениетін оқытуға

бет бұрдық. Кеңестік дәуір тұсында тарихымызды Қазан төңкерісінен бастағанымыз есімізде болса, бұл бағдарлама сан ғасырлық тарихымызды түгендеуге мүмкіндік берді.

Үшіншіден, саннан сапаға көшу негізге алынды. Оқулықтың бағдарламасын жасаушылар көптеген ақын-жазушылардың шығармашылығын қамтуды қажет деп таппай, әр дәуірдің көрнекті өкілдері арқылы ұлттық әдебиеттің тұтас тарихын сақтап қалуды көздеді.

Төртіншіден, пәнішілік, пәнаралық байланысқа арнайы көңіл бөлініп, тапсырмалар берілді. Бұл үрдіс XX ғасыр басында алаш арыстары шығарған мектеп оқулықтарында да бар болатын. Оған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатында жазылған А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Е.Омаров, Н.Төреқұлов, М.Дулатов, С.Қожанов, Ә.Ермеков, Ф.Ғалымжанов, Б.Сәрсенов, И.Тұрғанбаев, Қ.Кемеңгерұлы, Т.Шонанов, т.б. оқу құралдарынан мысалдар келтіруге болады.

Бесіншіден, Блум таксономиясы бойынша қарапайымнан күрделіге қарап оқыту көзделген. ««Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, дағдыларды қалыптастыратын бөлімшелерден тұрады».

Бұл айтылғандар жаңартылған білім беру бағдарламасының жетістіктері ретінде танылмақ. Осы айтылған мәселелердің жүзеге асуы қалай? Білім жүйесінде неден ұттық, неден ұтылды? деген сауалға үңілетін болсақ, ұтқанымыздан ұтылғанымыз көп болып тұр:

Біріншіден, пәннің мақсатында көрсетілген қарапайымнан күрделіге қарай оқыту бағдарламада сақталмаған. Халық ауыз әдебиеті тұрмыс-салт жырлар сияқты шағын жанрдан басталып, эпосқа қарай оқытылу керек еді. 5-сыныпта «Қобыланды батыр» жырын, 7-сыныпта Орхон-Енисей ескерткіштерін оқыту балалардың жас

ерекшелігін ескермегендікті байқатады. Сол сияқты орта сыныпта поэма, роман оқыған оқушылар жоғары сыныпқа барғанда шағын өлең мен әңгіме оқиды (7-сыныпта М.Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасын, 9-сыныпта І.Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасы оқыған бала 10-сыныпта Ұ.Есдәулетовтің «Біз түркілерміз», 11-сыныпта С.Сейфуллиннің «Сыр сандық», Қ.Аманжолов «Өзім туралы», Т.Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңін оқумен шектеледі. 8-сыныпта М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы оқытылса, 10-сыныпта Ш.Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі оқытылады).

11-сыныптың «Пайым мен парасат» атты 2-тоқсанында С.Елубайдың «Жалған дүние» романы мен Қ.Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңі оқытылады. Жоғары сынып оқушысының бір тоқсан бойы бір роман, бір өлең оқуы тым аз екені ескерілмеген.

Екіншіден, бұған дейін қалыптасқан оқу жүйесінен бас тартамыз, жаңашылдыққа ден қоямыз деп әдебиеттің аясын тарылтып алдық. Бағдарламада саннан сапаға көшуді үйлестіре алмадық. Қаламгерлерді іріктеу барысында бірсыпыра көрнекті ақын-жазушылар бағдарламаға енбей қалды. *Мәселен:*

1. Сал-серілер мен халық ақындарының шығармашылығы ұлттық әдебиеттің басты ерекшелігі болып көрсетілу керек еді.

2. С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин сияқты әдебиеттің үш алыбы бірге жүру керек еді.

3. Сондай-ақ М.Әуезов оқытылған жерде С.Мұқанов қоса оқытылу керек. Ғ.Мүсірепов тұрған жерде Ғ.Мұстафин де жүруге тиіс. Оқулықтағы жүйесіздік міне осындай мысалдардан көрінеді.

4. Қазақ мектебінде оқитын балалардың төмендегі қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығы туралы мәлімет алмайтыны өкінішті. Олар:

1. Спандияр Көбеев «Үлгілі тәржіма» (1910), «Үлгілі бала» (1912) жинағы мен «Қалың мал» романы;

2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының «Сарыарқаның кімдікі екендігі?», т.б. өлеңдері;

3. Сәбит Мұқанов «Сұлушап» поэмасы, «Балуан шолақ повесі»;

4. Ғабиден Мұстафин «Қарағанды» (1952) романы;

5. Нұрпейіс Байғанин «Нарқыз», «Ақкенже» поэмасында;

6. Иса Байзақов «Құралай сұлу», «Алтай аясында» поэмалары;

7. Тайыр Жароков «Тасқын», «Жапанды орман жаңғыртты», «Тасқынға тосқын» поэмалары;

8. Ғали Орманов «Қарағай», «Емен»;

9. Әбу Сәрсенбаев «Сен құрметте оны»;

10. Дихан Әбілев «Сұлтанмахмұт» роман-трилогиясы;

11. Қалижан Бекхожин «Науан батыр» поэмасы;

12. Ғафу Қайырбеков «Дала қоңырауы» поэмасы;

13. Мұзафар Әлімбаев «Аспандағы әпке» жинағы үшін Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы берілген;

14. Оспанхан Әубәкіров «Сүзеген сөз» жинағына енген өлеңдері;

15. Шона Смаханұлы «Ұр, тоқпағым, ұр» жинағына енген өлеңдері;

16. Жұбан Молдағалиев «Мен қазақпын» поэмасы;

17. Сырбай Мауленов «Құлыншақ», «Бала жолбарыс» жинағы;

18. Жұмекен Нәжімеденов «Менің Қазақстаным», т.б.

5. 10-сыныптың 2-тоқсанында Жүсіпбектің «Ақбілек» романына қарағанда «Қартқожасы» дұрыс еді. Себебі «Ақбілек» романының ішінде әйел мен еркек арасындағы анайы оқиғалар жиі кездеседі.

6. 11-сыныптың 2-тоқсанында Қасым Аманжолов Смағұл Елубайдан кейін оқытылады. Қасымның «Жамбыл тойында» (1938) поэмасы немесе қазақ ақыны Абдолла

Жұмағалиев туралы «Ақын өлімі туралы туралы аңыз» (1943) поэмасы оқытылу керек. Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы» өлеңін тапсырмамен де беруге болады. Болмаса «Туған жер» өлеңін беру керек:

Шықшы тауға, қарашы кең далаға,

Мәз боласың, ұқсайсың жас балаға.

О шеті мен бұ шетіне жүгірсең,

Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?..

7. Осы сыныптың 4-тоқсанында Тұманбай Молдағалиевтың жалғыз өлеңін оқыту дұрыс емес. Дәуір суреті туралы «Хаттар, хаттар» поэмасы тақырыпқа сай келмесе, ел бірлігі, тұтастығы үшін күрескен батырлар туралы «Атантай ата» поэмасы оқылу керек.

Үшіншіден, Бағдарламада жүйесіздікке жол берілген. 10-сыныптың 4-тоқсанындағы «Заман, дәуір тұлғасы» тақырыбы бойынша Қ.Жұмаділовтің «Тағдыр» романы, Шахмардан Құсайыновтың «Томирис» драмасы, Ш.Мұртазаның «Тәуекел той» әңгімесі оқытылады. Жүйе қайда, қаламгерлерді әдебиетке келген уақытына қарай жүйелеу неге ескерілмейді? Ш.Мұртазаның бар ғұмырын арнаған «Қызыл жебе» роман-эпопеясы мен «Ай мен Айша» романы неге мектеп бағдарламасында жоқ? «Қызыл жебені» кеңестік дәуір тұсында мектеп оқушылары оқыды емес пе?

Төртіншіден, Ұлттық әдебиеттің классиктерінің орнына қазіргі әдебиеттен Н.Айтұлы, Ж.Бөдеш, О.Асқар, Н.Ақыш, Ұ.Есдәулет, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева, А.Алтай, М.Райымбекұлы, Қ.Сарин, Е.Әбікенұлы сияқты қаламгерлер қамтылған. Аға буын өкілдерінің қатарынан С.Сматаев, Д.Досжанов, Т.Медетбек, Е.Раушанов, С.Ақсұңқарұлы орын алу керек еді, ал жастарды оқулыққа кіргізудің қисыны жоқ. М.Райымбекұлының «Көшбасшы» поэмасы мен Е.Әбікенұлының «Пәтер іздеп жүр едік...» әңгімесінің көркемдігі сын көтермейді. М.Райымбекұлы өз замандастарының ішінде постмодернизмді алып келген, әдебиетке жаңа құбылыс жасаған талантты ақын ретінде

танымал. Оның лирикасының орнына аталған поэмасының оқытылуы ақынның шығармашылығына нұқсан келтіріп тұр. Сондықтан М.Райымбекұлы, Қ.Сарин, Е.Әбікенұлы шығармаларын оқулықтан алып тастауға негіз бар.

Төртіншіден, әдебиеттің тарихын дәуірлеп оқытудан айрылып қалдық. Әр дәуір туралы шолу тараулардың берілмеуі мұғалімдерге де, оқушыларға да қиындықтар туғызуда. *Мәселен*, ҰОС туралы бағдарламада сөз жоқ. Сондықтан қырқыншы жылдардағы әдебиет пен майдангер қаламгерлерді оқулықтан таба алмайсыз. Себебі өткен ғасырдың қырқыншы жылдары қазақ әдебиеті әлемдік деңгейге көтерілді. Жамбыл бастаған халық ақындары мен Б.Бұлқышев сияқты майдангер қаламгерлердің отты жырлары Кеңес халқы мен әскерін көркем сөздің құдіретімен жігерлендіріп отырды. Оқулық авторлары бағдарламада жоқ дүниені өз тарапынан қоса алмайтынын осындай дүниелерден аңғаруларыңызға болады.

Дәуірлеп оқытудан көз жазып қалғанымызды бағдарлама авторлары шиыршық әдісімен түсіндіреді. Ал, осы бағдарламамен оқытып отырған «Жалпы тарих» пен «Қазақстан тарихы» пәндері ежелгі дәуір, орта дәуір жаңа заман деген сықылды дәуірлеп оқыту жүйесін сақтап қалды. Қазақ әдебиетінің бағдарламасындағы кемшілік міне осы тұрғыдан көрінеді.

Бесіншіден, әдебиеттің тарихы мен теориясы сақталғанмен, сыны назардан тыс қалды. Сонымен бірге қоғам өмірін сын тезіне алатын сатириктердің бірде біреуі оқулыққа енбеген.

Алтыншыдан, оқушылардың білімін күнделікті әр сабақ сайын бағаламаудың (баға қоймаудың) салдарынан білім деңгейіміз төмендеп кетті. Ұстаздар қауымы жаңартылған бағдарламаны игеруде түрлі әдіс-тәсілдерге көп көңіл бөлгендіктен, пән мазмұны тасада қалып қойды.

Мектеп оқушыларының әдебиетті оқымайтынын мектептен, не оқулықтан іздеудің қисыны жоқ. Үйде ертегі

тыңдап өспеген бала әдебиетті қайдан сүйсін. Оқушыда неге ынта жоқ, мұғалімде неге құлық жоқ? Себебі, оқушы кітап оқуға бала күнінен жаттықпаған. Оған оқулық кінәлі емес. Сондықтан мектеп оқушыларының әдеби шығарманы оқымайтынын отбасынан іздеген жөн. Ал елдің баласына білім береміз деп, өз баласына қарауға мұршасы келмейтін мұғалімдердің еңбекақысы сол еңбектеріне сай емес. Сол үшін мұғалімдерді қағазбастылықтан құтқарып, сабаққа дайындалатын уақыт қалдыру керек.

Жетіншіден, білімнің негізгі фундаменті бастауыш сыныпта қаланады. Өздеріңіз жұмыс істейтін мектепке сараптама жүргізіп көрдіңіздер ме? Бастауыш мектепке сабақ беріп жүрген ұстаздардың біліктілігін тексеріп көріңіздер. Қаланы білмеймін, ауыл мектептерінің бастауыш сынып мұғалімдерінің дені сырттай оқып диплом алған ұстаздар. Ал біздің балалардың негізгі құрамы ауыл мектептерінде оқитынын ескеретін болсақ, болашағымыздың тамырына балта шауып жатқан да сондай ұстаздар. Бұл ұстаздар қайдан шықты? Педагогикалық оқу орнына түсушілерге жоғары талап қою керек. Себебі сол ұстаздарға білім беріп, қолына диплом беретін жоғары оқу орындары. Міне көрдіңіздер ме мәселе қайда жатыр? Қазіргі таңда білім жүйесіндегі осындай келеңсіздіктерге мемлекет тарапынан тосқауыл жасайтын уақыт келіп жетті. Конкурстан өтпей қалған бітірушілерді ақылы негізде оқытуды тоқтату – бүгінгі білім жүйесінің өзекті мәселесі.

Сегізіншіден, мектеп мұғалімдерін ЖОО дайындайды. Жоғары мектептен шала жансар білім алып шыққан бакалавр мектепке барғанда өзінен сауатты балаға не береді? Бакалаврлар неге шала сауатты десеніздер, қазіргі таңда студенттердің дені жан бағу үшін жұмыс істейді. Неге? Себебі ақылы бөлімде оқиды, не болмаса елдегі әкешешесінің беретіні жоқ болғандықтан өз күнін өзі көруге мүдделі. Сол үшін болашақ ұстаздар дайындайтын педагогикалық оқу орындарына жаңартылған білім беру

бағдарламасы жөнінде арнаулы курстар енгізу керек. Осы мақсатта Абай атындағы Қазақ педагогикалық ұлттық университеті бакалаврларға жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша арнайы курстар енгізді.

Қорыта айтқанда, жоғарыдағы айтылған өзекті мәселелер жаңартылған білім беру бағдарламасы мен «Қазақ әдебиеті» оқулығын жетілдіре түсу керектігін байқатады. Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың тапсырмасымен қазіргі таңда Оқулық орталығы мен Педагогикалық ғылым академиясы бірлесіп оқулықтың ғылыми-педагогикалық сараптамасын ұсынып, авторлар мен сарапшыларды бекітілген 19 функцияның 128 критериімен оқытуды бастап кетті. Қазіргі таңда сарапшылардың ғылыми-педагогикалық сараптамасы бойынша авторлар қауымы жұмыс жасауға кірісті. Бұл бастама да қолға кеш алынып отыр. Себебі үстіміздегі жылы 11-сыныптың оқулықтары жазылуда.

Оқу бағдарламасында әдебиеттің дәуірі сақталып, қалыптасқан жүйемен оқытылу керек. Ол үшін төмендегідей ұсыныстарды қолға алу керек деп ойлаймыз. Олар:

1. 5-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын жетілдіру үшін жаңартылған білім беру бағдарламасына өзгерістер енгізу керек;

2. 5-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығының бағдарламасын жасауға М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары қатысу керек;

3. 5-11 сыныптарға арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығына М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғалымдары сарапшы болу керек.

Қабатай Бидана,
Абай атындағы
ҚазҰПУ доценті, п.ғ.к.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНЕН МҰҒАЛІМДЕР ДАЙЫНДАУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Еліміздегі білім алу үрдісіндегі өзгерістер мен бүкіл өркениетті әлемдегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын таңдауда жаңашылдық танытуды қажет етіп отыр. Осыған орай мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәнінің функциясы дұрыс, түсініп, шапшаң, мәнерлеп оқуға төселдірумен шектелмейді, оның басты қызметі- оқушыларды көркем сөзге баулу. Ұлт ұстазы А. Байтұрсынұлы айтқандай баланың «ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып» [1,141] жеткізуіне мүмкіндік беріп, көркем сөз әлеміне жетелейтін сара жол – оқу сабақтары. Міне, бүгінгі күні түпкі нәтижесі бағдарламада көрсетілгендей [2]:

1) қазақ балалар әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерін талдай отырып, ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтарды бойына сіңіруіне;

2) көркем шығармадағы тілдік қолданыс ерекшеліктеріне бақылау және талдау жасай отырып, тілдік құралдарды саналы түрде дұрыс таңдауына және өмірлік тәжірибесінде қолдануына;

3) алған білімі мен дағдыларын өмірлік жағдаяттарда және басқа адамдармен қарым-қатынас барысында пайдалануына көмектесетін оқыту үрдісіндегі жаңа бағыт диалогтық қарым-қатынас негіздері басшылыққа алынған. Десек те бүгінгі әдебиетші-ғалымдар, педагог-ғалымдар, әдіскерлер мен пән мұғалімдері жиналып отырған

конференцияда жаңартылған білім бағдарламасы жағдайында жасалынған «Қазақ әдебиеті» оқулықтары шын мәнінде сөз өнері құралы міндетін атқарып отыр ма? деген мәселенің алға тартылып, кеңінен талданып отырғаны әлі де кемшін тұстар бар екенін айқын байқатады. Әсіресе оы тұста жоғары оқу орындарында мамандар дайындау мен қазіргі мектеп тәжірибесі арасындағы сәйкессіздік анық байқалып қалды.

Жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті курстарынан білім беру бағдарламасының мақсаты – орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша жоғары әлеуметтік және азаматтық жауапкершілікке ие, төмендегідей бағыттар бойынша жоғары білікті мамандар даярлау:

- жан-жақты дамыған оқушы тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеу;
- орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті салалары бойынша жүйелі білім қалыптастыру;
- орта мектептердегі қазақ тілі мен әдебиетінен оқу үрдісін заманауи-ғылыми деңгейде ұйымдастыру;
- ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру.

Білім беру бағдарламасының негізгі міндеттері:

- қоғамның әлеуметтік тапсырысына және білім берудің әлемдік стандарттарына сәйкес орта мектептердегі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін сапалы кәсіби дайындықпен қамтамасыз ету;
- орта мектептердегі болашақ қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің негізгі басым құзыреттіліктерінің жүйесін, жалпы ғылыми және арнайы білімдік дағдылары мен шеберліктерін қалыптастыру;
- рухани және интеллектуалды өзіндік даму жолдарын, психологиялық сауатын, ойлау және мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру [3].

Аталған мақсат-міндеттерді жүзеге асыру аясында Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің филолог мамандар дайындайтын институтында «Әдебиеттануға кіріспе», «Халық ауыз әдебиеті», «Әдебиет теориясы» курстарынан бастап, «Ежелгі дәуір әдебиеті», «Хандық дәуірдегі әдебиет» болып әріқарай тарихи-монографиялық ұстанымға сай қазақ әдебиеті дәуірлерге сай кезең-кезеңімен сатылай оқылады. Бұрын да солай болған, қазір де солай. Осынша теориялық білімнің қазіргі қазақ әдебиеті мұғалімдеріне қажеті бар ма? Өйткені қазір мектепте қазақ әдебиеті мүлде басқа бағытта лексикалық тақырыптарға құрылған мазмұнда оқытылып, көптеген классик ақын-жазушыларымыздың шығармалары ескерілмей қалған.

Қоғамдағы, білім саласындағы өзгерістер жоғары оқу орындарындағы қазақ әдебиетін оқыту мәселелеріне қатысты «Қазақ әдебиетінен жаңартылған білім мазмұны», «Қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын жаңа технологиялар», «Бағалаудың өлшемдік технологиясы» атты жаңа курстардың бағдарламада белгіленіп, мектептегі қазіргі жаңартылған білім мазмұнын игеретіндей кәсіби маманды дайындауға баса назар аудару қажеттілігіне әкеліп отыр. Аталған курстар бойынша болашақ филолог мамандар қазіргі «Қазақ әдебиеті» оқулықтарының жаңа мазмұнын, қазақ әдебиеті сабақтарын оқу мақсаттарына сай ұйымдастырып, жүргізе алу, оқытудың жаңа технологияларын, белсенді және интербелсенді оқыту әдістерін, критериялы бағалауды қолдана алу, Блум таксономиясы, сыни тұрғысынан ойлау тапсырмаларын құрастыру, орындату тәсілдерін біледі, меңгереді.

Жоғары мектеп педагогикасының күрделі де маңызды бір мәселесі студентті болашақ мамандығына оңтайландыру, кәсіптік біліктілігін дамыту, кәсіби бағдар берудің жаңа жүйесін жасау, іскер және құзіретті маман дайындау. Мұндай маман дайындау үшін білім беру үдерісін

белсенділендіру, оқытудың жаңа формалары мен әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажет. Оқу үдерісін белсенділендіру – берік те тиянақты білім берудің жолдарын қарастыру, студенттердің шығармашылық ойлауына, ізденуіне мүмкіндік жасау, оларды келешек мамандығына қызықтыра алу, оқу үдерісін ғылыми негізде ұйымдастыру және т.б. Осы бағытта биылғы оқу жылынан бастап университетте бітіруші түлектер бір оқу жылы бойында мектепте күнде ұстаз-тәлімгердің қасында сабаққа қатысып, сабақ беріп, оқушымен, ата-анамен, ұжыммен, жалпы жұртшылықпен қарым-қатынаста болып, мұғалім роліне толықтай енуі қамтамасыз етілді. Бұрын педагогикалық тәжірибеге арнайы 2-3 ай уақыт бөлінетін. Ал қазір Алматы қаласы мектептерінің көпшілігі дерлік қамтылып, әр мекемеде түрлі пәнді, соның ішінде қазақ әдебиетін де ұйымдастырып, жүргізетін болашақ мұғалімдер тәжірибеден, сынақтан өтуде. Университеттің саясаты – кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз ету. Заман талабы мұғалімдерге жан-жақты жетілген, көпсалалы дайындық иесі болуды жүктейді. Тәуелсіз мемлекетімізге еңбекқор, кәсібін терең түсінетін, үнемі өзгеріп отыратын жағдайларға өзінің білімі мен іскерлігін әртүрлі әрекеттердің айналасында қолдана білетін қабілетті мамандар қажет. Білім беру талаптарына бұл «құзыреттілік» ұғымы арқылы анықталып отыр. Мектептерде ұйымдастырылып отырған үздіксіз педогогикалық тәжірибе осындай кәсіби құзыреттілікті игеруге дайындық болып табылады деген сенімдеміз.

Ойымызды сабақтай келе болашақ филолог мамандар жоғары оқу орнында алған теориялық және практикалық

біліктерін толыққанды пайдаланып, қолдана алуы үшін, жалпы әдебиетті сөз өнері ретінде меңгерту үшін мектептердегі «Қазақ әдебиеті» пәні классикалық дәстүрден ауытқымай тарихи-монографиялық ұстанымда оқытылуы тиіс деген ұсыныс айтамын. Бұл өз кезегінде оқушыларымызды сөз өнерінің қуаты күшті шығармаларымен танысып, оқуына, шын мәнінде, сөздің құдыретін түсініп, ойын өсіріп, талғамын дамытуға септігін тигізірері сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Олеңдер, аудармалар, зерттеулер. Құраст: Ә.Шәріпов, С.Дәуітов. – Алматы: «Жазушы», 1989 ж. – 320 б.

2. 2015-2016 оқу жылында ҚР-ның жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығы

Нұрдәулет Ақыш,

М.О.Әуезов атындағы

*Әдебиет және өнер институтының
бас ғылыми қызметкері, филол.ғ.д.*

ОҚУЛЫҚ ДАЙЫНДАУДАҒЫ ЖЕТІЛДІРУ ТЕТІКТЕРІ

Жаңартылған мазмұнындағы бағдарлама бойынша орта мектептерге арналған қазақ әдебиеті оқулықтарындағы негізгі өзгерістер көзге бірден байқалады. Бұрынғыдай емес, енді қазақ әдебиетінің бастау көзі сонау түркі кезеңінде, яғни, ежелгі дәуірде жатқандығы жекелеген материалдар

арқылы нақтыланған. Әр сыныпта осындай ретпен айналып келіп, бүгінгі кезең әдебиетінің туындылары қамтылады екен. Былайша алғанда, осы 5-8 сыныптардағы оқу материалдарын кезеңдік тұрғыдан ұсыну тәсілі спираль жүйесімен жүзеге асырылған. Оқушы әр оқулықтың басында ежелгі әдебиет нұсқалары мен ауыз әдебиетінің үлгілерімен таныса отырып, кезең-кезеңімен әр оқу жылының соңында бүгінгі заман әдебиеті нұсқаларынан да хабардар бола алады.

Қалың жанашыр қауым «Қазақ әдебиеті» оқулығын жасау барысында, ең алдымен, «Көркем мәтін материалдары қандай принциппен іріктеліп алынады?» деген мәселеге кеңірек назар аударғаны жөн. Одан кейінгі орында көңілді алаңдататыны – оқулықтардың әдіснамалық аппараттары, яғни, сұрақтар мен тапсырмалар, оқушымен бірге жасалатын басқалай креативті жұмыстар қалай жүзеге асырылатындығы.

Сонымен қатар «Әдіснамалық аппараттың ішінде берілетін теориялық тұжырымдар қандай? Бірізділігі сақталған ба? Бастапқы қалпы қалай жүзеге асқан? Сыныптан сыныпқа өскен сайын қарапайымнан күрделіге қарай принципі қалай орындалған?» деген сұрақтардың да көңілді алаңдататыны сөзсіз. Бұл ерекше назар аударуды талап ететін мәселе. Бұл жерде «Қарапайымнан күрделіге қарай деген принцип қалай жүзеге асырылды?» - деген әңгіме де маңызды.

Сонымен бірге өзекті мәселе – оқулықтардың жазылу стилі. Бұл бәріне де: жеке берілген көркем материалға да, әдіснамалық аппараттарға да, теориялық тұжырымдарға да тікелей қатысты. Яғни, мұндайда көкейге оралатын сұрақтардың «Жатық па? Түсінікті ме? Тілі қарапайым ба? Шәкірттің жас шамасына лайықты ма?» болып келуі табиғи.

Оқулық материалдарында, әдіснамалық аппараттарда кездесетін деректердің нақты фактілер мен тарихи шындыққа қаншалықты сәйкес келетіндігіне үнемі көңіл бөле

бермейміз. Соның салдарынан жарық көрген жаңартылған мазмұндағы оқулықтарда қателіктерге жол берілген.

Оқулықтардың безендірілу жағдайы неге назардан тыс қалуы тиіс? Ондағы түрлі суреттер, өрнектер, жекелеген штрих-детальдар, графикалық талаптарға және өмір шындығына, берілген көркем шығарманың мазмұнына қаншалықты сай келетіні ескерлуі керек. Шығармалардың безендірілуі жайында да қысқаша айтып өтейік. Ішінара уақыт шындығына, тарихи кезеңдерге және материалдардағы деректерге сай келмейтін суреттер кездеседі. Мысал үшін, Доспамбет жыраудың немесе соғыс кезін бейнелейтін суреттердегі штрихтарға назар аударыңыз. Негізінде, қай халықтың әдебиет оқулығы болсын шәкірттерге сол ұлттың әдебиетінде із қалдырған, тарихында белгілі бір орынға ие, ірі көркемсөз шеберлерінің шығармаларымен, әдебиет тарихындағы озық үлгілермен таныстыруды мақсат етеді. Қай халықтың әдебиеті болса да, ең алдымен өздерінің ірі тұлғалары, көрнекті тұлғалары және олардың ең атақты шығармалары беріліп отырады. Бұл арада тек қазақ әдебиетінің ғана емес, орыс әдебиетінің жаңартылған мазмұнындағы шығармаларын және көршілес елдердегі жекелеген әдебиетінің ұлттарына назар салуға артық болмас еді.

Мәселен, орыстарда сонау Жуковский, Пушкин, Толстой, Достоевский, Чехов және т.б. ірі тұлғалардың шығармаларымен таныстырса, достастық мемлекеттеріндегі көпшілік оқу құралдарындағы материалдардың да іріктелу қағидалары осы ұстанымды негізге алады екен.

Сонымен жаңартылған мазмұндағы әдебиет оқулықтарында жоғарыда айтылған оқулық құрастырудың кейбір қағидалары қаншалықты сақталған? Ғалымдардың, әдебиеттанушылардың, ұстаздардың, жалпы оқырман қауымның осы жаңа мазмұндағы оқулықтар туралы пікірлерінің ішінде кездесетін наразылықтардың бір себебі осында. Айқын аңғарылатыны, оқулыққа бағыт-бағдар беретін тиісті құжаттарды жасаушылар халқымыздың асыл

казынасының, жазба әдебиетінің алдыңғы қатарлы үлгілерін, классиктердің туындыларын енгізуді негізгі мәселе етіп алмаған. Оқулықтарға көркемдігі орташа немесе тіпті төмен дүмбілез шығармалардың екшелместен еніп кетуі осы сөзімізге дәлел.

Көркем әдебиетке қойылатын тиісті міндеттердің бағдарламаны жасаушылар және оқулық авторлары, ең алдымен, тәрбиелік функциясына басымдық берген. Мысалы, 5-сыныптың қазақ әдебиеті оқулығы тарауларының атаулары «Таза, мінсіз асыл сөз», «Тәрбиенің қайнар бұлағы», «Адамгершілік – асыл қасиет» және «Отбасы құндылықтары», ал 6-сыныпта «Туған жерім – аялы алтын бесігім», «Мен – балаң, жарық күнде сәуле болған көрнекті», «Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым» деген атаулардан тек бірыңғай тәрбиелік мақсатты көздегені байқалады. Басқа сыныптардағы қазақ әдебиеті оқулықтары осындай қағидамен құрастырылғаны аңғарылады.

Осы келтірілген тақырыптардан шығатын қорытынды – оқулық жасаушылар үшін алдыңғы қатарда тұрған әдебиеттің эстетикалық көркемдік табиғаты емес, оның тәрбиелік, кей жерлерде танымдық функциялары негізге алынуы тиіс.

Жаңартылған мазмұндағы әдебиет оқулықтарына ескі әдебиет нұсқаларын енгізу жұмысы аса мұқият іріктеуді қажет ететінінімәлім. Мысалы, 6-сыныпта «Туған жерім – аялы алтын бесігім» деп аталатын тарауға Тұран батыры әрі патшасы «Алып Ер Тұңғаны жоқтау» деген өлеңі енгізілген және бұл қаһарманға сипаттама берілген. Енді осы арада бір ескертетін нәрсе, осы оқулықтардың бағдарламасын жасаушылардың сонау түркі дәуіріндегі, яғни, біздің эрамыздың жетінші ғасырынан бері кезеңдегі әдебиет үлгілерін қамтуды мақсат еткені орынды да шығар. Көне дәуірге сапар шегу, сол замандардағы жекелеген шығармаларды ұсыну әдебиетіміздің тарихы тереңде жатыр дегенді білдіру мақсатынан туындағаны айқын.

Бірақ баршамызға мәлім, көне дәуірге сапар шегу үшін оқитын шәкірттің белгілі бір тарихи-танымдық дайындығы болуы керек. Әлі орта мектепте жүрген оқушының мұндай дайындығы жоққа тән. Ежелгі түркі дәуірі мен одан бергі хандық дәуірі арасындағы әдебиетті түсіндіру үшін мұғалімдердің өздері қиналып қалады. Мысалы, 8-сыныпта әдебиеттің белді өкілі болып табылмайтын Қорқыт ата туралы материалдар беріліп, «Қорқыт ата кітабынан» үзінділер ұсынылған. А. Ясауидің шығармаларын меңгеру үшін де әзірлігі жоқ шәкіртке қиын тиетіні анық.

Ежелгі кезеңдерге қатысты тарихи материалдарды, историзм, архаизм сөздерді меңгергеннен кейін барып қана сол дәуірдің әдебиетін ұғуға мүмкіндік туады. Халық тарихының жекелеген кезеңдерін, историзмге қатысты ұғымдарды игеріп алмай тұрып, оның әдебиетін қалайша тереңдетіп оқытуға болады. Жас шәкірт үшін тіптен қиын. Демек, ешқандай әзірліксіз қазақ халқы әлі қалыптаса қоймаған түркі дәуір әдебиетін оқыту жауапкершілікті қажет етпек.

Оның үстіне бұл кезеңде қазақ тілінің әлі толық қалыптаспағаны, әдеби тілдің белгілері хандық дәуір кезеңінен бастап қана айқындала бастағаны мәлім. Демек, мың жылға жуық кезең ішіндегі тілдің даму динамикасын, ауызекі сөйлеу нормалары мен әдеби норманың қалыптасу кезеңін ескеруге тура келеді. Жалпы жоғарыда айтқанымыздай, оқулықтарға, ең бірінші кезекте мейілінше көркемдік талаптарға жауап бере алатын, идеялық түйіні, айтар ойы, мығым авторлар көркем туындылар енгізілуі тиіс. Осы тұста еске сала кету керек, жаңа мазмұн оқулықтар жөнінде пікір білдіріп жатқан кейбір авторлар қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту керек деген ойларын ортаға салады. Орта мектеп болғандықтан, менің ойымша, тереңдетіп оқыту шарт емес. Өйткені бұл шәкірттердің барлығы болашақта әдебиет немесе қазақ тілінің маманы болмауы мүмкін.

Жаңартылған мазмұндағы оқулықтардың әдіснамалық аппаратына келетін болсақ, жекелеген кемшіліктерін елемесек, ол жағы бірсыпыра дұрыс орындалған деуге болады. Енді негізінен бұл бағыттағы ескертпелер – сұрақтар мен тапсырмалардың кейде тым ұзақ боп кетуіне, кейбір тапсырмалардың оқушы үшін ауыр тиетіндігіне, ішінара көркемдік деңгейі аса мықты емес немесе тілі күрделі өлеңдерді жаттап алуға ұсынуға байланысты. Осы арада ерекше қаперде болатын нәрсе – жаттауға кез келген өлеңнің жарамайтындығы. Поэзияның шарттарына толық келетін, тілі түсінікті, көркемдігі жоғары, ойы, идеясы айқын өлеңдерді ғана жаттауға ұсыну керек. Кез келген өлең оқушының жаттауына лайық бола бермейді. Ал, айтар ойы екіұшты әрі буалдыр болып келетін немесе аударма өлеңдерді жаттауға ұсынудың қажеті жоқ.

Жалпы, ортағасырдағы өлеңдердің ішінде, жоғарыда айтқанымыздай, архаизмдер мен историзм сөздер көп кездеседі. Оның бірсыпырасы қазіргі замандағы шәкірттер үшін түсініксіз. Сондықтан мұндай ұғымға ауыр тиетін өлеңдерді жаттату не үшін керек?

Оқулықтардағы төртінші бір назар аударуды қажет ететін фактор – мәтіндердің барлық түріндегі сөйлемдердің дұрыс құралуы, бірауыз сөзбен айтқанда, стиль мәселесі. Егер авторлар ойларын жеткізу барысында күрделі немесе орашалақ сөйлемдерді қолданып жатса, онда оқулық талаптары үшін ауадай қажет айқындылық, нақтылық мақсаты өз деңгейінде орындалмайды.

Сонымен бірге оқулықтардың әр тұсында кездесетін орфографиялық және пунктуациялық қателерге көз жұмып қарауға болмайды. Бұл бір жағынан ұсақ-түйек көрінгенімен, оқушының сауаттылығын дамыту үшін өте қажетті атрибуттар болып табылатыны сөзсіз.

Осы жаңартылған мазмұндағы оқулықтардың материалдары сағат санына сыймайды деген ескертулер айтылуда. Бұны реттеудің жолы аса қиын да емес, өйткені

кейбір жөнсіз ұзақ берілген туындылар мен олардың әдістемелік аппараттарын, әсіресе көне дәуір әдебиетіне қатысты материалдарды қысқартып тастаса болғаны.

Классикалық әдебиеттің өкілдері және олардың шығармалары аталмағандықтан, оқулықтарда қазақ әдебиеті, яғни төл әдебиетіміз тиісінше көрініс таба алмайды. Жас шәкірт ең алдымен қазақ әдебиетінің классикалық туындыларын оқып, үйреніп, сол арқылы эстетикалық сезімін қалыптастырып өсуі тиіс. Ал, ортақол, қалай болса солай жазыла салған туындылар көркемдік-эстетикалық талғамды, объективті қабылдау психологиясын бұзады, әдебиет туралы дұрыс түсінікті қалыптастыра алмайды. Бағдарлама жасаушылар осы жағдайын ескеруі қажет деп ойлаймын.

Сөз соңында, оқулық бағдарламаларын, басқа да тиісті құжаттарын және сол оқулықтың өзін жасау аса жауапты жұмыс екендігін тағы да еске сала келіп, мемлекеттік маңызы бар бұндай іске кез келген адамды араластыра беруге болмайтынын қадап айтқымыз келеді. Оған тек дайындығы бар, ісіне әбден берілген лайықты мамандарды ғана тартқан дұрыс болар еді. Сондықтан да республикамызда қазақ тілінің барлық салаларын және қазақ әдебиетінің арғы-бергі кезеңдерін арнайы зерттеп отырған екі іргелі мекеме Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты мен Мұхтар Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтын тікелей араластыру қажет. Тіпті қажет қана емес, осы мекемелердің ғалымдарының мазмұны жаңартылған оқулықтарға орай жұмыс жасауын міндеттеген жөн.

Бұлар – бөтен емес, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің тікелей қарамағандағы мекемелер. Әр оқулыққа үш автордан: әдебиеттанушы ғалым, әдіскер маман және практик мұғалім болу тәжірибесі өзін өзі ақтауы тиіс.

Оқулық конкурстық негізде мейілінше жасырын атпен ұсынылып, шын мәніндегі әділқазылардың сараптауына түссе, сонда ғана әділ шешім шығарылар еді. Конференция

қорытындысында осындай қаулы немесе қарар қабылдап, қалайда министрліктің құзіретті қызметкерлерінің назарына жеткізу керек.

Береке Жұмақасева,
СДУ профессоры, п.ғ.к.

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНЕН ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ МЕН ҚҰРЫЛЫМЫНДАҒЫ ОЛҚЫЛЫҚТАР

«Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымында бірнеше олқылықтарды байқаймыз.

Бірінші мәселе – оқу материалдарын топтастырудағы жүйесіздік. Жалпы білім беретін мектептерге арналған жаңа бағдарламаларда әр сыныпқа берілген оқу материалы арнаулы айдарларға жіктелген. Дәл осылай тақырып жағынан топтастыру бастауыш сыныптағы әдебиеттік оқу бағдарламасына тән еді. Себебі әдебиетті бастауыш сыныптарда оқытудың әдіснамалық негізі, оқыту ұстанымына сай көркем мәтінді сөз өнері ретінде емес, танымдық мақсаттарға жүгіндіре оқытатын. Сондықтан жыл мезгілдері, қоршаған орта сияқты ұғымдарды мәтіндер арқылы дәйектеу басым болатын.

Ал 5-сыныптан басталатын әдебиет курстарының мақсат-міндеттерінде «Әдебиеттің адамзат қауымы ғасырлар бойы жасаған өнердің бір түрі... сөз өнері екендігі туралы білім қалыптастыру... сөз өнерінің басқа өнер түрлерінен айырмашылықтарын айыра білуге үйрету» [1, 5] т.б. танымдық, тәрбиелік, тұлға қалыптастырушылық қызметімен қоса шығармашылықты дамыту міндеттері болды. Дәл осы

міндеттер жаңа бағдарламаларда да бар десек болады. Мақсат міндеттердің алдыңғы шебіне «коммуникативті күзірет, өздігінен білім алу т.т.» машықтарды атағанымен, әр тұста шашырап жүрген әдеби білім алу міндеттерін көруге болады.

Әдебиет – 1932 жылдан бері негізі қаланған, жүйеленген, өзіне тән зерттеу нысаны бар жеке пән. Оған еш дау жоқ. Ал әр пән сол саланың ғылыми негізіне сүйенуі заңдылық. Әдебиеттану ғылымының өзінің тұрақталған жүйесі: тарихы, теориясы, сыны бар десек, әдебиет пәнінде әдеби материалдарды ұсынудың да тұрақталған заңдылықтары қалыптасқан. Мәселен, орта буындағы әдебиеттік оқу сыныптарында ауыз әдебиетінен бастап, көлемі жағынан ықшам, оқушының жас ерекшелігіне, таным-түсінігіне лайықталған ең таңдаулы әдеби нұсқаларды сұрыптап беру шарты, жоғары сыныптарда әдебиеттің тарихына алғашқы қадам жасау, әдеби нұсқаларды дәуірлерге жіктей беру тәжірибесі қалыптасқан еді. Жоғары сыныптарда белгілі бір әдеби кезеңді айқындап тұратын шолу тақырыптарының да маңызды міндеті болатын. Абай, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б. классиктердің шығармалары сыныптың өсуіне қарай бірте-бірте күрделендіріліп спиральді түрде ұсыну арқылы орта білім деңгейінде классикалық мұраны, ұлы тұлғаларымызды танытудың тиімді амалы болған. Жаңартылған бағдарламаларда осы үрдіс ескерілмеген. Ал әдебиетті жеке тақырып-айдарларға жіктеп, барлық оқу материалын соған жүгіндіру неліктен қажет деген сұрақ туындайды.

Мәселен, 5-сыныпта «Таза мінсіз асыл сөз» деген айдармен ертегілер, батырлар жыры, аңыз әңгімелер ұсынылған. Бағдарламаға енбей қалған тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, әпсаналар, мифтік әңгімелер т.б. асыл сөзге жатпай ма?! Дәл осы атаумен нені түсіндіруге болады?!

2-айдар: *«Тәрбиенің қайнар бұлағы»* делініп, Д.Бабатайұлы мен Ы.Алтынсарин шығармалары ұсынылады. Ал осы қатарға *«Адамгершілік – асыл қасиет»* делінген айдардағы А.Байтұрсынов шығармаларын қоссақ мағына-мазмұн толықпаса, өзгеріп кетпесі анық. А.Байтұрсынов шығармаларында да тәрбие бағыттары кем емес. Шығармаларда бір ғана мәселе қамтылмайтыны, өмірдің қат-қабат сәттері мен адамдар әлемінің сан қатпары, болмыс-бітімі өріліп жататын көркем туындылардың аражігін ажыратып, шек қою қаншалықты тиімді?!

Тиімсіздігін 6-сыныптар бойынша берілген айдарлардан байқауымызға болады. Мәселен, *«Туған жерім – алтын бесігім»* айдары бойынша «Аяз би» ертегісі берілген. Ертегінің тақырыптық-идеялық мазмұнын зерделеген адам басты мәселе туған жерге қатысты емесін айқын көрсе керек. Туған жер, елдік мұрат Асан Қайғы, Қазтуған жырауларда «Қырында киік жайлаған», «Алан да, алаң, алаң жұрт», «Салп, салпыншақ анау үш өзен» толғауларында менмұндалап тұр. Қазақ хандығының құрылу тарихындағы айтулы кезеңнің жарқын көрінісі, барша қазақ жұртының туған жерінің «бесік жырындай» болған толғаулар. Әдеби мәтін арқылы қазақ халқының басындағы сын сәттерді пәнаралық байланыста танытудың да оңтайлы жолы болар еді.

Үйірінен адасқандай *«Мен – балаң жарық күнде сәуле құған»* айдарында С.Мұратбековтің «Жусан исі» шығармасы жүр. *«Отбасы құндылықтарында»* «Дж.Лондонның «Мексика ұлы» жүр. *«Тәуелсіздік – қасиет тұнған ұлы ұғым»* айдарында шығарма тіліндегі күрделігіне қарамай А.Алтайдың «Прописка» әңгімесі жүр. Тәуелсіздіктің қасиетін Р.Ғамзатовтың «Ана тілі» мен «Менің Дағыстаным» арқылы ғана түсіне алатын болғанымыз ба?! Дәл сол шығармалардың орнына төл туындыларымыздан қоссақ мағына-мазмұнға кем соға ма?! Тақырып-айдарларды қуа берсек, жоғарыда көрсеткендей сәйкессіздікті көреді екенбіз.

Ендеше тағы да сұрақ туындайды. Барлық әдеби материалды тақырып-айдарларға телу соншалықты неге қажет болды?!

Жалпы білім беретін мектептерге арналған «Әдебиет пәнінің» оқу бағдарламасында оқу материалдарын берудегі жүйесіздіктің барын әрі әдебиеттер мөлшерден тым қысқарып кеткендігін бұған дейін ғалымдарымыз (Ж.Дәдебаев, Б.Қапалбек) айтқан еді. Шындығында оқу материалы әдеби білім аламын деген оқушы үшін өте аз.

Алдымен, 5-7 сыныптарда **балалар әдебиетінің көрнекті нұсқаларын** ұсыну ұстанымы болуы керек деген пікірдеміз. Оқушылардың жас ерекшеліктерін ескеріп, оқырмандық қызығушылығын туғызу үшін, ұғым-түсінігіне сай ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап, қаламгерлеріміздің тандаулы түрлі жанрдағы шығармаларын, мысал өлеңдерін, әңгімелерін ұсыну 5-7 сыныптарды қамтитын 12-13 жас аралығындағы оқушыларға маңызды. Бағдарламаның жаңа нұсқасында бұрынғы бағдарламадан классиктеріміз Абай Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, М.Жұмабайұлы, М.Әуезов, Д.Бабатайұлы. Ш.Қанайұлы шығармаларынан бастап, О.Бөкей, Т.Нұрмағамбетов, М.Шаханов, Қ.Әбдіқадіров, С.Мұратбеков, Т.Әбдіков қатарлы қаламгерлердің шығармаларын бергені, Қ.Қайсенов, Н.Ақыш, М.Қабанбай сияқты балалар әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен толықтырғаны құптарлық. Осы аталған авторларымыздың шығармаларын балалар әдебиетінен Қ.Мырзалиев, С.Бегалин, С.Бақбергенов, С.Омаров т.б. өкілдеріміздің шығармаларымен толықтырса, әдеби мазмұн байи түсер еді. Аталған сыныптарда әдеби материалдардың тым қысқарып кеткеніне қарамастан, өзге ел әдебиеті өкілдерінің (А.Пушкин, Р.Ғамзатов Дж. Лондон,) шығармалары сақталып, тіпті (Кнут Гамсун) қосылған. Әдебиетіміздің заңғар тұлғалары М.Жұмабаевтың 7-сыныпта «Батыр Баянынан» өзге шығарамасы енбеген. «Бұрынғы бағдарламадағы «Сүйемін», «Толқын» сияқты көркем де рухты өлеңдері, С.Сейфуллиннің «Ақсақ киік»

өлеңі, М.Мақатев лирикасы, С.Мұқановтың ұлттық саятшылық өнерді дәріптейтін «Өмір мектебі» романынан «Лашын», «Саятшы Ораз» әңгімелері, балалар жазушысы С.Бегалиннің тұлғаның қалыптасуын танытарлық «Бала Шоқан» әңгімесі, Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе» романынан алынған «Тұтқын бала» сияқты қазақтың ардақты ұлдарының өмір жолын танырлық тағылымдық шығармалары, Қ.Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» романынан алынған «Қозыкүрең» әңгімесі, М.Мағауиннің «Бір атаның балалары» атты тарихи-танымдық шығармалары, адамгершілік тәрбиенің терең тамырлы дүниелерінен сыр шертетін Д.Исабековтің «Ата үміті» әңгімелерінің қысқарғаны мазмұнның біршама жұтаң тартқанын көрсетеді. Жоғары сыныптарға берілген оқу материалдарында да жүйесіздік бар.

Әдебиет пәнінің бағдарламасын құрғанда жіті қарастыратын жайт бар. Ол пәндік мазмұннан да кеңірек мәселе. Кез келген қоғамның идеологиялық негізін шыңдап, мазмұнын құрайтын тарих, әдебиет, тіл, жағрафия сияқты қоғамдық пәндер. Болашақ қоғамымыздың ертеңгі буынын қалыптастыруда ұлттық негіз бен, елдік мұратты көздеу аса маңызды. Сондықтан оқу материалында оқу-тынымдық мақсаттан өзге ұлттық мүдде де мығым болуы керек деген ойдамыз.

Үштілді білім берудің мемлекеттік тілге ықпалын, анығында тілдік экспансиялық күшін жоққа шығаруға болмайды. Оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларының тежелуі байқалады. Оқушылардың сөйлеу тілінде орфоэпиялық нормалардың бұзылуы белең алып келеді. Қазақтың төл дыбыстары айтудағы олқылықтан өзге, басқа тілдің ықпалы жаппай тіл қызметінде басымдық алуда. Қазақ тіліндегі қалыпты сөздердің өзін (ертең, екі, естияр т.б.) дұрыс дыбыстап айта алмау бар. Ертеңіміз «иертеңге» айналып барады. Сондықтан жаңылтпаш, мақал-мәтел

сияқты шағын жанрларды бағдарламадан ысырып тастау ретсіз.

Қазақтың ұлттық дүнетанымында төрт түлік малдың орны ерекше. Тіліміздің лексикалық қорын толықтырып тұрған төрт тілік малдың айналасындағы толып жатқан сөздер мен сөз тіркестері, тіл оралымдары, фразалар бар. Малдың атауынан бастап, жасы, түрі, түсі, мінез қалпы т.т. толып жатқан ұғым, түсініктер бар. Бұл біздің сөздік қорымыз, әрі ұлттық кодымыз. Бағдарламадан тұрмыс-салт жырларының қысқаруы әдебиеттің танымдық әрі функционалдық қызметінде ұлттық қодты ескермеуден туған деген ойдамыз. Бәлкім бағдарлама жасаушылар аталған тілдік қолданыстарды бүгінгі қала баласының танымынан шет көрген болар. Әйтсе де өзге де көркем мәтінді тілдік таным тұрғысынан шектемеуі керек. Бірер жылда өз әдебиетімізді түсіндірме сөздікпен ғана оқимыз демесек, бағдарламадағы ауыз әдебиеті нұсқаларынан, аңшылық, саятшылық өнерге қатысты туындылардан бас тартпауымыз қажет деген ойдамыз.

Бағдарламада жігі қарайтын ккінші мәселе – оқыту мақсаттарын берудегі жүйесіздік. Барлық оқу әрекеттерін үшке: «Түсіну мен жауап беру», «анализ бен интерпретация», «бағалау және салыстыру» деп жіктелген. Оқу-таным әрекетін бұлай жектеу білім беруде өткен тәжірибемізде қалыптасқан жүйеге де жаңа делінетін Блум таксонимиясының танымдық деңгейлеріне де толық сәйкес емес.

1987 жылы жазылған әдістемелік еңбегінде Ә.Қоңыратбаев: «Танымның (білімнің) негізінде материал (текст) жататын болса, бірінші жинақтауға мазмұн (тексті оқу) сатысы жатады. Затты (материалды) бала өзі ұстап көрмей жатып, сол зат туралы онда ешқандай актив ұғым тумайды. Бүтін – сол. Білім дегеніміз таным болса, ол заттың өзін игеруден басталады... материал арқылы бала болмысты, адам табиғатын танып біледі. Бала алманы көзбен көріп

(түсі), қолмен ұстап (салмағы), мұрнымен иіскеп, өз білгенін тілмен айтады.

Екінші саты – талдау (бөлшек). Бұл тұста балалар бірлескен түрде шығарманың формасын (образдарын) композициясын, тілін, өлең өлшемін) жеке-жеке талдайды. Бөлшексіз бүтін жоқ. Бұл оқуды тереңдетеді. Кластағы бірлескен талдау сабақты активтендіреді. Талдау сабақтарын тереңдетудің екінші формасы – теориялық мағлұмат» дей келе автор теориялық білімнің ретімен берілуін назардан тыс қалдырмайды. «Кейбіреулер соңғы жинақтаудың орнын жақсы түсінбей жүр. Бірінші жинақтау – оқу болса, екінші жинақтау – шығарма, автор идеясына жататыны рас. Оқушылар мінездемелік шығарма ғана емес, топшылау, әсіресе көркем стильдегі шығармаларды да жазып игерген болуы керек... Бұрын мұғалім бірінші орында тұрған болса, енді оқушы бірінші орынға шыға бастайды» [3, 32] деген бағалы пайымдарынан оқу мақсаттарын жүйелеуде бұрыннан білім, түсіну, талдау, жинақтау, қолдану (шығармашылық) барын аңғару қиын емес.

Сонымен оқу таным-үдерісінің бастауы оқу әрекеттерінен құралуы керектігін түсінеміз. Ы.Алтынсарин әдістемесінен бастау алатын оқу әрекеттері: *пайымдап оқу, талдап оқу, мақамдап оқу, сөйлету, жаздыру, мазмұндау, мінездеу, габриатшылдық оқу (шығарманың идеясын түю) білім (ақпарат)* алудың негізгі тетігі ретінде бұрыннан қалыптасқан, тұрақталған. Оқу пәніміз әдебиет болғандықтан оқудан да бұрын қабылдауды (восприятие) назардан тыс қалдырсақ, оқу үдерісінің психологиялық ұстанымын ескермегендігіміз болып шығады. Жаңартылған оқу бағдарламасында 5-6 сыныптардың өзінде мәтінді пайымдап оқу, қабылдау үдерісіне қатысты оқу мақсаты қойылмаған.

Мәтінді тану сөз бірліктерін түсініп оқудан басталатынын жоққа шығара алмаймыз. Ендеше алғашқы оқу-таным әрекеті бағдарламадағыдай шығарманың

құрылымдық жүйесі, мазмұны мен пішінінен басталмай, сөз мағынасын танудан болғаны жөн. Олай дейтініміз оқулықтардағы тапсырмаларда мәтінге сөздік берілгенмен, сол сөздердің мәтіндегі қолданыс аясын пайымдау міндеттері назардан тыс қалған.

Жаңа оқулықта 5-сыныптардан бастап шығарманың сюжеті мен композициясын, шығармадағы автор бейнесі, кейіпкерлер портреті мен образын талдау жұмыстарын жоспарлайды. «Түсіну мен жауап беру» міндеттері қойылған соң көбірек сөз мағынасына көңіл бөлу қажет. Бағдарламадағы алғашқы шығармалардың өзінде мағынасын ашатын сөздер мен сөз тіркестері бар. Ал оқулықта алғашқы мәтіннен бастап «Шығарманың сюжеттік композициялық өрбу кезеңдерінен тыс теориялық сипаттамаларды анықтандар», «Әдеби жанр дегеніміз не»? шығарма фабуласын табындар т.т. тапсырмалардың дені шығарма құрылысын талдауға бағытталған [2, 15-20 бб].

5-сыныпта сөз мағынасы, көркем құралдар, троп пен фигураның түрлерінен бастап 6-7 сыныптарда өлең құрылысы, әдеби жанрлар, шығарманың композициялық құрылымы меңгерілетін тәжірибеміздегі әдістерді назарға тұту керек болар. Әдеби мәтін арқылы тілдік-танымдық, эстетикалық құзірет қалыптастыруды назардан тыс қалдыруға мүлде болмайды.

Б.Блум таксономиясының танымдық деңгейлерін жаңа бағдарламада жүйесіз қолданылып жүргендігі туралы ғалым Ж.Дәдебаевтың пікірі орында айтылған ескертпе деп ойлаймыз [4]. Сонымен қатар дәл осы «түсіну мен жауап беру», «анализ бен интерпретация», «бағалау мен салыстыру» деген деңгейлік мақсаттың атауындағы сәйкессіздіктен өзге ішкі міндеттерінің де ауысып жүргенін байқауға болады. Бірінші мақсаттағы міндеттердің көбі интерпретацияға сәйкес болса, салыстыру талдауға (анализге) де тиісілі.

Оқу таным деңгейлері барлық сыныптарға ортақ беріліп, қалып-трафарет болған соң, тапсырмаларды беруде оқулық авторларына да қиындық туғызғанын байқауға болады.

Шығармадағы автор бейнесін анықтау жырға да, мысал өлеңге де, толғауға да, әңгімеге де берілген. Көркем шығарманың көбінде имплицитті мәнге ие болып тұратын күрделі танымды мектептің орта буынынан сұрау орынсыз.

Авторға хат жазу, кейіпкерге хат жазу, әдеби эссе жазу, сыни хабарлама деген тапсырмалар әр тақырып бойынша қайталанады. Жалпы үшінші оқу-таным мақсаты шығармашылық болған соң, бағдарламада «әдеби сын», «әдеби эссе» деп шектеп тастау ретсіз. Себебі 5-сынып пен 11-сыныптың оқушыларына бұлай бірдей тапсырма беру дидактикалық жағынан дұрыс емес. Әр сынып оқушысының шығармашылық мүмкіндігі ескерілуі керек. Оқытудың жеңілден күрделіге қарай, жалқыдан жалпыға қарай деген бұрыннан қалыптасқан ұстанымдарын жоққа шығаруға болмайды. 5-сынып оқулығына берілген бірінші шығарма «Керкұла атты Кендебай» ертегісінің айналасында, яғни оқулықтың алғашқы оншақты бетінде теориялық ұғымдар сықап тұр: шығарманың тақырыбы, идеясы, мазмұн, пішін, түрі, тартыс, сюжет, фабула, композициялық құрылым әдеби түр мен тек, троптың түрлері, типтік бейне, прототип т.т. «Түсіну мен жауап беру» делінген алғашқы мақсаттың екінші міндеті «Әдеби шығарманың тұжырымдамасы» деп берілген. Сөздің қолданысы дүмәдел. Дәл осы міндет 5-сыныпқа да, 11-сыныпқа да ортақ.

Қорыта айтқанда, жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық құрылымы пәнді оқытудың танымдық, идеялогиялық, функционалдық, мақсат-міндеттерін қанағаттандырмайды.

Жалпыға міндетті білім стандартының талаптарына сай емес.

Оқу материалдарын іріктеуде тәжірибеміздегі сан жылдардан бері қалыптасқан ұстанымдарды есепке алынбаған.

Әдебиет пәнінің арқа сүйейтін негізі – әдебиеттану ғылымының заңдылықтарынан ауытқу байқалады.

Пәнді оқытудың мақсат-міндеттерін қоюда олқылықтар кездеседі. Оқу міндеттері танымдық жүйенің деңгейлеріне сәйкеспейтін тұстар көп.

Пәнді оқытудың мақсат-міндеттерін қою мен күтілетін нәтижелердің арасында бірізді байланыс орнатылмаған.

Әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесі ескерілмеген.

Әдебиеттер:

1. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. А.: Рауан, 1997.

2. Қазақ әдебиеті. Жалпы білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқулық А.: Атамұра. 2017

3. Қоңыратбаев Ә. 4-7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. А.: Мектеп, 1987.

4. Дәдебаев Ж. «Қазақ әдебиеті» пәнінің жаңартылған бағдарламасы. «Қазақ әдебиеті» газеті. 09.03.2018.

Ұлан Еркінбай,

А.Байтұрсынұлы атындағы

Білім академиясының директоры,

филол.ғ.к., қауымд.проф.

ОРТА МЕКТЕПТЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ МЕН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесі, әсіресе орта білім беру саласында ауқымды, концептуалды өзгерістер

жүріп жатқаны мәлім. Бұл өзгерістерге қоғам, ата-ана, мектеп болып жан-жақты атсалысу маңызды. Өйткені, барлығы да ұрпақ тәрбиесінен басталады. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы «... біз елді түзету ісін бала оқыту ісінен бастауымыз керек. Себебі, оқу-тәрбие ісі түзелмей, жұрт ісі түзелмейді» деді. Бүгінде орта білім саласында іске асып жатқан өзгерістердің дені әлемдік білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтарға бағытталып отыр. Ол жаңашылдықтардың негізгі тұжырымдамасы нені көздейді? Бұрынғы білім беру жүйесінде нендей мәселелер назардан тыс қалды? Қазіргі оқылып бастаған жаңа оқу бағдарламалардың басты артықшылықтары қандай болмақ?

Бұл жерде бірден айтуымыз керек, жаңа оқу бағдарламасының негізінде, өзегінде – оқушылардың әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуы көзделген. Бірақ, бұл жерде біржақтылыққа ұрынып қалмауды ойлауымыз керек. Әлемдік деңгейге өз ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып қосылуымыз керек. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты бағдарламалық мақаласында да бұл мәселе тайға таңба басқандай анық айтылған: *«Біз, өз дәстүр құндылықтарымызды, ұлттық ерекшелігімізді сақтай отырып, әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті болуымыз керек. Басқалай жағдайда, біз тарих топырағының шаңына көміліп қаламыз»* [1, 2-4 бб.].

Иә, бәсекеге қабілеттілікте, бүгінгідей алмағайып өзгерістер кезеңінде ұрпақ тәрбиесінің, оның адами, кәсіби келбетін танудың һәм қалыптастыру жолдарының маңыздылығы ерекше. Әсіресе, баланың стандартталған бағдарламалардан бір сәт азат етіп, өзінің ішкі, туабитті қабілеттерін шыңдауы, оны ұдайы дамытуы өте маңызды. Бұл тәсіл өз кезеңінде баланың өзін тез танып, өмірлік мұраттарын айқындауына септігін тигізеді.

Жаһандық бәсекеде қандай да бір ел білім саласында тиімді, төте тәсілдерді басшылыққа алса, ұлт пен ұлыстың, көне мен жаңаның, пішін мен мазмұнның, теория мен іс-

тәжірибенің синтезіне ие болса, сол ел озық шығады, жетістікке жетпек. Тұрақты өтіп тұратын Әлемдік экономикалық форум /World Economic Forum/ аясында 2020 жылды ескеріп жасалған қажетті дағдылардың реттілігі төмендегідей:

Проблемаларды кешенді түрде шеше білу – Complex Problem Solving

Сыни ойлау – Critical Thinking

Жасампаздық - Creativity

Адам басқара білу – People Management

Өзгелермен қарым-қатынасқа бейімділік – Coordinating with Others

Эмоционалды интеллект – Emotional Intelligence

Пікір қалыптастыру және шешім қабылдау – Judgment and Decision Making

Жүйелі де сапалы қызмет көрсете білу (сервис-ориентация) – Service Orientation

Өзара әрекеттестік пен келісім жасасу – Negotiation

Когнитивті икемділік (ақыл-ойдың өзгермелі құбылыстарға, жағдаяттарға жылдам бейімделуі) – Cognitive Flexibility

Бұл дағдылардың әрбіріне қатысты кәсіби, кешенді зерттеулер жүргізілген. Сонымен қатар, іріктеліп алынған 10 дағдының әрбірі негізінде заманауи еңбек нарығын, адамзаттың мәдени, рухани, психологиялық ахуалын, жалпы сұранысын зерттеп, талдап, сауалнамалар жүргізу нәтижесінде іріктелген. Және кезекті форумға дейін аталмыш дағдылардың орналасу тәртібі өзгеріп отырады. Мәселен, 2015 жылы алтыншы орында тұрған креативтілік, 2020 жылғы тізімде мәртебелі екінші орынға көтерілген [2].

Жаңартылған бағдарламаның жыры ертерек басталды. Елбасы Н.Назарбаевтың 2004 жылғы жолдауында білім берудің әлемдік бәсекеге қабілетті жаңа сатысына көшуіміз керек екендігі баса айтылды. Елбасының 2012 жылғы «Әлеуметтік- экономикалық жаңғырту – Қазақстан

дамуының басты бағыты» атты жолдауы негізінде ел Үкіметі «Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған Ұлттық жоспары» бекітілді.

Ұрпақ тәрбиесі үшін бұл құжаттың маңыздылығы ерекше. Құжаттағы негізгі міндеттердің жалпы мазмұны: мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамытудың отандық және халықаралық практикасын зерделеуден, білім мазмұнын жаңғыртуды қамтамасыз ету мен білім сапасын бағалау мен мониторинг жүргізу жүйесін дамытудан тұрады.

Жалпы функционалды сауатты адам деген қандай адам? Оның қандай ерекшелігі бар? Бұл сауалдарға кешенді түрде жауап іздеген халықаралық зерттеу ұйымдары жеткілікті. ЮНЕСКО пайымында функционалды сауатты адам -- қазіргідей мың құбылған заманда әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық өмірге белсене араласуға бейім, сондай-ақ, тұла бойы өмір бақи білім алуға қажетті қадір-қасиетке толы жан. Жалпақ тілмен айтқанда еті тірі адам! Қалай болғанда да жасанды интелект пен ХХІ ғасырдың үздік 10 дағдысының пәрменіне қарсылық таныту күн өткен сайын қисынсыз болып келеді. Жаһандық бәсекелестік тұжырымдамаларының ықпалы ең әуелі білім беру саласын нысанаға алатыны түсінікті. Таяуда жарық көрген «Төртөлшемді білім» атты ұжымдық жинақта ХХІ ғасырдағы білім беру: *білім, мінез, дағды, мета білім беру* деп төрт категорияға жіктелген. Осындағы мінез категориясына ұлттық дүниетанымды қамтитыны түсінікті [3]. Өкініштісі, көбіне, бағдарлама құрастыру барысында ұлттық ерекшелігімізге қатысты қағидаттар ескерусіз қалып жатады.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) оқушылардың функционалдық сауаттылығына қатысты тұрақты халықаралық бағалау жүргізіп келеді. Еліміз бұл аламанға алғаш рет 2009 жылы қатысқан. Зерттеу нәтижесінде: «Қазақстанның PISA мен TIMSS-қа қатысу

нәтижесі республикадағы жалпы білім беретін мектептер педагогтерінің мықты пәндік білім беретіндігін, бірақ оны нақты өмірдегі жағдайларда пайдалануға үйретпейтіндігін көрсетеді» деген қорытынды шыққан. Яғни, мұны «құрғақ теория бар, іс-әрекет жоқ» деп ұғынуға болады. Ұлттық жоспар аясында осы бағдарламаға мемлекеттік қазынадан 25 миллиард теңгеге жуық қаржы бөлінген. Ұлттық жоспардың негізгі орындаушылары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ және жергілікті атқарушы органдар болып бекітілген.

Оқушыларға басы артық абстрактілі-теориялық білім мен бітпес тапсырмалар беруді жойып, білім мазмұнының неғұрлым практикалық сыпаттағы болмысын қалыптастыру кешенді жобасының қысқаша тарихы осындай.

Енді бағдарлама мазмұнына оралайық. Осында қазақ әдебиеті бағдарламасына қатысты және барлық пәндерге де қатысты бағдарлама жауаптыларының санатына БҒМ Ғылым комитетіне қарасты салалық зерттеу институттарының қосылмағаны қателік болған. Себебі, ұлттық жоспардың нақтылы іс-әрекетке бағытталған жоспарында зерттеу институттары жоқ. Аралары онсыз да алыс практиктер мен теоретиктердің бір-бірін түсінбеуі бұдан соң мүлде алшақтап кеткен сыңайлы.

2017 жылы «Әдебиеттен 5 сыныпта кімдерді оқығыңыз келеді?» тақырыбымен Фейсбук парақшасында сауалнама жүргізген болатынмын. Сауалнама мәтіні төмендегідей:

Өзіңізді бір сәт 11 жасар ақылды оқушы сезініп, төмендегі екі бағдарламаның бірін таңдаңыз. Жауап ретінде 1 /бұрынғы/ және 2 /жаңа/ бағдарлама, 3 /ұсыныс/ сандарын қолданыңыз.

Бірінші тізім ескі бағдарлама, екінші тізім жаңа бағдарлама бойынша берілді.

1. Бірінші тізім: «Әдебиет пәні», «Халық ауыз әдебиеті», «Тұрмыс-салт жырлары», «Мақал-мәтелдер»,

«Қанатты, нақыл сөздер», «Жұмбақтар мен жаңылтпаштар», «Ертегілер» «Аңыз әңгімелер, шешендік сөздер», «Әпсаналар», «Әдеби ертегілер. «Ақселеу Сейдімбек. «Әйел-Ана» ертегісі», «Мысал өлеңдер», «Махамбет Өтемісұлы. «Соғыс», «Қызғыш құс» өлеңдері» «Ыбырай Алтынсарин. «Өзен» өлеңі, «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімесі» «Абай Құнанбайұлы. «Қыс», «Ғылым таппай мақтанба» өлеңдері, «Сұлтанмахмұт Торайғыров. «Шілде» өлеңі», «Мағжан Жұмабаев. «Қысқы жолда», «Сағындым», «Балалық шақ» өлеңдері», «Сәкен Сейфуллин. «Ақсақ киік» өлеңі», «Ілияс Жансүгіров. «Күй» поэмасы», «Мұхтар Әуезов. «Ақын қонақтар» («Абай жолы» роман-эпопеясынан үзінді)», «Сәбит Мұқанов. «Лашын» («Өмір мектебі» романынан үзінді)», «Ғабит Мүсірепов. «Жаңа достар» («Қазақ солдаты» романынан үзінді)», «Сапарғали Бегалин. «Бала Шоқан» («Бала Шоқан» повесінен үзінді)», «Қалмақан Әбдіқадыров. «Қажымұқан» (хикаяттан үзінді)», «Қасым Аманжолов. «Жамырап күнде жас өмір» өлеңі», «Жұбан Молдағалиев. «Ар-ұят туралы» өлеңі», «Сырбай Мәуленов. «Менің Республикам» өлеңі», «Қуандық Шаңғытбаев. «Сабалақ» өлеңі», «Мұқағали Мақатаев. «Фантазия», «Барлығы да сендердікі», «Мен таулықпын» өлеңдері», «Сәкен Жүнісов. «Ақырғы бәйге» («Ақан сері» романынан үзінді)», «Қадыр Мырзалиев. «Ана» өлеңі», «Қабдеш Жұмаділов. «Қозыкүрең» («Сәйгүліктер» романынан үзінді)», «Жұмекен Нәжімеденов. «Сен ақылды болсаң екен», «Жаманыңды көрмесем» өлеңдері», «Нәсіреддин Сералиев. «Аңсау» әңгімесі», «Тұманбай Молдағалиев. «Бауырлар» өлеңі, «Фариза Оңғарсынова. «Оюлар» өлеңі», «Мұхтар Шаханов. «Нарынқұм зауалы» өлеңі», «Күләш Ахметова. «Қазағым менің» өлеңі», «Даниэль Дефо. «Робинзон Крузо» («Робинзон Крузо» романы)» Қорытындылау (1 сағат).» Барлығы 48 туынды. 68 сағат. 4 тоқсан, 5-сынып.

2. Екінші тізім: *«Керқұла атты Кендебай» ертегісі, «Қобыланды батыр» жыры, Асан қайғы «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы, Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ыбырай Алтынсарин «Қыпшақ Сейітқұл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері, Ахмет Байтұрсынұлы «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқанишысы» өлеңі, Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» хикаяты, Марат Қабанбай «Бауыр» әңгімесі, Тынымбай Нұрмағамбетов «Анасын сағынған бала» әңгімесі, Джек Лондон «Мексика ұлы» әңгімесі". Барлығы 11 туынды. 68 сағат. 4 тоқсан, 5-сынып. [4].*

Бұл екі бағдарлама мазмұнына қатысты арналған сауалнамаға 150 адам қатысты. Сауалнама қатысушыларына жауап беру барысында оқушының физикалық, танымдық мүмкіндігін ескеру сұралды. Нәтижесінде қатысушылардың 78 пайызы екінші тізімді, яғни жаңартылған оқу бағдарламасын дұрыс деп тапты. 25 пайызы бірінші тізімді, яғни, жаңартылған бағдарламаға дейінгі қолданыстағы оқу бағдарламасын таңдады. Таңдау барысында жасаған аргументтермен толықтай фейсбук парақшадағы сауалнама соңында қалдырылған пікірлер арқылы танысуға болады.

Қос бағдарламадағы білім мазмұнының берілуіндегі айырмашылық жер мен көктей. Ескі бағдарламада мақсаттың орындалуындағы нақтылық деген атымен жоқ. Оны мойындауымыз керек. Жалпы шолу! Бір сағатта бір кезең не бір ғасырдың көркем мұрасы туралы ҰБТ-лық ақпаратты /үлгерсе/ беру. Ал жаңартылған бағдарламада оқу мақсаттарын едәуір күрделендіріп алған.

Мәселен жаңартылған бағдарламада (10-сыныптағы) базалық білім мазмұнындағы мына талаптар орта білім аясында игерілуі керек пе? Мұны талқыға салып саралау қажет деп ойлаймын:

«1) түсіну және жауап беру: әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық

мазмұнын терең түсіну, әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы мәселелермен байланыстыру, шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;

2) анализ және интерпретация: әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау, шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысы, шығармадағы автор стилі мен көркемдегіш құралдардың қызметін ашу, көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып, шығармашылық жұмыс жазу, әлем және қазақ әдебиетіндегі құндылықтардың үндесуін талдап, өзіндік ой қорыту;

3) бағалау және салыстыру: шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру, шығарманың идеясын жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу».

Тіпті бакалавр деңгейінде де ауыр болып келетін тақырыптар көп кездеседі. Бұл туралы бағдарлама авторлары «қазіргі оқушылардың деңгейінің жоғары, танымдық, ақпараттық мүмкіндігінің мол» екендігін алға тартады. Ал оқу мақсаттарының сынып жоғарылаған сайын күрделене түсуі, керісінше, құптарлық жағдай. Яғни, оқу мақсаттары арқылы берілетін тапсырма арқылы білімнің дағдыға айналу үдерісі орын алған. Бұл жаңа бағдарламаның бірден бір ерекшелігі деуге болады. Дей тұрғанмен оқу мақсаттары туралы әлі де пысықтайтын жайттар жетерлік.

Бір нәрсе анық, әдебиетке қатысты біздің таптаурын түсініктеріміз әлі де салтанат құруда. Ол түсініктер әдеби

зерттеулерден бастап, қоғамдық пікірлерге дейін жалғасып жатады. Ал білім беру жүйесінде ондай түсініктер автор таңдауда, оқулық мазмұнын қалыптастыруда, оқулық тілі мен рәсімделуінде де кезігеді. Аталмыш стереотиптердің даму барысын, динамикасының өзі арнайы зерттеуді талап етеді. Әлбетте ол бөлек тақырып.

Бір жағынан жасанды интелектпен жарыса жүріп, адамдығыңды, ұлттық болмысыңды танудың өзектілігі сәт сайын артуда. Әр кезеңнің өз қиындығы бар, өзіндік жаһандық машиналары бар. Кезінде советтік машинаға қарсы ірі феномендік антивирустар болды. М.Әуезов, Қ.Сәтпаев, Ә.Қастеев, Ә.Марғұлан, Ш.Айманов, Б.Соқпақбаев, «Отырар сазы» ансамблі, «Қыз жібек» көркем фильмі, «Көшпенділер» трилогиясы, «Дос-Мұқасан». Қазіргі халымыз қалай? Қазіргі жаһандық машинаның қарқыны сұмдық. Тәсілі мүлде бөлек. Жылдамдығын болжаудың өзі қиын... Осындай сын сәтте тіл мен әдебиет сынды төл пәндеріміздің тағдыры қыл үстінде қалды. Кіммен ақылдасасың? Димашпен бе, әлде «91» мен бе? (Екеуі де төл мәдениетті өз мүмкіндіктерінің деңгейінде насихаттап жүр). 2009 жылы үкімет функционалды сауатты маман дайындаймыз деп шешім қабылдаған екен.

Басқа пәндердің қалай бейімделгенін қайдам әдебиет мамандары функционалды сауаттылық пен ұлттық құндылық, өнерге құштарлық ұғымдарын еш қабыстыра алмады. Оның үстіне бұған қай мекеменің толықтай жауапты екені де белгісіз күйінде қалды. Осылардың көзі ашық ау деп мойындарына жүктелген соң НЗМ мамандары мұны қосымша атқарып шыққан. Нәтижесінде, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары негізінде жазылған оқулықтармен мектептер оқып жатыр. Пән мұғалімдерінің мойнында көзге көрінбейтін түрлі түрлі міндеттер бар: функционалды сауатты бала тәрбиелеу, ұлттық дүниетанымы терең бала тәрбиелеу, оқушының көркем дүниеге деген сүйіспеншілігін ояту т.с.с. Әрбірі бір-бір институттың міндетіндей. Қалай болса да жаһандық үдерістен қашып құтылу қиын. Қашатын жер де жоқ.

Өз болмысыңа адал болсаң, ол үдерісін де мода қуалап жайына кетер. Бірге еріп кетпесең болды. Мәулана «бір аяғың төл құндылығыңда болсын, екінші аяғыңмен ғаламды шарла» деп пе еді?! Қазіргі виртуалды әлемнің жемісін сонау 60 жылдары көркем мәтінге түсірген фантаст жазушы Айбек Азимов: «Келешекте қандай мамандық пайда болады дей бергеннен гөрі, біз өзі қандай болашақ таңдаймыз деген жөн-ау,» - деуші ме еді?! Сіз қалай ойлайсыз, мектепте әдебиетті қалай оқыту керек? Жеке тәжірибелеріңізбен бөліссеңіздер! Жақын күнде мектеп форматы өзгеріп кеткелі тұрған жоқ. Ұлт болашақтары өмірінің 3/1 мектепте өтіп жатыр. Мәселенің маңыздылығын ескере отырып, төмендегідей ұсыныстарды талқыға саламын:

1. Мектептегі тіл мен қазақ әдебиет пәнінің білім мазмұнын, оқу бағдарламасын жасауға педагог, психолог, ғалым, білім сарапшылары, пән мұғалімдері, әдіскерлер қатысу керек. Құжат аталған салаға тиісті мекемелерден сараптамадан өтуі керек.

2. Мектеп оқулығында балалар оқуға тиіс авторлар таңдау ұстанымын /егер ондай бар болса/ түбегейлі өзгерту керек. Ана классик жоқ, мына классиктен үзінді ғана берілген, анау ана бағдарламада бар, енді мынаны мұнда кіргізейік, анау неге кірмеген, мынау қайдан жүр деген пікір алуандығын тудырмайтын нақты өлшем керек. Ол қазір жоқ. Егер бар болса, тиісті мекемелер оны ашық жариялау керек.

Оқулықта адамнан ұғымға емес, ұғымнан адамға жүру жүйесі өркениетті елдерде кеңінен қолданылады. Сонда ешкім ренжи алмайды. Ол үшін көркем туындыдан алатын ұғымдар жүйесінің картасы жасалып оқулық сол реттілік негізінде құрастырылуы керек. Онда оқулық ұстанымы міндетті ұстанымынан қажеттілік ұстаныма өтеді. Сонда мәңгілік тақырыптарды қозғаған халық әдебиеті мен баланың жанын жадыратар «Менің атым Қожа» сынды мәтіндер өзінен өзі сұрыпталып шығады. Әйтпесе, қазақы талғамның түбіне жете алмай кетеміз...

3. Мұғалімдердің шығармашылық еркіндігі шектелмеуі керек. Ол үшін оқулық, бағдарлама ережелік статусынан, нұсқаулық, ұсынымдық статусқа көшу керек. Шығармашылық пәндерге тән мұндай ұстанымдарды барлық білім басқармаларына жеткізу керек. Мұғалімдердің ғылыми, креативтік, әдіскерлік қабілетін ұштастыратын тәуелсіз шығармашылық платформа қажет. Сонда олар да оқушыларға өнер дүниесін сүйдіруді ойлайды. Авторлық бағдарламаларын ұсынады.

4. Тіл әдебиет мұғалімдері тұлғалық, кәсіби, шығармашылық, әлеуметтік тұрғыда өздерін шындай алуы керек. Олардың қабілеті мемлекеттік деңгейде дұрыс бағаланған жөн.

5. Оқулық тілін монографиялық тілден құтқару керек. Бұл қылмыс. Бұл барлық пәндерге қатысты. Оқулықтың тілін формалды сараптамалардан өткізу белең алған. Қазір ақпарат қолжетімді, тіпті болмаса оқушылардың өзіне де оқытып алуға болады. Ондай тәжірибелер жеткілікті. Бізде емес, әрине. Жазып беріндерші деу ұят шығар енді..

6. Шетелдік тәжірибе дегенде олардың төл мәдениетін мектепте оқыту жолдарын қарастыру керек. Тіл әдебиет мұғалімдерін де ауылдан шығарып, халықаралық деңгейде тәжірибе алмастыру керек. Қаласаңыз да, қаламасаңыз да олар ұлттық идеологияның адал әскерлері

7. БҒМ қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ерекшелігін ескеріп, кезеңдік, өткінші, әлемдік білім беру тенденцияларын тели бермеу керек. Осы салада дұрыс мониторинг керек.

Әдебиеттер:

1. Н.Назарбаев. Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар // «Егемен Қазақстан», 2017. №0091
2. www.weforum.org/reports/
3. Фейдл Ч., Бялик М., Триллинг Б. Четерехмерные образования. М.2018

<https://www.facebook.com/tanbalykz/posts/786760478174>
447

4. Эриксон Э. Детство и общество (Childhood and Society). М., 1950.

5. Гарднер Г. Структура разума: теория множественного интеллекта = Frames of Mind. The Theory of Multiple Intelligence. – М., 2007.

6. Метин О. Egitimde akıl oyunları /Білім берудегі интеллект ойындар/– Istanbul, 2015.

7. Соқпақбаев Б. Менің атым Қожа. А., 2012.

8. Робинсон К. Школа будущего.

Бактыгүл Құрбанбаева,

Алматы облысы Іле ауданы

*Өтеген батыр кенті №24 лицейдің
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

9-СЫНЫПТА «АБАЙТАНУ» КУРСЫН СТАНДАРТҚА САЙ ӨТУ

Абай – әлемдік тұлға. Ол өз халқының мұң-мұқтажын, қоғамдық-философиялық ойларын, мәдениеті мен әдебиеттегі көркемдік ізденістерін жаңа сапаға көтерді. Ұлы ақынның арман-тілегі бүкіл адамзаттың ең биік асыл мұраттарымен де үндесіп жатыр. ХХІ ғасырда кез келген қоғамның парқын, түптеп келгенде, адам сапасымен өлшеу үрдісі бірінші орынға шығып отыр. Бұл ретте Абай армандаған «бүтін адам», Абай көксеген «толық адам» тұжырымдамасы ең озық ой-идея ретінде бүгінгі зерделі оқырманды да бей-жай қалдырмайды. Абайды тану арқылы біз өз болмысымызды танып, болашағымызды бағдарлаймыз.

Абайтану курсының тақырыптық-күнтізбелік жоспары 2012 жылғы 27 сәуірде бекітілген. «Абайтану» колданбалы курсының бағдарламасы Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламаларын негізге алып құрастырылды.

Мектептерде «Абайтану» курсын оқытудың мақсаты: ұлы ақын шығармаларын терең де жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыру.

«Абайтану» курсының міндеттері:

- Ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректерге сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;
- Қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану. Абай шығармаларын оқып, білудің өзектілігін, абайтану ғылымының мол мұрасы- қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру;
- Ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету, қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл-күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастармен таныстыру;
- Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау. Қазіргі абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету.

Күтілетін нәтиже: сан қырлы ғажайып ақынның, ой данасының мұраларын оқып-үйренген, саналы ой түйе білген, өлеңді мәнерлеп оқи алатын және көркем шығармалардан ләззат ала білетін шығармашыл тұлғалардың шығуы.

Енді өз тәжірибеммен бөлісетін болсам, мен 2016 жылдың мамыр айында «Абайтану» курсынан өттім. Сол курстың сертификатын қолыма алғаннан кейін 9-сыныптарға осы курс бойынша факультативтік сабақ беріп келемін.

Абайтану факультативтік курсы аптасына 1-сағат, жылына 34- сағат.

Жыл бойы күнтізбелік жоспар бойынша жоспарланған тақырыптардың барлығы толық өткізіледі.

Әр оқу жылының ІІІ тоқсанында лицейшілік «Абай оқулары»өтеді. Абай оқуларын өткізуге, аудандық Абай оқуларына оқушыларды қатыстыруға, апарып-әкелудегі өмір қауіпсіздігіне өзім жауаптымын. Былтырғы оқу жылындағы «Абай оқулары» қорытындысы бойынша менің оқушым 9 «А» сынып оқушысы Мәлікақын Дамир «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» номинациясы бойынша І орынға ие болып, ауданға жолдама алды. Аудан мектеп оқушылары арасында өткізілген Абай оқуларының «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» бөліміне қатысып, жүлделі І орынға ие болды.

Жыл бойы өткізілетін өз сабақтарымда алдын ала дайындалған слайдтармен, теориялық білімдерін дәптерлеріне жазғызумен бекітіп отырамын. Арасында оқушылар жазудан шаршаған кездері сергіту мақсатында ойын ойнатамын. Ол жерде де тек ойын ойнап қана қоймай, осы Абайға байланысты сұрақтардың жауаптарын шешетін еді.

9-сыныптарда күнтізбелік жоспар бойынша ІІІ тоқсандағы бүкіл тақырыптар Абайдың қарасөздеріне арналған болатын. Осы әрбір сыныпта өткен әрбір сабақ сондай қызықты, пікірталасқа толы.

ІҮ тоқсанда болашақта, 11-сыныпта мектеп бітіру емтиханында эссе жазатындықтан «Абай жолы» роман-эпопеясын бүге-шүгесіне дейін талдау жұмыстарын жүргізіп, оқушыларды эссе жазуға дағдыландырамын.

Қорыта келгенде, Абайдың отыз сегізінші сөзінде, ғылымды әл-Фарабидің үлгісімен сала-салаға бөліп, ұстаздарға ғылым негізін жоспарлы және жүйелі түрде бала түсінігіне ұғымды, қызықты, тартымды етіп оқытуға, білімді өмір талабымен ұштастыра беруге кеңес береді. Біздің ұстаздарымыз ғалымның сол сөзін өздерінің бойтұмары ретінде алып, оқушыларда Абайды жан-жақты таныту мақсатында біршама игілікті жұмыстар жасалды деп толық сеніммен айта аламын.

Мейрамгүл Нүсіпбекова,

Алматы қаласы Түрксіб ауданы

«Д. Бабаев атындағы №115 жалпы

білім беретін мектеп» КММ-нің

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі,

жоғары санатты, шебер-педагог

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША МЕКТЕПТЕ «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІН 5-10 СЫНЫПТАРДА ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазақ әдебиетін мектепте оқытудың әдістемесі жасалған. ЖОО-дағы болашақ педагогтар онымен толық танысып, терең білім игеріп шығады. Ұлттың жаны болатын қазақ әдебиетін оқыту теорияға қарағанда тәжірибелік жағынан алғанда басқа қырынан танылатыны да рас. «Қазақ әдебиеті» пәні жалпы білім беретін мектептерде білім «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім

берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына» сай Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 наурызда № 18382 болып тіркелді) бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары негізінде тақырыптық күнтізбелік жоспар жасалынып оқытылады. Әдебиет – сөз өнері. Адам жүрегін тербетіп, ақылын таразылап, тілін кестелеп айтқан сөз орнында тұрса ғана әдебиет деген өнер пайда болады.

Сол өнерді қалай оқытып жүрміз? Оқыту процесінде мынадай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе – мұғалім оқытуы, екінші мәселе – оқушының оқуы. Әдебиетті оқытуда әдіс-тәсілдер мол-ақ, бұрыннан келе жатқан дәстүрлі зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше. Заман талабына сай жаңартылған білім мазмұнына сай жүзден астам тәсіл сабақтарда кеңінен қолданылады. Мектепте «Қазақ әдебиеті» пәні көркем әдебиетті, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын қамтиды. Жағартылған білім мазмұны бағдарламасы да осыған негізделген. (1-сурет)



Жоғарыда айтылған «Стандарт» пен «Бағдарламаға» сәйкес оқулықтар жасалған. Сөзім нақты болу үшін 5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» оқулығынан мысал келтірейін, 5-сыныпта аптасына 3 сағат, жылына 102 сағат оқытылады.

1. «Қазақ әдебиеті» пәндік білімнің мазмұны бөлімдерге бөлінген: түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, бағалау және салыстырмалы анализ, сонымен қатар, дағдыларды қалыптастыратын

бөлімшелерден тұрады. Бағдарламаның бұл бөлімі пән бойынша оқу мақсаттарынан тұрады:

1) **Түсіну және жауап беру:** әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау арқылы идеялық мазмұнын түсіну, әдеби шығарманың жанрлық табиғатын тану, көркем шығармадағы кейіпкерлер жүйесін жинақтау мен даралау, көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану, ұлттық құндылықтардың маңыздылығын контекстермен үндестіру;

2) **Анализ және интерпретация:** әдеби шығарманың әртүрлі композициялық ерекшеліктерін талдау, автор бейнесінің шығармадағы белгілі бір оқиғадағы көрінісі, шығармадағы көркемдегіш құралдардың орны мен қызметін ашу, көркем шығармада көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы шығармашылық жұмыс жазу, қазақ әдебиеті мен әлем әдебиетіндегі ортақ құндылықтарды анықтау;

3) **Бағалау және салыстыру:** шығарманың тарихи және көркемдік құндылығын анықтап, бағалау, көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына баға беру, шығарманың идеясын адамгершілік құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу, ғылыми еңбектерді негізге ала отырып, әдеби сын жазу.

Бұл сыныпта оқуға қамтылған шығармалар **«Таза, мінсіз асыл сөз» бөлімінде** «Керқұла атты Кендебай», «Қобыланды батыр», «Асан қайғының жерге айтқан сынын» оқиды. **«Тәрбиенің қайнар бұлағы» бөлімінде** Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі, Ы. Алтынсариннен «Қыпшақ Сейітқұл» шығармалары оқытылады. Оқу мақсаттары:

5.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау

5. Т/Ж2. Әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын анықтау

5. Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу

5. А/И1.Әдеби шығармадағы екі нәрсені салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табу

5.Т/Ж3. Көркем шығармадағы кейіпкерлер портреті мен іс-әрекеті арқылы образын ашу.

5.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерді өзіндік құндылығы тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу.

5. Б/С2.5 Кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалау

5. А/И3. Шығармадағы тілдік бейнелеу, суреттеу құралдарының (теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер, қайталау, өлең құрылысы) мағынасын анықтау;

Бұл жерде біз алдымен көркем шығармамен танысамыз, берілген бір үзіндіні оқимыз да әрі қарай талдауға көшеміз. Аптасына 3 сағат берілген соң, оқушы оқулықтағы әр жерден алынып, берілген үзіндіден ұққанына қарай талдайды, әрине, мұғалімнің көмегіне жүгінеді. Мақсат орындалғандай болады. Көркем шығарманы оқыту – оқушының сөз қадірін түсінерлік ойлау әрекетін дамыту, рухани дүниесін байыту, эстетикалық талғамын жетілдіру, адамгершілік қасиетін қалыптастыру,» – деген болатын әдебиет зерттеуші, ғалым, белгілі жазушы, ұлағатты ұстаз Қажым Жұмалиев. Оқушы әдебиет сабағында көркем шығарманы қабылдау керек. Бұл оңай үрдіс емес. Қабылдау деген сіз бере салғанды ол ала қоятын зат емес. Ол – оқушының өзінің жан қалауымен, жүрек сезімімен, рухани әрекетімен жүзеге асатын дүние. Қандай жақсы көркем шығарма болса да оқушы қабылдау үшін әрекет жасамаса, автордың жай күйзелісін, шалқар шабытын бойынан өткізіп, көркем суретті көз алдына елестетіп, келтіре алмаса бәрі бос сөз. Оқушыдағы осы сезімді ояту – мұғалімнің қолында, яғни, оқушыға әдеби білім беру, әдеби, эстетикалық, адамгершілік қасиеттерін дамыту үшін мұғалім әдебиетті оқыту барысында әдіс-тәсілдерді орнымен қолданады. Бір сөзбен айтқанда, жеке тұлғаны дамыту, қалыптастыру болып табылады.

– көркем шығарманы оқуға деген қызығушылығын, ынтазарлығын ояту, жоғары эстетикалық талғам мен қажеттілікті қалыптастыру;

– сөз өнерінің ерекшеліктерін түсініп, тануға, ой көзімен зерделеуге негіз болатын білім, білік, икем-дағдылар қалыптастыру;

– ойын сауатты ауызша (жазбаша) айта да, жаза да білу, байланыстырып сөйлеудегі тіл мәдениетін қалыптастыру және дамыту, өзіндік ой-пікірін дәйекті, жүйелі айта білуге баулу. Әдебиет – ұлттық танымның қайнаркөзі, сондықтан көркем шығармадан алынған үзінділерді оқулыққа ендіруде төмендегідей қағидалар басшылыққа алынғанын білеміз.

– Оқушы тілін дамыту негізінде оқырмандық біліктілікті қалыптастыру;

– Оқушылардың тілдік қатынасын коммуникативтік түрде дамыту;

– Ой, ойлану, ойлату барлық пәндерге де керек.

Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе өзіндік пікірде жатыр. Көркем туындыны оқытудың ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешілігі де, күрделілігі де осында.

Көркем туындыны оқу бар да, талдау бар. Талдау оқусыз жүзеге аспайды. Оқу баланың өз еңбегімен жүзеге асыруы, талдау мұғалім, оның ұйымдастыруы, жобалауы, тиімді жағын ойластыруы арқылы жүзеге асады. Көркем мәтінді оқушы қалай оқып, қабылдайды, қандай ой туады, өз көзқарасын қалай жеткізеді – бұл оқушы мен мұғалімнің бірлескен еңбегінің жемісі болмақ.

Қазіргі әдістемеде талдау жасаудың 4 түрі жүзеге асырылады.



Қандай талдау түрі болса да не мақсат көзделеді? Бұл сұраққа әдіскер Қ.Бітібаеваның сөзін негізгі ала жауап берсек:

- оқушының туындыны қабылдауы, әсері, эмоциясын тану,
- эстетикалық талғамын қалыптастыруға сеп болу,
- таным қабілеті, ойлау белсенділігі мен дербестігін ұштау,
- ең бастысы, көркем туынды бойынша талдау жасау, пікір айту жолдарын меңгерту /тақырыбы, авторлық идея, образдар жүйесі, сюжеттік-композициялық ерекшелігі, көркемдік-эстетикалық жағын т.б. кешенді түрде қарастыру/.

Көркем туындыны оқытып, сауатты талдауға қол жеткізу үшін автордың мақсат-мұратын, ойын білдіретін әрбір деталь, көркемдік тәсілді дәл танып, жазушы шеберлігін оқушыға дұрыс таныта білу керек. Енді 6-сынып қазақ әдебиеті пәніне тоқталайық: Абай Құнанбайұлының «Ғылым таппай мақтанба», «Бірінші сөз», «Жетінші сөз» «Отыз бірінші сөз» шығармаларын оқытуға төмендегідей оқу мақсаттары қойылған:

6.Т/Ж1. Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау.

6. А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау.

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту

6.Б/С4. Шығармада көтерілген мәселенің әлеуметтік рөлі туралы сыни хабарлама жасау.

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.А/И4. Әдеби көркемдегіш құралдарды пайдаланып шығармадағы табиғат көрінісін, оқиға орнын, кейіпкер бейнесін сипаттап жазу;

6.Б/С3. Шығармадағы кейіпкерлер қарым-қатынасын отбасылық құндылық тұрғысынан талдап, әдеби эссе жазу;

6.Т/Ж2. Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру;

6.А/И1. Шығарма композициясындағы белгілі бір эпизодтың алатын маңызына негіздеме жасау;

6.Т/Ж4. Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту;

6.А/И2. Эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;

Міне, өздеріңіз көріп отырғандай бағдарлама мақсаты, көркем әдебиеттің мазмұнын меңгеруден гөрі теориялық талдау жасау жағын молынан қамтыған. Бұл мақсаттар көркем мәтінді толық оқытудан гөрі, оқушыны өзге пікірді

қабылдауды көздейді. Әрине, ғалымның пікірі құнды. Бірақ оқырманның көркем туындыдан алатын әсері қашан қалыптасады. 6-сыныпта оқитын баланың ұғымы осыны қабылдауға әзір ме?!

10-сынып (қоғамдық-гуманитарлық бағыт) «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша (жылына 102 сағат, аптасына 3 сағат) дәл осы тақырыптар мен мақсаттар қайталанады. Бұл сыныпта Абайдан «Сегіз аяқ» өлеңі, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы», «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Болыс болдым, мінеки», «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Он жетінші қарасөзі», «Отыз екінші қарасөзі», «Отыз үшінші қарасөзі», «Ескендір» поэмасы, «Әлем және қазақ әдебиетіндегі ортақ құндылықтар» деген тақырыптар берілген. Оқу мақсаттары:

- 10.1.1.1 Әдеби шығарманың сюжеттік-композициялық құрылысын талдау арқылы идеялық мазмұнын терең түсіну;
- 10.2.2.1 Шығармадағы авторлық идеяның өмір шындығымен байланысын айқындау;
- 10.1.2.1 Әдеби шығармадағы көтерілген мәселелерді ұлттық мүдде тұрғысынан ашу;
- 10.1.4.1. Көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру;
- 10.2.3.1 Шығармадағы көркемдегіш құралдар мен айшықтау амалдарының қызметін талдау;
- 10.3.2.1 Көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру;
- 10.2.1.1 Әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау;
- 10.2.4.1 Көркем шығармадағы көтерілген мәселелерге талдау жасау арқылы өзіндік пікірін қосып,

шығармашылық жұмыс (эссе, әңгіме, өлең, әдеби және еркін тақырыптарға шығарма) жазу;

- 10.1.5.1 Шығармадағы ұлттық құндылықтардың әлемдік тақырыптармен үндестігін ашу;
- 10.3.4.1 Шығарманы идеялық жағынан мазмұндас туындылармен салыстыра отырып, әдеби сын жазу;
- 10.3.1.1 Шығарманы мазмұндас туындылардың үлгілерімен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау;
- 10.3.2.1 Көркем шығармадағы көтерілген мәселелердің жаңашылдығына сыни тұрғыдан баға беру;
- 10.2.1.1 Әдеби шығарманың композициясын уақыт пен кеңістік тұрғысынан талдау;
- 10.1.4.1. Көркем шығармалардан алған үзінділерді ғаламдық тақырыптағы өзекті мәселелермен байланыстыру.

Оқу материалы мен оқу мақсаттарына қарап отырып, игерілетін материалдың оқушы ұғымына қаншалықты сай екендігіне ойланып қаласың. Мазмұн мен идеяны меңгеретін шығар, ал қалған талдаулар болашақ журналист, әдебиет пен тіл маманы болатын оқушыға ғана қажет екені анық, ал алдына ондай мақсат қоймаған оқушыға артық жүк екені де рас. Материалдың мұндай күрделі болуы көпшілік оқушыны құр жаттауға итермелейді. Мұның аты – білім негізін түсінбеу деген сөз. Ал жеңіл материалдың тез ұмытылу да мүмкін. Себебі, оны оқушы оңай игереді де, кейін оған оқушы көп назар аудармайды. Бұл сияқты көріністермен күресуде көптеген әдіс-тәсілдер қолданылып келеді. Оқушы білімінің тиянақты болуы, түсінігінің дұрыс қалыптасуы үшін жаңа сабақты түсіндіру процесінде оларды үнемі тартып, әрекетке араластырып отыру қажет.

9,10,11-сыныпта «Қазақ әдебиеті» деген оқулық әңгіме, хикаяттан бастап, атышулы роман, дилогия, трилогия, драмалық жанрларды, поэма, дастандарды, жырлар

мен айтыстарды түгел қамтиды. Былай қарағанда бәрі дұрыс сияқты, бірақ осы пәнді оқыту үрдісі мектептегі оқушының сөздік қорын дамытуға қаншалықты үлес қосады?! Отыз жыл сабақ берсем де, өзегімді өртейтін бір өкініш бар. Оқушыларым сол көркем шығарманың өзін, түп негізін оқымайды. «Отыз жыл сабақ беріп, енді неге оқыта алмай отырсың?» деген сұрақ көкейлеріңізде тұрғанын білемін. Бір сөзбен айтқанда, бағдарлама да оқулық та тек теорияға негізделген. Оны игеру үшін көркем шығарманың өзін оқып, негізінен нәр алу керек. Әр сабақта көркем шығарманы ғалымдардан кем талдамайтын оқушылардың ойында бірде бір жазушының, не ақынның бейнесі қалмайтыны қалай? Бұл аз ғана уақытта көп нәрсені оқытудан шығып отырған жоқ па?! Ары бармай-ақ, мынаған көз жүгіртейік. 1980 жылдары 5-сыныпта қазақ тіл мен әдебиеті пәнін аптасына 8 сағат оқыттық. Қазақ тілі 5 сағат, қазақ әдебиеті 3 сағат оқытылды. Оқыту әдебиеттік оқуға негізделді, бала ұғымына сай ғана талдаулар жасалды. Ал қазір 5-сыныпта 5 сағат оқытылады, оның 3 сағаты қазақ тілі, 2 сағаты әдебиет. Сол 2 сағатта көркем әдебиетті емес, әдебиеттің тарихы мен теориясын және әдебиет сынын оқытып кеттік, стандарт та, бағдарлама да, оқулық та соған негізделіп жасалып отыр. «Әдебиет» дейтін ғылымның көркем әдебиет, әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, әдебиет сыны деген салаларын түгел осы 2 сағатта қамтитын болдық та, көркем әдебиет ысырылып шетте қалды. Әр аптадағы қазіргі 80 минут оқушыға не береді?! Қазіргі баланың өздігінен көркем шығарма оқымайтыны бәрімізге белгілі. Әр жыл сайын қазақ балаларының туған әдебиеттің нәріне қанатын уақытын неге қысқартып жатырмыз? Балаға таза көркем туынды оқытатын уақытты мектеп бағдарламасына енгізетін күн туа ма? Бұрынғы 80 жылдардағы 8 сағаттың бәрін орыс тілі мен ағылшын тіліне үлестірдік. 8 сағатты қысқартып, өзге пәндерге бердік. Сабақтан кейін түрлі спорттық үйірмеден (баскетбол, волейбол, күрес, дзюдо, каратэден) шықпайтын балаларға

дене қимылы қажет деп, тағы осы пәндердің есебінен сағат үлестірдік. Себебі ағылшын тіліне, орыс тіліне, дене шынықтыру пәндерінің сағаты көбейтілгенімен, оқу жоспарына артық сағат қосылған жоқ. Қосылған сағаттар қазақ тілі мен әдебиетінің бұрынғы 8 сағаттық апталық сағаттарды қысқарту есебінен жүрді. Ал, бүгінгі бала рухани жүдеулікке ұшырады десем артық айтпаймын. Енді аздан соң, бар ақыл-ойынан тоналғандарды отызында бесікке таңып отырмасақ жарады. Осы келеңсіздікті жою үшін мектептің оқу жоспарын қайта қарап, оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәнін енгізіп, бағдарлама жасау керек-ақ. Біз мектепте көркем әдебиетті емес, әдебиет тарихын, әдебиет теориясын, әдебиет сынын оқытып жүрміз. Өйткені «Көркем әдебиет» пәні оқу жоспарында жоқ, бағдарламада да жоқ, оқулықтар тек теорияға негізделіп жасалған. Бұл бағдарламаның оқу мақсаттары тек арнаулы тереңдетілген мектеп пен мектеп лицейлерінің оқушыларына лайықты. 2,3,4-сыныптарда да бұл бағдарламаны меңгеретіндей негіз жасалмаған. Қала оқушыларының ойы орысша, тілі қазақша екенін ескерсек, 5-сыныпқа келеген оқушы кең көлемді шығармаларды 40 минутта ежіктеп оқып үлгермейді. Сөздік қоры аз болғандықтан, көркем туындының мазмұнын да меңгере алмайды. Олай болса, біздің алдымызда бірнеше міндет тұр:

1. Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай мектептің оқу жоспарына «Көркем әдебиет» пәні енгізіліп, бағдарламасы жасалуы керек;
2. «Қазақ әдебиеті» пәні 2, 3, 4-сыныптардан оқытылып, ертегі, аңыз, мақал-мәтел, шағын көлемді әңгіме (Ы.Алтынсарин әңгімелері) жанрын қамтыған, тек мазмұнға құрылған, тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым

дағдыларымен жасалуы керек (теориясыз, тек мазмұн, сөздік қор, кейіпкер);

3. 5-6 сыныптың жас ерекшелігіне қарай ертегінің түрлері, аңыз, шағын көлемді хикаяттар, өлеңдер көркем мәтін мазмұны, оқиға желісі, жоспар құру;
4. 7-8 сыныптарда көлемді әңгіме, хикаят, тарихи жырлар мен эпостық жырлар;
5. 9, 10, 11 сыныптарда қазақ әдебиеті туындыларын кезең-кезеңімен көркем мәтін және теория, әдеби сынды алуға болады. Оқу мақсаттары да соған негізделуі керек.

Білімді жаңғыртудың басты мақсаты білім беру жүйесінің тұрақты дамуынан және оны ХХІ ғасыр қажеттілігіне сай қамтамасыз етуден тұрады. Қазіргі тандағы білім беру саясатының ең бірінші міндеті – жоғары сапалы білім беруге қол жеткізіп әрі оны тұлғаның, қоғамның және мемлекеттің өзекті де, өміршең қажеттілігіне сәйкестендіру. «Білім – дүниенің ең үлкен қазынасы» екенін ескерсек, баланың көркем әдебиетті оқып, өзі талдап, өзі ойлауына, өзі шешім шығаруына жағдай жасайық.

Әдебиеттер:

1. Ақшولاқов Т.Қ. Шығарманың көркем айшықтарын таныту. Алматы, 1994.
2. Ахметов К.К. Әдебиеттану әліппесі. Алматы, 2000.
3. Әбдіғазиев Б. Шәкәрім Құдайбердиев, творчестволық өмірбаяны /методикалық нұсқау/ Алматы, 1989.
4. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. Алматы, 1997.
5. Дәулетбекова Ж. Оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. Алматы, 1997.
6. Хамзин М.Х. Қазақ романдарын қазіргі кезеңде оқыту мәселелері /оқу-әдістемелік құралы/ Жезқазған, 1993.
7. Бітібаева Қ. Қазақ әдебиетін тереңдетіп оқыту. Мектеп баспасы, 2000.

Әділет Жексенбі,
*Жамбыл облысы Меркі ауданы
Темірбек Қожаскеев атындағы №39
мектеп-гимназиясының қазақ
тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН КЕМШІЛІКТЕРІ

*«Балаға көп үйретемін деп, асығып шала-шарпы үйретуден
гөрі, аз болса да анықтап нық үйрету абзал»
А.Байтұрсынұлы*

Бүгінгі жиында әдебиет оқулығының құрылымына, әдебиет үлгілерінің нені басшылыққа алып, мектеп оқушысына ұсынылғандығын көтергім келеді. Қазақ ауыз әдебиеті рухани уызымыз. Әдетте 6-7-8-сыныптарда «әдебиеттік оқу» оқулықтарында ертегіден басталатын. Қазір ше? 5-сынып «Керқұла атты Кендебай , Қобыланды батыр, аңыз әңгімелер» оқып үйренеді; 6-сынып «Аяз би», 7-сынып «Қыз Жібек» жырын, 8-сыныпта ауыз әдебиеті үлгілері жоқ. Ал 9-сыныпта айтыс туралы шолу және Біржан-Сара айтысы берілген. Сонда оқушы ауыз әдебиеті түрлерінен толық мағлұматты қашан алады деген сұрақ туындап тұр. Мақал-мәтел, жаңылтпаштар, тұрмыс-салт жырлары, айтыстың түрлері ерекшеліктері мүлдем берілмеген. Бұрындары талданып жүрген «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қозы көрпеш-Баян сұлу» жырларының мектеп оқушысына таныстырылмай қалу себептерін әдебиетші мұғалімдер түсіне алмай отырмыз.

Ежелгі дәуір әдебиеті – ұлттық мұра. Онымен ешкім сөз таластырмайды алайда осы әдеби мұраның берілу жүйесіздігі оқушыға да мұғалімге де қиындық туғызып отыр.

7-сыныпқа ұсынылған ежелгі дәуір әдебиетінің кезеңдері, «Күлтегін» жырын бұрын 9-сынып оқушылары талдайтын.

Жыраулар поэзиясы 7-сыныпта Жиёмбет, Қазтуған жырау, 8-сыныпта Ақтамберді, Шалкиіз 9-сыныпта Бұқар жырау мен Нысанбай жыраулар арқылы беріліп отыр. Үш ғасырды қамтыған жыраулар поэзиясымен оқушы неге толық таныспайды және оларды әр сыныпқа бөліп берудің мақсаты неде? С.Тұрсынғалиева, Г.Бәкеновалардың 9-сынып оқулығында жыраулар толық қамтылған еді.

Жалпы жаңартылған білім беру мазмұнына арналған қазақ әдебиеті оқулығының басты кемшілігі оқулықты құрастыруда әдебиет тарихын басшылыққа алмау деп білемін. Атап айтқанда, Ы.Алтынсарин – қазақ балалар әдебиетінің атасы. 5-9-сыныптар аралығында тек 5-сынып оқушылары Ыбырайдың «Дүние қалай етсең табылады», «Атымтай жомарт», «Қыпшақ Сейітқұл» шығармаларымен ғана танысады. Ұлы ағартушының педагогикалық қызыметі, алғашқы оқулығы, әңгімелері аудармалары басқа сыныптарда оқытылмайды. Биыл ғана қолымызға тиген 10-сыныптың ЖМБ бағытына арналған оқулықтың құрылымы, мазмұны мұғалімдер қауымын алаңдатты. Абай мұрасына қанша сағат берсе де, көп емес алайда «сегіз аяқты» үш тақырыпқа, Масғұтты тарауларға бөліп берудің себебі неде? Осы оқулыққа енген Айгүл Кемелбаеваның, Талап Сұлтанбековтың шығармаларын мектеп мұғалімдері қайдан аларын, қалай оқытарын ойлануда. Оқулық құрылымы ХІХ ғасыр, ХХ ғасыр, ХХІ ғасыр, қайтадан ХХ ғасыр әдебиеті өкілдерін қамтыған. Оқулық мазмұнының жүйесіздігі көрініп-ақ тұр. Аталған оқулықтардың ішінде құрылымы бойынша А.С.Ахтанова, А.Қ.Жүндібаева, Л.К.Жүмекеновалардың авторлығымен берілген 9-сынып оқулығы жүйелі жасалған. «Адам жанының құпиясы» тарауында Ілияс, Бейімбеттер қатарында Сейфуллиннің шығармашылығы берілмеу себебі түсініксіз. ХХ ғасыр

әдебиетіндегі «Алыптар» тобынан С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин. Ә.Тәжібаев еңбектері 11-сынып оқулығына ене ме?

Бүгінгі күні жаңартылған білім беру мазмұнына көшудің негізгі мақсатын бәріміз де түсініп отырмыз. Пәнаралық байланыс арқылы, шиыршық әдісімен білімді кеңейту сұрақтарына қолымыздағы әдебиет оқулықтары жауап бере ме? Қалай десек те, әдебиеттің тарихы бар, сондықтан авторларды ұсынуда олардың өмір сүрген дәуірі, көтерген мәселелерінің жүйелілігі сақталуы керек деп білеміз.

Екінші бір ұсыныс: тәуелсіздік жылдардың әдебиетін, проза, поэзия, драматургия жанрындағы көркемдік деңгейі жоғары шығармаларды шолу, жеке-жеке емес, жоғары сыныптардың біріне шоғырландыру керек деп ойлаймын. Сонда бүгінгі мектеп оқушысы қазіргі қазақ әдебиетінің тынысын, көтерген мәселелерін, тәуелсіздік бағасын түсінер еді. Қорыта айтқанда оқулықтардың алдағы басылымдары жүйеленіп, әдебиет тарихында орны бар көркем дүниелер енеді деп сенеміз.

Оқулық авторларынан мына мәселе бойынша сұрағыма жауап іздеймін, мысалы, жыраулар поэзиясы үлкен мұра. Олар елдік, ерлік, елді сыртқы жаудан қорғауды үндеді. Енді 6-сыныпта Доспамбет жырау, 7-сыныпта Жиымбет пен Қазтуғанның, 8-сыныпта Ақтамберді мен Шалкиіздің, 9-сыныпта Бұқар мен Нысанбайдың мұраларының жеке-жеке, шашылып берілу себептерін түсінгім келеді. Олардың шығармаларындағы көтерілген мәселе ортақ қой. «Арман-пв» баспасынан шыққан 9-сыныптың оқулығында жыраулар поэзиясы «XV-XVIII ғасырлардағы жыраулар поэзиясы» тақырыбымен беріліп, 9 жырау талданатын. Оқушылар әрқайсысының өмір жолын, шығармашылығындағы ерекшеліктерді салыстыра талдайтын.

Жанар Абитова,
*Абай атындағы Республикалық
мамандандырылған дарынды балаларға
арналған қазақ тілі мен әдебиетін
тереңдете оқытатын орта
мектеп-интернатының қазақ тілі
мен әдебиеті пәні мұғалімі*

ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРҒА КӨРКЕМ ШЫҒАРМА ОҚЫТУДА АБАЙ АТЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕКТЕП-ИНТЕРНАТ ТӘЖІРИБЕСІ

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында әдебиеті мен мәдениетін, салт пен дәстүрін, әдет пен ғұрпын, ұлттық құндылықтарын ұлықтап өскен, елдің ертеңін ойлайтын танымы мол, талантты, бәсекеге қабілетті өскелең ұрпақ тәрбиелеуді алдымызға мақсат етіп қойды.

Ағартушы педагог Мағжан Жұмабаев: «Қазақтың тағдыры, келешекте қандай ел болуы да мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі. Мектебімізді таза, сау, берік һәм өз жанымызға қабысатын, үйлесетін негізге құра білсек, келешегіміз үшін тайынбай-ақ серттесуге болады», – деген еді. Бүгінде қазақ жанына үйлесетін мектеп бейнесіне айналған республикадағы қазақ мектептерінің қара шаңырағы – Алматы қаласындағы Абай атындағы Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаттың (бұдан әрі – мектеп-интернат) жалпы білім беретін өзге де білім отауларына берер тағылымы да, тәлімі де өзгеше. Өйткені бұл білім ордасының тарихы – бір ғана мектептің немесе білім мекемесінің өзімен-өзі тұйықталып шаң басып қалған соқпағы емес, алдыңғы толқын ағаларды кейінгі толқын інілерге жалғайтын

керуенді, көшті ұрпақтар жолы. Біздің мектебіміз әлдеқашан мектеп дейтін қатардағы мемлекеттік мекемеден тұтас бір ұлттың қаймағын дайындап шығаратын қасиетті қара шаңырағына айналған. Сол себепті де біз осы мектепте оқып шыққан айтулы азаматтар мен толағай тұлғаларды есімізге түсіріп, санамалай бастағанда-ақ, оның қаншалықты абыройлы, қаншалықты киелі екенін сезіне түсеміз.

Олай дейтін себебіміз – шәкірттеріне құнарлы білім нәрі мен өнегелі тәрбиені сусындатқан мектеп-интернат қабырғасынан 1957 жылдан бері елімізге еңбегі сіңген қоғам, мемлекет қайраткерлері, өнер адамдары, журналистика саласының майталмандары түлеп ұшты. Мектеп-интернат түлектері – генерал-лейтенант Ә.Ш.Шаяхметов, композитор, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев, ҚР Бас прокуратурасы аппарат басшысының орынбасары О.С.Нұрділдә, «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары қызметін атқарған М.Әшімбаев, «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының Басқарма төрағасы Дархан Қыдырәлі, ҚР Президентінің Баспасөз хатшысы Айдос Үкібай, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, айтыскер ақын Серік Қалиев, «КТК» телеарнасының журналисі Г.Б.Әбіқай, «ТАС КРЕДИТ» ЖШС Бас директоры Д.Тастекеев, «Хабар» агенттігі» Ақ телеарнасының продюссері және тележүргізуші Мәдәлі Мейрамгүл, эстрада жұлдыздары – Тоқтар Серік, Тамара Асар, Нұрлан Албан, Бейбіт Қорған, Ақбота Керімбекова, т.б. азаматтар өзінің кәсіби саласында ел дамуы жолында аянбай қызмет етіп келе жатыр.

Мектеп-интернат білім беруді оқушының бойында өз тарихына, Отанына, әдебиеті мен мәдениетіне деген құрмет сезімін қалыптастыруға негіздей отырып, дарынды баланың қабілетін жан-жақты ашуға бағыттайды. Ал бұл қабілеттің қайнар бұлағы көркем шығармамен достасудан басталады. Мектеп-интернат оқушылардың кітап оқып қана қоймай, оқушылармен талдануына, өмірінде қолдануына аса көп

көңіл бөледі. Көркем шығарманы оқуға баулу бірнеше сатыдан тұрады. **Оның алғашқы баспалдағы таңғы жиын «Жыр – шұғыладан» басталады.**

Күнделікті таңғы сағат 07.25-07.55 аралығында өткізілетін бұл жиынның мақсаты – оқушы бойындағы ақындық, өлеңді мәнерлеп жатқа оқу, ән айту, күй шерту т.б. қабілеттерін шыңдап, әр оқушының сахнада өзін еркін ұстай білуін, көпшіліктің алдында көркем, әуезді сөйлей алуын дамыту. Арнайы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде, 2018-2019 оқу жылының қыркүйек-қазан айларында 8-сыныпқа қабылданған оқушылардың тек 30-40%-ы көпшіліктің алдында өзін еркін ұстап, өнерін қысылмай көрсете алған болса, ақпан-наурыз айларында бұл көрсеткіш 69-70%-ды құрап, ал мамыр айының соңында 96%-ға жеткен. Ақын-жазушылардың шығармашылығын жатқа айтуды талап ететін таңғы жиын нәтижесінде 8-сынып оқушыларының оқу жылының соңында ең көбі 100 өлең, ең кемі 45 өлең жатқа білетіндіктері анықталды. Ал Абай, Мұқағали, Мағжан, Ілияс, Фариза, Махамбет оқуларында бақ сынап жүрген жоғары сынып оқушылары кем дегенде 250-300 өлең, 5 поэма және Абайдың 40-45 қара сөзін жатқа айта алатыны дәлелденген. Таңғы жиынға дайындық үшін ізденіс жұмыстарын жүргізген оқушы қазақ авторларының шығармаларымен танысып, оны оқуға деген ынтасы ашылады. Әр күнін жатқа жыр оқумен, күмбірлеген күй тыңдаумен, халық әндерін, Абай әндерін төгілте шырқаумен бастайтын оқушылар бойында ұлтына деген сүйіспеншілік сезімі артып, болашақта елім деп еміреніп қызмет етер тұлға болары сөзсіз.

Екінші қадам – үлкен үзілістер уақытында Абайдың қарасөзін, халық әндерін, классик шығармаларды, жалпы алғанда аудио-хрестоматияны тыңдату. Таңғы уақытта екі рет жиырма минуттан үлкен үзіліс беріледі. Осы үзіліс кезінде оқушылар өздері дыбыстаған аудио-хрестоматияны тыңдайды. Қатардағы

достарының орындауында шығарманы тыңдау оқушылар үшін стимул. Қызығушылығы ояңған олар өздері де жанына жақын шығарманы іздеп оқып, дыбыстауға талпынады. Нәтижесінде кітаппен достасуға тағы бір қадам жасалады.

Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудегі маңызды кілт – оқушы бойындағы интеллектуалдық дарынды дамыту. Ғылым мен техника қарыштап дамыған заманда интеллектуалды тұлға қалыптастыру тек компьютерлік сауаттылық пен полиглот деңгейінде қалмауы тиіс. Себебі «Кітап аяулы досы бола бастаған шақтан былай ғана әрбір жан өзін интеллигент бола бастадым деп санауына болады» [2,16], – деп Мұхтар Әуезов айтқандай, шынайы интеллект, нағыз білім – кітапта. Осы орайда өзге пәндерден гөрі басымдық беріліп, тереңдетіле оқытылатын қазақ тілі мен әдебиеті пәндері мұғалімдерінің ұсынысымен мектепте **«100 кітап оқу» жобасы** қолға алынған. Көркем шығарма оқуға баулудың **үшінші қадамы – «100 кітап оқу» акциясы**. Бұл жоба бойынша мектеп қабырғасында білім алып жүрген әр оқушы бір оқу жылына бағдарламадан тыс 100 көркем шығарма (қазақ тілінде) оқып шығады. Оқу жылының басында оқитын шығармалар тізімі беріледі. Жартыжылдық соңында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мамандарымен бірге әр кітаптың мазмұны мен идеясы талқыланады. Оқылған кітаптар тізімі оқушылардың *«Мен оқыған көркем шығармалар»* атты дәптеріне тіркеліп отырады. Осы дәптер бойынша жыл соңында есеп беріледі. 2018-2019 оқу жылында 8-сыныптар бойынша оқушылардың 85%-ы жалпы саны 25 кітап, 9-сыныптар бойынша оқушылардың 92%-ы 53 кітап, 10-сыныптар бойынша оқушылардың 95%-ы 80 кітап, 11-сыныптар бойынша оқушылардың 97%-ы 100 кітапқа жуық оқыған. В.И. Даль: «Цивилизацияның жалпы көрінісінде әрбір халықтың орны оның оқыған кітаптарының санымен анықталады»[3], – дейді. Ендеше, бұл жоба кез келген мектеп үшін таптырмас әдіс, тиімді тәсіл деп білеміз.

Көркем шығарма оқытудың **төртінші қадамы – түрлі жарыстарға оқушыларды қатыстыру**. Дарындылық тек жақсы оқумен, үздік болумен шектелмейді. Дарынды балаларды анықтау — баланың дамуын таңдаумен байланысты ұзақ процесс. Жас жеткіншектің бойындағы табиғат берген ерекше қабілетті, дарындылықты тани білу, оның одан әрі дамуына бағыт-бағдар бере білу – ерекше қиын іс. Демек, оқушылардың ғылыми зерттеу жұмыстарына қызығуын қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту, қазіргі техниканы пайдалану мәдениетіне тәрбиелеу – ұстаздардың басты міндеті. Бұл бағыттағы жұмыстар мектепте төмендегі реттілікпен жүзеге асырылады:

I. Пәндік олимпиадаларға дайындау:

8-сынып: *LS* арқылы оқушының бейімділігін анықтау. Пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, мектепшілік олимпиадаға дайындау, қатыстыру;

9-сынып: Мектепшілік олимпиада нәтижесін сараптау, жіберілген кемшіліктерді түзету бағытында пән мұғалімімен, қолданбалы курс ғалымдарымен бірлесе жұмыс жасау;

10-сынып: Облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысу, нәтиже көрсету; ҚР Ұлттық кітапханасымен және ғалымдармен байланыс жасай отырып, білімін толықтыру;

11-сынып: Республикалық, халықаралық олимпиадаларға қатысу, нәтиже көрсету.

II. Ғылыми жұмыстарға дайындау

8-сынып: *LS* арқылы оқушының бейімділігін анықтау. Қолданбалы курс ғалымдарымен, пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, тақырып таңдау, бекіту. Мектеп бағдарламасы аясында тақырыппен танысу;

9-сынып: Тақырып бойынша зерттеу жұмыстарымен, ғалымдардың еңбектерімен танысу, саралау. ЖОО-дағы ғылыми жетекшіден кеңес алу;

10-сынып: Ғылыми жұмысты аяқтау, мектепшілік ғылыми жобалар сайысына ұсыну, қорғау, нәтиже көрсету.

Кемшіліктерін толықтыру. ЖОО-дағы ғылыми жетекшіден кеңес алу;

11-сынып: Республикалық, халықаралық ғылыми жоба сайыстарына ұсыну, қорғау. Нәтиже көрсету.

Жоғарыда көрсетілген жұмыс нәтижесінде, оқушылардың пәндік және ғылыми сауаттылығы артып, өзіне деген сенімі күшейіп, нәтижеде сапалылыққа ұмтылуға бейімделуде. Соның нәтижесі болса керек, Абай атындағы мектеп-интернат соңғы 3 жылда Республика бойынша «Ең үздік олимпиадалық мектеп» атағына және ғылыми жобалар сайысында «Ең үздік команда» атағына ие болып келеді. Сонымен қатар, мектепте 2019 жылдың наурыз айында тұңғыш рет қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен Абай атындағы республикалық олимпиада өткізілді. Бұл олимпиаданың мақсаты – Абай өлеңдерінің мән-маңызы мен қадір-қасиетін оқушының түсінуіне бейімдеу, хакім қарасөздерінің тәрбиелік-тағылымдық маңызын меңгерту, Абайша ойлауға ұмтылып, сөйлеу мәдениетін үйрену, тіл тазалығын сақтауға және күнделікті өмірде қолдануға дағдыландыру. Олимпиаданың салтанатты ашылуында алғы сөз сөйлеген «Дарын» РҒПО зертхана жетекшісі Аманова Зәуре Малгаждарқызы, абайтанушы, «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу институтының директоры Жабал Шойынбет қазақ руханиятының бастауында тұрған дана Абайға арналған мұндай олимпиаданың маңызы зор екенін атап өтіп, дәстүрлі жалғасы боларына сенім білдірді. Үш күнге созылған олимпиадаға республикадан, өңірлік іріктеу турынан өткен білім беру ұйымдарының 9-11-сыныптарынан 73 оқушы қатысып, 7 оқушы I дәрежелі дипломмен, 11 оқушы II дәрежелі дипломмен, 15 оқушы III дәрежелі дипломмен марапатталса, 6 оқушы «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу институтының, 12 оқушы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Филология факультеті және А.Байтұрсынұлы атындағы мұражай үйінің Арнайы жүлдесімен марапатталды. Барлық қатысушы оқушыларға ынталандыру сыйлықтары, Алғыс

хаттар мен Грамоталар, жеңімпаз оқушыларға бағалы сыйлықтар табысталды. Бұл – республикадағы әр оқушының Абай шығармашылығынан сусындап, Абай мұрасын дәріптеуге деген ынтасын арттыру мақсатындағы ұтымды жоба.

Мектеп-интернаттың көркем шығарманы оқып қана қоймай, өмірінде қажетіне жарата біліуіне жасаған **бесінші қадамы – айтыс**. Қазақ халық ауыз әдебиетінің ерекше түрі, қазақтығымызды танытар ұлттық өнеріміздің бірегейі – айтыс. Айтыс өнері оқушының есте сақтау қабілетін дамытады, шапшаң ойлау дағдысын, суырыпсалмалық қасиетін қалыптастырады, ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттырады. Сондықтан, мектепте мектеп-интернат түлегі, Қамқоршылық Кеңес мүшесі, ҚР Мәдениет қайраткері, Республикаға танымал айтыскер ақын Серік Қалиев пен Жүрсіннің жүйріктерінің сапындағы айтыскер ақын Шұғайып Сезімханның жетекшілігімен **айтыс пәні** жүргізіледі. Айтысқа қатысатын әрбір оқушы қазақ тілінде таза, көркем, бейнелі сөйлеуге, кез келген жағдайда ұтымды жауап беруге, өзгеше ой айтуға, өзгеше ойлауға дағдыланған. Осының нәтижесі болса керек, біздің қара шаңырақта 2 жылдан бері дәстүрлі түрде «Тәуелсіздік – бабалар аманаты» атты республикалық оқушылар айтысы өткізіліп келеді. Биылғы жылғы оқушылардың республикалық айтысы біздің – Абай атындағы қара шаңырақтың, сонымен қатар «Айтыс ақындары мен жыршы-термешілері» халықаралық одағы, мектеп-интернат түлегі Дулат Тастекеев басқаратын «Асылтас» қоғамдық қорының қолдауымен ұйымдастырылды. Сөз барымтасына Жүрсін Ерман, Серік Қалиев, Бақыт Жағыпар, Ринат Заитов, Дулат Тастекеев қазылық жасап, жас ақын Алтынбек жүргізуші тізгінін ұстады. Ұшқыр ойы мен қылыштан өткір жырымен ерекшеленген үздіктер топ жарып, диплом және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Сөз барымтасының нәтижесінде Түркістандық Мұхтарұлы Рахат, Абай РММИ

оқушысы Тұрсынбек Диана арнайы жүлде (25 000 тг), Алматы облысының оқушысы Айым Асылбекқызы III дәрежелі диплом және 20 000 тг, Түркістандық Өмірбек Нұрдәулет II дәрежелі диплом және 30 000 тг, Абай атындағы РММИ оқушысы Абитилда Нұрислам I дәрежелі диплом және 40 000 тг, Маңғыстаулық Ердаулет Сардар Бас жүлде және 50 000 тг қанжығасына байлады. Ердаулет Сардардың тапқыр жауабы мен ұтымды теңеулеріне риза болған айтыстың атасы Жүрсін Ерман өз атынан 100\$ табыстады. Қазақтың жолымен жеңілген балуанға да ынталандыру мақсатында 10 000 тг табысталды. Рүстем Қайыртаев, Ришат Асқарбекұлы, Шұғайып Сәзімхан, Жарқын Сәленұлы, т.б. ағалары жас айтыскерлерге қолдау көрсетіп, қанаттандырып отырды. Сонымен бірге мектепте бірнеше Республикалық айтыстардың жүлдегері атанып үлгерген оқушылар да бар. Атап айтсақ, биылғы мектеп түлегі Базарбек Бекжан республикалық жастар айтысында аға-әпкелерімен сөз барымтасына түсіп, I орынды қанжығасына байлады. Қасиетті қара домбыраны арқалап, қазақ тілінің күдіретін ұғатын ұрпақ – жарқын болашақтың кепілі.

Алтыншы қадам – шешендік сөз үлгілерін қажетіне жарату. Тіл ғылымының атасына айналған А.Байтұрсынұлы көрнек өнерінің 5 түрін атап келіп, соның ішінде ең бастысы – сөз өнері деп тұжырымдайды. Себебі сөз арқылы суретті де, мүсінді де, сәулетті де, әсерлі музыканы да жеткізуге болады. Яғни, әр оқушы болашақта қандай мамандықты тандаса да сөз өнерін жетік меңгеруі тиіс. Жауыменен алысып, дұшпанымен қарпысқан заманда жер мен жесір дауын, ел мен елдің қарым-қатынасын екі-ақ ауыз сөзбен шешіп отырған би-шешендеріміздің сөзі ұрпаққа үлгі, болашаққа өнеге. Осыған орай, шешендік сөз үлгілері пәнінің мұғалімі Жарқын Сәленұлының ұсынуымен жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларына қазақ тілінің қадірін ұқтырып, сүбелі сөздің тереңіне сүңгітіп, шешендерден қалған күдіретті өнерді дәріптеу мақсатында Абай атындағы

Республикалық мамандандырылған дарынды балаларға арналған қазақ тілі мен әдебиетін тереңдете оқытатын орта мектеп-интернаты мен «Зейнолла Сәнік атындағы мәдениет» қорының ұйымдастыруымен І республикалық «Ділмар» шешендік өнер байқауы өткізілді. Байқауға еліміздің 10 облысы, 3 қаласы мен Республикалық мектеп-интернатынан іріктелген 27 оқушы қатысып, 3 кезең бойынша бар білгені мен жиған білімін таразыға салып, шешендік шеберлігін көрсетті. Топ жарған дүлдүлдер алғашқы кезеңде би-шешендер сөзін жатқа мәнерлеп оқыса, екінші кезеңде тұрақты сөз тіркестері, бүгінде санамыздан өше бастаған көнерген сөздерден сауатты сөйлем құрап, ой ұшқырлықтарын танытты. Екінші деңгей бойынша қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы теориялық білімдері байқалды.

Бастапқы екі кезеңнің сынынан сүрінбей өткендер де, мүлт кетіп мүдіргендер де болды. Соңғы кезеңде қатысушылар шектеулі уақыт аясында берілген тақырып бойынша шешен де шебер сөйлеп, шешендіктерін көп алдында көрсетті. Нәтижесінде оқыған-тоқығаны мол, сөздік қоры бай, ойы еркін, тілі таза һәм жатық жүйріктер оза шауып, тыңдаушылардың айызын қандырып мәртебелі мәреден көрінді. Атап айтсақ, Бас жүлде мен оған тиеселі 50 000 теңге ақшалай сыйақыны Жамбыл облысынан келген Әбілда Бегзат еншілеп, байырғының жолымен ардақты ағаларының ақ батасын алды. 1-орынды (40 000 теңге) Абай атындағы Республикалық мектеп-интернат оқушысы Айтпанбет Айым жеңіп алды. 2-орын иегерлері (30 000 теңге): Алматылық Самғат Нұрланұлы мен Шығыс Қазақстаннан келген Тілеухан Баян. 3-орындар (20 000 теңге) Түркістан облысының атынан қатысқан Абудуалиева Аягөзге, Маңғыстаулық Ұзақбаев Жанболатқа және Ақмола облысының үкілеген жүйрігі Боранбай Аягүлге бұйырды. Сондай-ақ 5 қатысушы 10 000 теңге мен Арнайы жүлдеге ие болды. Сөз сайысында бақ сынаған жүйріктерге белгілі

тілші-зерттеушілер, ақын-журналистер Серік Қалиев, Береке Жумакаева, Бақыт Жағыпарұлы, Ботагөз Дәулетханқызы, Жанарбек Ашимжан әділ қазылық жасады. Жарыс соңында қатысушылардың артықшылығы мен кемшілігін айтып, келесі жылы жалғасын табар додаға бағыт-бағдар берді. Бітпес дауын бидің бір ауыз сөзімен тоқтатып, тентегін түзу сөзбен түзге салып отырған қазақ үшін сөздің қадірі ерек. Бұл ата дәстүр, ұлттық таным бүгінгі жас шешендердің ойында қылаң беріп, тілінде көрініс тапты. «Өнер алды – қызыл тіл» деп ұрандатып, ата-баба мұрасы мен ана тілдің абыройын асқақтатқан бұл игі шара дәстүрге айналып, жалғасын табары сөзсіз.

Жетінші қадам – дебат пәні. Бүгінгі заман талабының бірі – көшбасшы оқушыны, ертеңгі елдің тізгінін қорықпай ұстар тұлғаны тәрбиелеу. Осы орайда оқушының әлеуметтік дарынын дамытып, көшбасшы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында және ата-аналардың жоғарғы сұранысының нәтижесінде мектепке дебат пәні енгізілді. Түрлі тақырыпта пікір таластырып, өз ұстанымының дұрыстығын дәлелдеуде жан-жақты ізденіп, әлемдік мәселелерді көтеретін, бүгінгі қоғамның олқы тұстары мен жақсы жақтарын талқыға салып, дүниеге көзқарасын қалыптастыратын бұл пән – оқушының жан-жақты білімді, көзі ашық, әлемдік ақпараттар легінен хабардар, сауатты, ұйымдастырушылық қабілеті мол, әрі өз позициясын мықтап ұстар көшбасшы болуына үлкен ықпал жасайды. Мектеп психологі Гүлнәр Амангелдіқызы жетекшілік ететін «Жас дарын» дебат клубы соңғы үш жылда С.Демирел атындағы университеттің, «Тұран» университетінің «SIRIUS» интеллектуалды-пікірсайыс клубының ұйымдастыруымен өткен халықаралық және республикалық пікірсайыс турнирлерінде үздік ойын көрсетіп, Аргумент 3 турнирінің кубогін жеңіп алды. Бүгінгі күні де оқушылар арасында дебат сайысына деген қызығушылық өте жоғары.

Шәкірттеріміздің көркем әдебиет сүйіп оқуына ықпал ететін **сегізінші қадам** – мектеп-интернат қабырғасында **үздіксіз жарық көріп жатқан кітаптар** мен жинақтардың әсері. Екі жылдың ішінде мектеп-интернат қабырғасында жиырмадан аса кітап жарық көрген. Бұл жинақтардың бәрі де – оқушылардың жазған эссе, шығарма, өлеңдер жинағы және ақын, жазушы шәкірттердің жеке жинақтары.

Оқушының өзіне деген сенімін арттырып және іс-әрекетін демеп, қабілетін дамытып, оның ары қарай дамуына бағыт-бағдар бере білу – ерекше қиын іс. Алайда әр баланың жеке қабілетін танып, оны сол бағытта жетелеу – ұстаз парызы. Бұл бағытта атқарылатын жұмыстар өте көп. Өйткені ХХІ ғасыр – білімділер ғасыры. Білім сапасын арттыру, оқушылардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне сай деңгейлеп оқытып, ғылыми ізденіс қабілеттерін қалыптастыру – міндет. Ендеше бізге ой-өрісі жоғары дамыған, зерделі ұрпақ тәрбиелеу керек екенін естен шығармауымыз қажет.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар». – 2017ж. www.akorda.kz
2. Әуезов М. Шығармаларының 50 томдық жинағы. – Алматы: «Дәуір» баспасы, 2014ж. 1-том.
3. Даль В.И. Сборник цитат. – 2011 жыл. ru.wikisource.org
4. Баласағұн Ж. «Құтты білік» дастаны. – Алматы: «Таймас» баспасы, 2007 жыл.
5. Абай. «Қара сөз. Поэмалар». – Алматы, 1993 жыл.

Бекзат Ералиева,
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Қ.А.Яссауи атындағы №123
мектеп-гимназиясының қазақ тілі
мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

САПАЛЫ БІЛІМ – САНАЛЫ ҰРПАҚ

Қазіргі таңда – білім беру мазмұнына, оқушы мен педагог тұлғасына және қызметіне деген көзқарастардың түбегейлі өзгеріске бет бұрып отырған кезең. Осыған орай, қазіргі кезде білім беру жүйесінде жасалып жатқан реформа барлық деңгейлердегі білім мазмұнын жаңартуға бағытталған. Бүгінгі күн талабы – Қазақстанның білім беру жүйесі санға ғана емес, сапаға негізделуі.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқытудың негізгі бағыты – білім мазмұнын бағалау және оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды сараптау арқылы білім беру сапасын қамтамасыз ету.

Елімізде реформаға жиі ұшырайтын екі сала болса, соның бірі – білім. Осы білім саласында өзгерістер жиі болып тұрады. Осы мәселеге байланысты білім беретін мектептердің оқу бағдарламасы жаңа мазмұнға көше бастағанда қоғамның пікірі екіге жарылды. Дегенмен білім саласындағы мамандардың өз уәжі бар. Олардың пікірінше, білім саласы да бір орнында тоқтап қалмай, әрі қарай дамуы керек. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы оқыту әдістемелеріне де түбегейлі өзгерістер енгізуді талап етіп отыр. Осыған сәйкес білім берудің басты құралы – оқулықтар да заман талабына сай өзгеруі тиіс. Жаңа оқулықтарда теориялық материалдар мен мәтіндердің көлемі азайтылып, оқып, жаттауға лайықталған тапсырмалардың орнына баланы өздігінен ойлануға және ізденуге жетелейтін шығармашылық тапсырмалар, тәжірибелік дағдыларын

дамытуға бағытталған оқу материалдары көбейтілген. Мысалыға 6-сыныптың «Қазақ тілі» пәні оқулығында ережелер, ұғым-түсініктер көп болса, қазіргі оқулықта әр түрлі тақырыптағы мәтін көп, яғни оқушының жеке дара шығармашылығын дамытатын жаттығуларға көбірек орын берілген. Ол өте тиімді әдіс екенін құптаймын. Сонымен қатар «Жаңартылған білім жүйесі санаға бағытталған бағдарлама екені даусыз. Себебі, саналы білім беру өз ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу, тәжірибе жасау жеке, жұппен, топпен жұмыс жасай білу қабілеттерін дамытуға көмектеседі.

Жалпы білім беретін мектептің 6-сыныбына арналған «Қазақ тілін» Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ұсынған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының сарапшыларымен келісілген оқулықпен жұмыс жасап отырмыз. Авторлары: Б.А.Әрінова, Г.М.Раева, Г.С.Кәрімова, Л.К.Жүмекенова. «Атамұра» баспасынан шыққан. Оқулықтың мазмұны жағынан бағдарлама толықтай қамтылған. Материалды іріктеуде және мәтіндік тапсырмаларда оқушылардың жас ерекшеліктері ескерілген. Балалардың логикалық қабілетін дамытуға, зияткерлік интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға арналған тапсырмалар көбірек берілген. Өз бетінше, жұппен, топпен орындауға арналған тапсырмалар жеткілікті. Бұл бізді қанағаттандырады. 1,2,5,8-бөлімдерге тоқталғым келіп отыр.

1-бөлімде Қазақстандағы көрікті жерлер, 2-бөлімде ұлттық және отбасылық құндылықтар, 5-бөлімде тарихи тұлғалар, 8-бөлімде қазақ халқының әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері. Наурыз бөлімдерінде 1 -ден 12-тапсырмаға дейін берілген. Бұл тапсырмалар оқушылардың ойлау қабілетін дамытады, қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрін үйретеді. Оқулықтағы осы тапсырмалар арқылы балаларға дәстүрлі тәрбие бере аламыз. Алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана алуға мүмкіндік жасаймыз. Алайда, «Қазақ тілі» оқулығында пәнаралық байланысқа келмейтін бөлімдер

де бар. Спорт, ғылым мен технология сияқты бөлімдердің орнына балаларға ұлттық тәрбие бере алатын бөлімдер көбейсе. Себебі, ұлттық тәрбиемен сусындап өскен ұрпақ – нағыз ұлтжанды азамат болып өсері сөзсіз, оған кәміл сенемін.

Ұсыныс: Жаугершілік замандағы «ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» елін қорғаған батырларымыз жайлы аңыздарды көбірек оқытсақ елін, жерін қорғар нағыз патриоттар тәрбиелер едік деген ойдамын.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауы.
2. Бейсенбаева А.А. Мектептегі білімнің теория және тәжірибесін ізгілендіру. –Алматы: Ғылым,1998.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, «НЗМ» ДББҰ, Астана, 2017. – 12-13б.

Аманғали Мұхтаров,
*«Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы,
Алматы облысы бойынша педагог
қызметкерлердің біліктілігін арттыру
институты «Білім беру процесін психологиялық-
педагогикалық тұрғыдан қолдау»
кафедрасының меңгерушісі, филол.ғ.к.*

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДА ҚОЛДАНЫЛҒАН КӨРКЕМДІК ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕСІ

«Әдебиет – ардың ісі» деген сөз академик Зейнолла Қабдоловтың аузынан шыққанда ауырлау, салмақтылау естілетін. Сол сөзімен-ақ филология факультетінің студенттеріне зіл-батпан ар жүгін артып, әдебиетке салғырт қарамау керегін санасына құйып жіберетіндей көрінуші еді. Осыдан кейін-ақ қазақ әдебиеті пәні мұғалімінің қандай ауыр міндет арқалап жүргенін түсіне беріңіз. Ал мұны түсінбеген адам балаға қазақ әдебиетін оқыта алмайды. Тіпті оқытуға ұждандық құқы жоқ деуге де болатын шығар. Қазіргі балалардың көркем шығарма оқымайтыны үлкенді-кішілі басқосуларда, тіпті биік мінбелерден де айтылып қалып жүр. 2012-2014 жылдар аралығында Қайнар университетінде жұмыс істеп жүрген кезімде бір студенттің «Филология факультетінен басқа бірде бір адам оқымайтын кітаптарды кинап оқыттыңыз-ау» дегенін естігенмін. Солар қазір мектептерде қазақ әдебиетінен сабақ беріп жүргенін ескерсек, көркем әдебиетке деген құлшыныстың төмендеуіне өзіміз, жоғары буын өкілдері кінәлі емеспіз бе деген ой келеді. Мектептерде қазақ әдебиеті өз деңгейінде оқытылса, сөз өнерінің бағы мұншалық төмендемес еді. Енді осы мәселеге, яғни, жаңартылған білім беру бағдарламасы аясында қазақ әдебиетін оқыту мәселесіне тоқталсақ...

Қазақ әдебиеті сабағында бұрынғыдай көркем шығарманың мазмұнын айтумен немесе поэзиялық шығармаларды жатқа айтумен шектеліп қалмаймыз. Бұл ойлау деңгейінің ең төменгі «білу», «түсіну» деңгейі ғана, ал біз баланы «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» деңгейіне жеткізуге міндеттіміз. Сонда оқушы сабақтағы іс-әрекет немесе тапсырма орындау барысында көркем шығарманы оқып, мазмұндап қана қоймай, онда көтерілген негізгі мәселені анықтап, оған анализ жасайды. Оны өз сөзімен баяндап, баға береді. Басқа шығармалармен немесе өмірлік жағдаяттармен салыстыра қарастырады. Оқушы өз ойын өзгелердің пікірімен сабақтастыра сипаттайды немесе қарама-қарсы пікір айтып, ойын дәлелдеуге тырысады. Жалпы көркем шығарманың көтеретін жүгі оқырманын жамандықтан жирендіріп, жақсылыққа ұмтылдыру, эстетикалық талғамын қалыптастыру. Шығарманы оқу барысында өзіне ұнаған кейіпкерге еліктеу бар да, оны жан-жақты талдап, ақиқатты анықтау бар. Жаңартылған білім беру жүйесінде осы екінші мәселеге басымдық берілген. Оқушы дебатқа қатысып, пікірталасқа түседі. Шығармадағы қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, айшықты тіркестерді қолданады. Ол ең алдымен осындай мәселелерді меңгеруі тиіс. Баланы мұндай деңгейге жеткізу тек кәсіби күзіреттілікті игерген мұғалімнің ғана қолынан келеді.

Жалпы қазақ әдебиетін оқытуға орта буын сыныптарында сағат саны төмендегідей бөлінген:

- 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 6-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 8-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 9-сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

Қазақ әдебиетін оқытуда баланың түсіну және жауап беру, анализ және интерпретациялау, бағалау және

салыстыру дағдыларын қалыптастыру көзделген. Біз арнайы әңгіме еткелі отырған Махамбет өлеңдері бұрын мектеп бағдарламасында V, VII сыныптарда бірді-екілі берілсе, XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиеттің демократтық бағыттағы ақыны ретінде 9 - сыныптың әдебиетінде жан-жақты, жүйелі берілетін. Ал қазір төменгі сыныптардан алып тасталған, тек 9-сыныпта ғана оқытылады. Осы сыныптағы «Қазақ әдебиеті» пәнінің базалық білім мазмұны:

Түсіну және жауап беру	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау; 9.1.2.1 әдеби шығармадағы психологизмді анықтау; 9.1.3.1 көркем шығарманың идеясына сай кейіпкерлер жүйесін анықтау; 9.1.4.1 көркем шығармалардан алған үзінділерді шығармашылық жұмыстарда қолдану
Анализ және интерпретация	9.2.1.1 эпикалық, поэтикалық, драмалық мәтіндердегі композициялық амалдарды талдау; 9.2.2.1 автор бейнесінің идеялық-стилистикалық тұтастырушы ретіндегі рөліне талдау жасау; 9.2.3.1 шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру; 9.2.4.1 автор стиліне сүйене отырып, шығармашылық жұмыс жазу
Бағалау және салыстыру	9.3.2.1 шығармадағы ұрпақтар сабақтастығы көрінісін заманауи тұрғыда салыстырып, жаңашылдығына баға беру; 9.3.3.1 шығарманың идеясын ғаламдық тұрғыдан талдап, әдеби эссе жазу; 9.3.4.1 әдеби шығарманы қазақ әдебиеті мен әлем әдебиеті үлгілерімен салыстыра талдап, шағын сын мақала жазу

2-тоқсанда Нысанбай жыраудың «Кенесары – Наурызбайы», Махамбет Өтемісұлының «Махамбеттің Баймағамбетке айтқаны», «Мен, мен, мен едім», «Бағаналы терек», Ш.Уәлихановтың «Ыстықкөл күнделігі» шығармалары оқытылады. Осы шығармалардың арасынан тақырыбымызға орай Махамбет Өтемісұлының өлеңдерін бөліп қарастырсақ... Махамбет шығармаларын оқытуға шамамен 10-12 сағат беруге толық мүмкіндік бар. Ақынның бағдарламада берілген үш өлеңін мұғалім қалай оқытуы керек? Жоғарыдағы мақсаттарды қалай таңдаймыз? Оның тілдік ерекшелігін қалай түсіндіреміз? Жалпы Махамбет өлеңдерін түсініп оқыған адамның құйқасы шымырлап, жанарынан от ұшқындап кететіні даусыз. Егер бала сондай сезімге бөленбесе, тұшынып оқыды деу қиын.

Жоғарыда келтірілген оқу мақсаттарына қарап отырсақ, бала шығарма мазмұнымен шектелмей немесе жаттап қана қоймай оны жан-жақты талдап, шығармашылық жұмыстарына пайдалануына толық мүмкіндігі бар. Осының ішінен бір мақсатқа тоқталып өтсем деймін. «9.2.3.1. шығармадағы әдеби тілді құбылту мен айшықтаудың (троп пен фигура) түрлерін талдай отырып, автор стиліне баға беру».

Оқулықта ақынның өмірбаяны, саяси күрес жолы, сол кездегі тарихи жағдай, ақын шығармаларының аударылуы, күйлері жайында қысқа ғана мәлімет берілген. Сонымен қатар көне сөздердің түсіндірмесі, қайталау түрлерінің /жәй қайталау, еспе қайталау, анафора, эпифора/ анықтамасы берілген. Әрине, Махамбетті таныту үшін бағдарламадағы үш өлең оқулықтағы шағын ақпаратпен шектеліп қалуға болмайды. Оның басқа өлеңдерінде оқыту керек. Мақсатта берілген құбылту мен айшықтау түрлерін талдау үшін де жоғарыдағы өлеңдер аздық етеді.

Махамбет өзі туралы айтқанда «Мен кескекті ердің сойымын» дейтін жері бар. Осындағы «кескекті» деген сөздің мағынасы қандай? Академик З. Қабдолов «айбарлы,

айдынды» деген синонимдерін береді. Бәріміз түсінетін сияқтымыз, алайда дәл мағынасын бала да сұрамайды, мұғалім де түсіндіруге тырыспайды. Өйткені осыны өзіміз де білмейтін сияқтымыз. Тағы бір өлеңінде ақын

...Мен тауда ойнаған қарт марал
Табаным тасқа тиер деп,
Сақсынып шыққан қиядан, -

деген метафора қолданады. Нарынкұмда өскен Махамбет Алтайды мекендейтін маралды қайдан білген деп таңғаламыз. Демек білген, біліп қана қоймай, оның тауда жүретінін, табанын тасқа тигізбеуге тырысып, сақсынып жүретініне дейін білген?! Артынша

...Мен бір шарға ұстаған
қара балта едім.
Шабуын таппай кетілдім,
Қайрасаң тағы жетілдім... – дейді.

Осындағы «қара балтаны» қаланың баласына түсіндірмесең тағы болмайды. Исатай батырды суреттегенде:

Құландай ащы дауыстым!
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажарлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!

дейтін жерлері бар. Осындағы теңеулерді бала жетік түсіне ме? Мұғалім соны түсіндіруге жете көңіл бөле ме? Құланның даусы ащы болатынын өз басым Махамбеттен білдім. Шынымды айтсам, тірі құланның даусын әлі күнге естіген емеспін. Исатай жауға шапқанда «ақырған» даусының өзі оның қаншалық айбарлы екенін көрсетіп тұрғандай. Келесі жолда «Құлжадай айбар мүйіздім» дейді. Мұны қалай түсіндіресің?! Ары қарай батырдың, алып күштің иесі емес, «ажарлы, базарлы» адамның образы кетеді. Ажарлы деген сөзге қарап «қырмызыны» түсінуге болатын шығар. Алайда «Хиуадай базарлым» деген теңеу тағы тұр. Әрі-беріден соң «Исатайға

Хиуаның базарының қандай қатысы бар?» деген ой келеді. Жоқ, оның қатысы бар екен. Халел Досмұхаметов «Аламан» еңбегінде Исатай батырдың үйінен қонақ арылмайтынын, сол қонақтарға арнап күніне бір тай немесе бір құлын сойылып қонақасы берілетінін жазады. Демек, құжынаған Хиуаның базарын көрген Махамбет Исатайдың көпшіл адам болғанын осылай суреттеп отыр деп ой түюге болады. Осының бәрін бүге-шігесіне дейін талдап тұрып түсіндірмесе баланың көз алдына Исатай мен Махамбеттің кесек образы келмейді. Оның бәрін баланың өзі түсіне алмайды. Бұл – тропқа қатысты әңгіме. Мақсатта берілген фигураны да осылай түсіндіруге тура келеді. Біз сонда ғана шығарманың көркемдік ерекшелігін түсіндіріп, балаға талдау жұмысын жасауға мүмкіндік береміз. Бала осының бәрін жете түсінгенде ғана автор стиліне баға бере алады. Сонда ғана жоғарыдағы мақсатқа жетеміз.

Әр сабақта әрбір мақсатқа осылай көңіл бөліп, ерінбей еңбек еткен мұғалімнің ғана жұмысы нәтижелі болады. Жаңартылған бағдарламаның талабы осы.

Фарида Қылышбаева,

Алматы қаласы Әуезов ауданы

№123 мектеп-гимназияның

қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН БАҒДАРЛАМАНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қазақ тілін оқытудағы басты мақсат – ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетанымы жоғары, жан-жақты қалыптасқан тұлға тәрбиелеу, оқушылардың өзара белсенді әрекеттері арқылы өздігімен білім игеру, оны іздену, құрастыру, ой-өрісін

кеңейтуде ауызша сауатты сөйлеу мен жазба тіл мәдениетін дұрыс қалыптастыру болып табылады. Тұлғаның қалыптасуына қажетті басты құрал – тіл. Тілді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың ең басты бағыттарының бірі. Мектептерде қазақ тілін оқытып, үйретудің басты ұстанымы – оқушылардың сөйлеу әрекетін қалыптастыруға бағытталған коммуникативтік ұстаным болып табылады. Жаңартылған білім беру бағдарламасы тілдік қызмет дағдыларын дамытуға (тыңдау, айту, оқу, жазу) аса назар аударылып отыр. Оқу кезеңінен жазба тілге дейінгі оқытудың бірізділігін жүзеге асыруды көздейді. Жаңартылған білім беру бағдарламасындағы қарым-қатынас құрудың маңызын түсіну және сабаққа арналған тілдік мақсаттарды белгілеу көзделген. Елбасымыздың жолдауында айтқанындай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін, заман талабына сай білім қажет». Жаңа білім берудің негізгі мақсаты- білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту техникалары мұғалімді шабыттандырып, одан сайын қанаттандыратыны анық. Әр мұғалім тиімді оқу мен оқыту тәсілдерімен таныса отырып, өзінің педагогикалық қызметіне белсенді оқу қағидаттарын енгізеді. Оқу мен оқытудағы әр іс-әрекет мақсатқа жетуге бағытталатыны түсінікті. Егер ұстаз тәжірибесінде үйреніп жатқан белсенді әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білсе, оқушылардың сын тұрғысынан ойлау қабілеттері дамып, білімнің қажеттілігін түсінеді. Яғни, «Не үшін?», «Қалай?», «Неліктен?» деген сұрақтарға жауап іздей бастайды. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы - оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым- қатынасқа түсу, жеке, топта жұмыс жасай білу,

функционалды сауаттылықты, шығармашылықпен қолдана білу. Мысалы «Жазылым» дағдысын қалыптастыруды алатын болсақ, сабақ барысында жиі берілетін тапсырмалар, мәтін құрастыру, қысқаша эссе жазу деп беріліп жатады. Жалпы жазылым дегеніміздің өзі, біріншіден, коммуникативтік әрекет. Неге, кімге, не үшін жазып жатырмыз, осыны оқушы нақты түсінуі қажет. Екіншіден, процесуалдық әрекет. Жазылым процесі көбінесе қалай бастаймыз, не жазамыз, қалай аяқтаймыз деген сияқты ізденістерден тұрады. Яғни, бұл жердегі мақсатымыз не?

Оқу үрдісінде оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуды сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым, тілдесім) бірлігін қалыптастыру;

оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін дамытуда жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлерін айқындау;

жазбаша сөйлеу тілін қатысымдық бағытта дамытудың әдіс-тәсілдерін анықтау;

Жаңа технологияларды қазақ тілі сабағында қолданғанда жазылым дағдысы бойынша күтілетін нәтижелер:

оқушылардың жазбаша сөйлеу тілінің дамуы сөйлесім әрекетінің түрлерімен (тыңдалым, айтылым, оқылым, тілдесім) бірліктері қалыптасады;

шағын әңгіме, мәтін, ертегі, әңгімені өз бетімен аяқтай алады;

оқушылар құттықтау хат, жарнама, шақыру хаттарын жаза алады;

оқушыларды жеке жұмыс істеуге үйретеді;

грамматикалық құрылымдарды оңай түсінуге көмектеседі;

оқушылардың есте сақтау, есту, көру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамытады;

оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы артады;

Жазылым 4 дағдының ішінде оқушының нәтиже көрсететін, мұғалімнің өнім алатын дағдысы болып табылады

Оқушының шығармашылығына бағыт-бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген М. Жұмабаев болатын. Ол балалардың ойларын дамыту туралы «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі,» – деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Оқушы шығармашылығы практикалық әрекеттер, ізденімпаздылық арқылы дамиды. Шығармашылыққа үйрететін сабақтар – жаңа технологияларды қолдану болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас сақталады. Мұғалім бақылаушы емес, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын шығармашылық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интелектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Әдебиеттер:

1. Назарбаев Н.Ә. «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Қазақстан халқына жолдауы.

2.Бейсенбаева А.А. Мектептегі білімнің теория және тәжірибесін ізгілендіру. - Монография, Алматы: Ғылым,1998.

3.Мұғалімге арналған нұсқаулық. Педагогикалық шеберлік орталығы, «НЗМ» ДББҰ, Астана, 2017. - 12-136.

Гүлмира Рыскелдиева,
Алматы қаласы Алмалы ауданы
Шона Смаханұлы атындағы
№62 гимназияның қазақ тілі мен
әдебиеті пәнінің мұғалімі, жаңартылған
білім беру мазмұны бойынша тренер

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ ПӘНІОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ МЕН ОҚУЛЫҒЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын, құзыреттілікке және сапаға бағытталған тың бағдарлама. Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, шығармашылық қабілеттерін арттыру болып табылады. Осы мақсаттарды жүзеге асырудағы қазақ әдебиетін оқытудың қазіргі жай-күйіне тоқталмақпын.

Әдебиет – өміртанудың ерекше құралдарының бірі. Бүгінгі таңда оқушылардың көркем шығармаға деген қызығушылығын оята отырып, оқыту – өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі әдебиетті оқыту мазмұннан гөрі дағды қалыптастыруға бағытталған. Ол дағдылар түсіну, жауап беру, анализ, интерпретация, бағалау, салыстыру деп аталады. Сондықтан бағдарламада оқытылатын көркем шығармалар азайтылған. Таяқтың екі ұшы бар сияқты мұның жақсы да жаман да жақтары бар. Жақсы жағы әдеби

шығарманы түгел оқып, оны бүге-шігесіне дейін талдай аламыз. Көңілге қонбайтын жағы ұлттық мүддені құрайтын классик ақын-жазушыларымыздың өздері мен шығармаларының оқушыдан жырақ тасада қалуы болып отыр. Осы жерде әдеби шығарманың түпнұсқасын түгел оқыту қиындық туғызады. Қазіргі бағдарламаға енген көркем шығарманың мазмұнын бала толық меңгеру керек. Ал оқулықта тек үзінді ғана беріледі. Хрестоматияны ашсаңыз, онда да мардымсыз үзінді тұрады. Барлық оқушыға қағазға шығарып беруге мүмкіндік жоқ. Сондықтан хрестоматияда мүмкіндік болса, толық нұсқасы тұрғанын қалаймыз.

Әдебиетті оқытудың қазіргі бағдарламасының артықшылықтары көп. Ең алдымен, бұрынғыдай емес, күтілетін нәтиже айқын. Ол – оқу мақсаттары және бір дағды сынып өскен сайын күрделеніп қайталанады. Мұғалім бұрынғыдай тақырыптан мақсат шығарып басын қатырмайды. Оқу мақсаты дайын алдымызда тұр. Тек соның әр деталіне сапалы жету көзделеді. Оны оқушыға қолжетімді, нақты, тиянақты түрде сіңіру – басты назарда. Тағы бір артықшылығы – дарынды баланың барлық мүмкіндіктерін ашуға ықпал етуі. алайда оған мұғалімдердің дайындығы жеткіліксіз болып отыр. Оқу мақсаттарының күрделі болуынан оған қол жеткізу қиындық туғызады. Сондықтан әдебиетші-ғалымдар тарапынан арнайы оқу-семинарлардың қашықтықтан болса да өткізілуін және оқу мақсатына сәйкес әдістемелік құралдар жазылуын, таратылуын сұраймыз. Себебі жаңартылған білім беру мазмұны бойынша біліктілік арттыру курсына әдебиетті оқытуға арнайы сағаттар қарастырылмаған. Тек әдебиеттегі негізгі дағдыларды, яғни түсіну жауап беру, анализ интерпретация, бағалау, салыстыру және олардың өз ішіндегі ішкі дағдылары туралы, шиыршық қағидаты бойынша жасалған бағдарлама мазмұнынымен таныстырып өтумен ғана шектеледі. Сонымен қатар оқу мақсатын жете түсінбегендіктен, баланың жас ерекшелігіне

назар аудара отырып, әдеби талдауды да әр сыныпқа сай, жүйелі түрде жүргізуде мұғалімдер қиналады.

Көркем шығарманы талдау бұрыннан бар. Талдау дегеннің өзі – зат пен құбылысты танып білу. Қазіргі талдау оқу мақсатына сай түрленіп, күрделенді. Талдау жасағанда мәтіндегі әрбір шағын, жеке элементтер де назардан тыс қалмайды. Образ бойынша, тақырыптық, проблемалы, тұтас талдаулар жүйеленіп, шиыршық қағидаты бойынша қайталанып, сыныптар бойынша күрделеніп берілген. Әдеби талдау үстінде көркем шығарманың мазмұн-пішіні, кейіпкерлер қатынасы мен тілдік құралдар ашылатыны белгілі, сонымен бірге мәтінге талдау жасай отырып, біз суреткердің ой-мақсатын, дүниетанымын білуге ұмтыламыз.

Бұл талдауларды біз бұрын да жасадық, тек соларды сапалы жасайтын күн жетті. Енді осы арада оқулықтардың да дұрыс құрастырылуы маңызды екеніне тоқталғым келеді. Біз, мұғалімдер, қазіргі оқулықтың тек ресурс көзі деген пікірмен келіспейміз. Себебі осы оқулық бойынша оқушы да, мұғалім де жаңа жүйеге қалыптасады және ол күнде ұстайтын, қарайтын құралы Әдебиет бойынша құрастырылған «Мектеп» және «АрманПВ» баспасының оқулықтары кейбір талап үдесінен шығады. Мысалы, «Мектеп» баспасының қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-сынып. «Қазақ әдебиеті» оқулығы тақырыптық талдау бойынша құрастырылған. Ол мұғалімге күнтізбелік-тақырыптық және қысқа мерзімді сабақ жоспарларын құрастыруда, оқушыға үй тапсырмасын жүйелі беруге көмек болады.

Әдебиет теориясын меңгермей тұрып көркем шығарманы оқып үйрену мен оған тиісті баға беру мүмкін болмайтыны баршамызға аян. Осы тұрғыда оқу мақсатында берілгенмен, оқулықта оқу мақсатында тұрған әдеби-теориялық ұғымдар үзіп-жұлқып беріледі. Дәстүрлі білім беру жүйесінде тек көркем шығарманың мазмұны мен пішінінде, көркем шығармадағы образды талдауда және көркем шығарманың тілін талдауда ғана әдеби-теориялық

ұғымдардың кейбіреуін талдататынбыз. Қазір әдеби шығарманың тұжырымдамасы тіпті тарихи және көркемдік құндылығы мен заманауилығы мен жаңашылдығын талдауда да әдеби-теориялық ұғымдар терең берілген. Мысалы, 8-сыныпта шығарманың идеясы мен пафосын ашу деген оқу мақсатында пафосқа мән беріледі. Ол дегеніміз – шығармадағы асқақ сезім мен құлшыныс, қуатты сезім мен терең шабыт. Мұны да, тапқызу, сезіндіру мұғалімге оңай соқпайды. 10-сыныпта (қоғамдық-гуманитарлық) шығарманы жалпыадамзаттық құндылық тұрғысынан талдап әдеби эссе жаз дейді. Ең алдымен, мұғалім жалпы адамзаттық құндылықтың не екеніне тоқталып барып, оны шығармадан тапқызады. Әдебиеттің тәрбие құралы, өмір мектебі екендігі, дәл осы оқу мақсаттарымен жұмыс кезінде сезінесіз. Енді мектеп ұстаздарына «Әдебиеттану» факультетінің магистранты болуға тура келеді. Бір сөзбен айтқанда, бүгінгі таңда жоғары оқу орнында оқыған әдебиет теориясы мен әдебиеттің сыны деген курстарды қайта оқып, жаңғырту – мектеп мұғалімдерінің кезек күттірмейтін мәселесіне айналды.

Жалпы мұғалімдер жаңартылған білім беру бағдарламасында шиыршық қағидатына сәйкес әр сыныпта сол дағды бойынша нені қалыптастыру керек екенін жақсы түсіну керек. Мысалы, «Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні» дағдысы бойынша 5-сыныпта әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау берілген. Бұл сыныпта олар оқушыдан шығарманың сюжетін, шығармада баяндалатын оқиғалар тізбегін сұрайды, білуін талап етіледі. Шығармадағы тұтас оқиғалар мазмұнын қысқаша баяндау фабула болады. «Тортай мінер ақбоз ат» әңгімесін алсақ, оның мазмұнын қысқаша баяндау, оқиғалар тізбегінің ретін анықтау сияқты тапсырмалар беруге болады. Ал 6-сыныпта әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау берілген. Мұнда мұғалім шығарманы оқытып, жанрын олар өздері анықтау керек. Әңгіме болса,

неге ол әңгіме оның қандай ерекшелігі бар? Сол сияқты қысқаша мазмұнын баяндатып, сол оқиғалар, сол баяндаулар не үшін алынғанын оқушы анықтауы керек. Мысалы, әңгіме неліктен автор өміріне қатысты? Әңгімедегі оқиғалар өмірде болған ба? Тортай ше? деген сияқты. Ал 7-сыныпта әдеби шығарма сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдау берілген. Сюжет ол – оқиға. Сол оқиғаларға негіз болған мәселелерді талдайды. Мысалы, «Көксерек» шығармасында Құрмаш неге бөлтірікке жақын болды? 8-сыныпта әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтерді анықтау. Мұнда олар эпилог пен пролог деген ұғыммен алғаш танысады және әр шығарманың эпилогі мен прологін анықтап оның сюжеттік желіге қатысына талдау жасайды. «Бағалау мен салыстыру» дағдысы бойынша салыстырылатын шығармаларды табу да мұғалімдерге қиындық туғызады. Мысалы, 8-сыныпта шығарманың тақырыбы мен идеясын осы тектес басқа шығармалармен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау десе, 9-сыныпта шығарманы басқа өнер түрлеріндегі осы мазмұндас туындылар мен салыстырып, тарихи және көркемдік құндылығын бағалау дейді. Біздерге осы мәселеден де көмек керек. Қазіргі жүйедегі сабаққа дағдылану мен дайындалудың өзі – біраз машақат және салыстыратын кейбір шығармаларды білгенімізбен, көп шығармаларды, өнер туындыларын біле бермейміз. Сондықтан «Бағалау мен салыстыру» дағдысы бойынша салыстыруға болатын шығармалар мен өнер туындыларының тізімін қосымшада берген жөн.

Әдебиеттің сыны да мектеп бағдарламасына толық енген. Сыни хабарлама, сыни шолу, сыни пікір, сыни мақала жазудың талаптары туралы да білімімізді көтеру де маңызды болып отыр. Осы тақырыптарға да оқу семинарлары мен әдістемелік құралдар болуын сұраймыз.

Қорыта айтқанда, бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Әр оқушыны шығармашылық

деңгейі жоғары, өзіндік көзқарасы бар, сыни пікірді айта алатын және оны қабылдай білетін, бәсекеге қабілетті жеке тұлға дәрежесіне жеткізе білу – әр ұстаздың міндеті. Сондықтан ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Сол еңбектенуде біздерге үлкен қолдау керек. Сол қолдаулардың қатарына хрестоматияда бағдарламаға енген көркем шығарманың толық нұсқасы берілуін, оқу мақсаттарын түсіну бойынша әдебиетші-ғалымдар арнайы оқу семинарларын ұйымдастыруын (қашықтықтан болса да), оқу мақсаттарын түсіну бойынша әдебиетші-ғалымдардың әдістемелік құралдар шығаруын, оқулықтардың тақырыптық талдау бойынша жүйелі құрастырылуын және ондағы тапсырмалардың оқу мақсатын ашатындай құрастырылуын, оқулықта оқу мақсатында тұрған әдебиет теориясына қатысты ұғымдардың барлығының енгізілгенін, «Бағалау мен салыстыру» дағдысы бойынша салыстыруға болатын шығармалар мен өнер туындыларының тізімін қосымшада берулерін және ең бастысы, жалпы білім беретін мектеп оқушысының деңгейіне сай оқу мақсаттарының бейімделгенін қалаймыз.

Нүрсұлу Нүсіпқожаева,

Алматы қаласы О.Жандосов атындағы

№105 гимназияның қазақ тілі

мен әдебиеті пәні мұғалімі

ОҚУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗІЛЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ЖАҢАРҒАН МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЖАЙЫ, ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде білім беру мазмұны жаңарып, оқытудың парадигмасы да өзгерді.

Жаңа серпіліс пен тың әдістер пайда болды. Мемлекеттік білім беру саласындағы білім беру мазмұнының жаңаруы – заман талабы. Себебі бүгінгі таңда барлық дамыған елдер жоғарғы сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Бұл бағдарлама болашақта сұранысты қанағаттандыра отырып, болашақ өмірде төрт дағдыны дамытады. Айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым дағдыларын меңгере отырып, оқушы болашақта құзыретті тұлға ретінде өз қажеттіліктерін қанағаттандыра алады. Мәселен, сөйлеу әрекеттеріне бағытталған дағдылар «**шиыршық**» тәсілімен жыл сайын оңайдан күрделіге қарай білім мен білікті ұштастыра отырып қалыптасады.

Ең бастысы, әр сыныпта оқушылардың жас ерекшелігі ескеріле отырып, функционалды сауаттылығын: өз ойын еркін, әрі сауатты жеткізе білу, кез-келген жағдаяттан шыға білу сыяқты дағдыларды меңгеру толығымен ескерілген. Оқушылар жалаң грамматиканы өтпей, оны сөздік қорын байыта отырып, бірлікте қолдануға үйренеді. Осы тұрғыда ұстаз да ең жеңіл, ең тиімді әдіспен баланы оқытудың жолың іздеп келеді, әлі де іздей бермек.

XX ғасырдың басында Жүсіпбек Аймауытов «Сабак беру үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол жаңадан жаңаны табатын өнер» деген екен.

Сондықтан қазіргі таңдағы педагогика жаңалықтарын пән ерекшелігіне қарай қолдана білу – оқыту үрдісінде мақсатқа жетудің бірден-бір жолы.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту барысында – алдына қойған мақсаты – баланы субъект ретінде оқу ісіне өзінше қызықтыратын, оған қабілетті жағдай туғызу. Оның басты ерекшелігі: оқу үрдісін жаңаша ұйымдастыру, оқушылардың оқудағы іс әрекеті арқылы ойлау дағдыларын жетілдіру, өз бетінше білім алу үрдісінде бірлесе әрекет ету.

Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткзуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;

- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- постер құрастыра білуі;
- мақсатқа жетуге өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы.

Өкінішке орай, қазақ тілін басқа ұлт өкілдеріне оқыту барысында осы басты қағида орындалмағандықтан, көп жерлерде тілді үйрету оң нәтиже бермей келеді. Себебі, біз тілді лингвистикалық күрделі құбылыс ретінде оқытамыз. Ол оқушыға ғылыми тұрғыдан жүйелі, терең білім бергенімен, оны қарым-қатынас құралы есебінде қолдануға мүмкіндік бере алмайды.

Егер сөйлесуді меңгерту оқушының айтайын деген ойын ауызша және жазбаша түрде екінші адамға түсінікті етіп жеткізуін қамтамасыз ету болса, ал сөйлесуді, қарым-қатынас жасауды үйрету күнделікті өмірде кездесетін жағдайларға байланысты іске асырып отыруы керек.

Сөйлесуді меңгертуде оның функционалдық қызметіне қажетті мынадай құрылымдық жүйе қалыптастырылса, бұл іс біршама тиімді түрде жүзеге асар еді:

- Сөйлеу үрдісін дайындауға бағытталған материалдар (лексикалық минимум, тірек сөздер, оқушыға бұрыннан таныс сөздер);

- Сөйлеу үрдісін құрастыруға бағытталған материалдар) тілдесім, диалогтар);

- Сөйлеу үрдісін жүйелеуге бағытталған материалдар (шағын функционалдық мәтіндер, яғни лексикалық минимум мен тілдесім диалогтарының қолданылған көріністері, көркем мәтіндер үлгілері);

- Коммуникативті қарым-қатынас жасау әрекетін іске асыруға бағытталған материалдар (түрлі жаттығулар) қолданылады.

- Өзін-өзі тексеру немесе бағалау әрекеттерін тест арқылы анықтау тиімді жол.

Алматы қаласында осындай республика деңгейінде ғалымдар мен әдіскерлер, тіл мамандары мен тіл жанашырлары, қатардағы қарапайым ұстаздар қауымы бас қосқан үлкен жиында өзекті мәселелерді айтып, сіздердің назарларыңызға жеткізуді жөн көрдім.

Бүгінгі күні орта білім берудің жаңартылған бағдарламасы аясында оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде қазақ тілі мен әдебиеті пәні біріктіріліп оқытылады. Бұл екі пәннің біріктіріліп оқытылуының өзекті мәселері шаш етектен десек те болады. Осыған байланысты өте үлкен өзекті мәселе туындап отыр. Ол менің әріптестерімнің жанайқайы деп білерсіздер.

Жаңартылған бағдарлама негізінде жазылған оқулықтарда берілген оқу материалдарының күрделілігі өзге ұлт өкілдерінің балаларының тілді меңгеруіне жетелемейді. Керісінше, оқушылардың қазақ тіліне деген ынта жігерін құм етті. Ата-аналардың көкейінде «бұл қандай оқулық?» деген сан түрлі сұрақтары бар. Қазақ тілі мен әдебиеті біріктіріліп бір пән ретінде жазылған оқулық оқушылар түгілі мұғалімдерге де қиындық туғызуда. Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері тар жол тайғақ кешуде.

Себебі қазіргі қолданыстағы оқулықтардың мазмұны, берілген лексикалық тақырыптар өте күрделі, көбінесе тарихи материалдар берілген. Бүгінгі күннің талабына сай заманауи жаңа белсенді сөздерден гөрі, қолданыстан шығып қалған, тарихи көнерген сөздермен берілген тақырыптар өте көп кездеседі. Мұндай оқулықтар өзге ұлт өкілдерінің балаларын мемлекеттік тілді меңгертуге жетелемейтіні хақ. Қазақ әдебиеті пәні жеке оқытылуы қажет деп санаймыз.

Қазіргі таңда орта білім беру жүйесінде оқулықтар мәселесі әлі де бар. Ұлы ғалым Ахмет Байтұрсынов айтқандай, оқулық аса қызықты, баланы өздігінен үйренуге ұмтылдыратын түрде жазылу керек. **«Оқушы өзі ізденіп, өз бетімен білім алуға талпыну керек,» - дейді Ахмет Байтұрсынұлы.** Бұл бүгінгі заманның талабы. Оқулықты бала түсінетін тілмен жазу керек деп ойлаймын. Ахмет Байтұрсыновтың оқулық жазудағы тәжірибесі – бүгінгі таңда оқулық жазған ғалымдарға ғана емес, мұғалімдерге де үлкен мектеп. Осы жайды оқулыққа автор болып жүрген мұғалімдер де ескерсе екен...

Әрине, оқулық авторларының айтуы бойынша барлығы стандартқа сай болуы керек. Сол стандарт негізінде қабылданған бағдарламадан ауытқуға болмайды дегенді көп айтады. Осындай жоғарыда айтылған жағдайларды ескере келіп, «Даудың басы – Дайрабайдың көк сиыры» - деп ойлаймыз.

Ұсыныстар:

1. *Стандартқа өзгерістер енгізу;*
2. *Бағдарламаны қайта қарастыру;*
3. *Бекітілген оқулықтардың мазмұнын заманауи бағытта беру;*
4. *Қазақ әдебиетін жеке пән ретінде оқыту;*
5. *Қазақ әдебиеті оқулығының мазмұнын оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерге бағыттап жазу.*

Қазіргі кездегі білім мазмұнының жаңаруы, жаңа технологиялық жаңалықтар – ақпараттандыру, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері, заман талабына сай оқу бағдарламалары – барлығы заманауи талаптарға сай оқытудың маңызды құралдары. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстаздан өз мамандығының майталманы бола отырып, жан-жақты тұлғаны тәрбиелеуде құзыретті маман, әрі көшбасшы болуды талап етеді. Олай болса, жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанда өмір сүретін жас ұрпақты оқытып, тәрбиелеу – аса күрделі жауапты жұмыс. Мұндай

іске ұстаздардың психологиялық, педагогикалық, әдістемелік біліктілігі, жоғары адамгершілік қасиетімен бірге, кәсіби даярлығы болуы керек.

Әдебиеттер:

1 Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты мақаласы// «Айқын» журналы, - № 3.2017 жыл.

2. Г.А.Рудик «Ойлау еңбегінің мәдениеті және оқытудың 101 техникасы» - Қостанай 2010 жыл.

3. Ж.Қалиева. Орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуды жетілдірудің өзекті мәселелері// Қазақ тілі мен орыс әдебиеті орыс мектебінде журналы.№ 3, 2003 жыл.

4.А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. – Алматы: «Ана тілі» 1992. – 416 бет

5. М.Жұмабаев. Педагогика – Алматы: «Ана тілі» 1992. – 160 бет

6. Қазақ тілі әдістемесінің теориясы мен технологиясы. – Алматы, 2007. – 184 бет.

**«Орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында
қазақ әдебиетін
оқытудың өзекті мәселелері» атты
республикалық ғылыми-практикалық
конференцияның
Қ А Р А Р Ы**

Қазақстан Республикасының Президенті Қ. К. Тоқаевтың халыққа арнаған Жолдауында айтылған білім сапасына қатысты сындарлы ойларын жүзеге асыруға байланысты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі А. Аймағамбетовтың оқулықтардың сапасын жақсартуға байланысты 10 қадамын қолдай отырып, бүгінгі баяндамалар мен ұсыныстардың негізінде конференция мынандай қарар қабылдайды.

Конференцияға қатысушылар жалпы білім беретін мектептерде жаңартылған мазмұндағы қазақ әдебиетін оқытуда мұғалімдер оқушылардың өзіндік таным әрекетін ұйымдастырудың жаңа түрлерін, тәсілдері мен әдістерін, технологияларын меңгеру үстінде екендігі атап көрсетілсін.

Қазақ әдебиеті курсының жас ұрпақтың әдеби танымының қалыптасуында, бойында рухани құндылықтар мен ұлттық рухани кодтың қалыптасуында, ұлттық бірегейліктің сақталуындағы басты ролін ескере отырып, ҚР БҒ министрлігіне мынадай пәрменді шараларды қолға алу ұсынылсын:

1. Орта мектептердегі қазақ әдебиеті курсының жалпыға міндетті білім стандарты мен оқу бағдарламалары аталған пәннің ұлттық ерекшеліктері мен қалыптасқан дәстүрін ескере отырып, мазмұндық, тілдік тұрғыдан отандық, ұлттық әдебиеттанушы ғалымдардан, әдіскер ғалымдардан және шығармашыл мұғалімдерден жұмыс тобын құрып қайта дайындау;

2. Оқу басқа тілде жүретін мектептердегі қазақ тілі мен қазақ әдебиетін жеке пәндер ретінде қайта қарау;

3. Қайта дайындалған жалпыға міндетті білім стандарты мен оқу бағдарламалары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланып, кең қоғамдық талқылауға салынсын. Сонан кейін ғана ҚР Білім және ғылым министрлігінің тарапынан бекітіліп, қолданысқа енгізу;

4. Оқулық авторлығына үміткер әдебиеттанушы ғалымдарға, әдіскер ғалымдарға және шығармашыл мұғалімдерге арнайы біліктілік курстарын өткізу;

5. Осы жетілдірілген стандарт пен оқу бағдарламаларына сәйкес қазақ әдебиеті оқулығының материалдары оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктелген, ғалым-мамандардың сараптамасынан өткен материалдармен қайта жазуды кезең-кезеңімен жүзеге асырудың кестесін жасау;

6. Қазақ әдебиеті курсының стандартын, оқу бағдарламаларын және оқулықтарды дайындауда ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитеті М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтын, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетін, Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясын жауапты ұйымдар ретінде белгілеу;

7. Қазақ әдебиеті курсы бойынша хрестоматиялық шығармалардың ғылыми базасын жасақтау;

8. Оқу бағдарламалары мен оқулықтарды талдау және сараптамалық бағалау мамандарын арнайы даярлау, жабық сараптама арқылы бағалау жүйесін қалыптастыру;

9. Мектеп оқулықтарын басып шығаруға маманданған, редакторлар мен корректорлар институты қалыптасқан мемлекеттік қазыналық кәсіпорын түріндегі баспа қалыптастыру;

10. Білім стандартын, оқу бағдарламаларын, оқулықтарды пайдаланушылар ретінде ҚР БҒМ және Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы жанынан қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің республикалық ассоциациясын құру;

11. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің білімін көтеру және біліктілігін арттыру жұмысын қолға алу;

12. Білім және ғылым министрлігі құрылымында қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің оқытылу ісін үйлестіріп, қадағалап жүзеге асыратын мамандандырылған құрылым жасақтау;

13. Жалпы білім беретін мектептерде оқу үдерісіне енгізу мақсатында білім мен ғылым интеграциясы аясында «Қазақ балалар әдебиетін зерттеу мен оқытудың өзекті мәселелері» атты ғылыми-педагогикалық бағыттағы жоба әзірлеу;

14. Жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылатын бірыңғай әдеби минимум бағдарламасын әзірлеу және қолданысқа енгізу.

Осы қарар конференцияға қатысушылардың ұсыныстарына сәйкес, негізінен, бір ауыздан қабылданып, Білім және ғылым министрлігіне және басқа да тиісті орындарға жолдансын! Бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын!

МАЗМҰНЫ

Кенжехан Матыжанов. Кіріспе сөз.....	3
Рахман Алшанов. Қазақ мектептерінің жағдайы және педагог мәртебесін көтеру мәселелері.....	6
Жанғара Дәдебаев. Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістемелік негіздері.....	15
Гүлжаһан Орда. Жаңартылған білім беру бағдарламасын жетілдіру жолдары.....	25
Қабатай Бидана. Жаңартылған білім мазмұны жағдайында «қазақ әдебиеті» пәнінен мұғалімдер дайындаудың өзекті мәселелері.....	35
Нүрдәулет Ақыш. Оқулық дайындаудағы жетілдіру тетіктері.....	39
Береке Жұмақаева. «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының мазмұны мен құрылымындағы олқылықтар.....	46
Ұлан Еркінбай. Мектептегі қазақ әдебиеті оқу бағдарламасының мақсаты мен функционалдық міндет.....	55
Бақтыгүл Құрбанбаева. Абайтану курсының орта мектептерде жаңартылған білім беру бағдарламасына сай оқытылуы.....	66
Мейрамгүл Нүсіпбекова. Жаңартылған білім мазмұны бойынша мектепте қазақ әдебиетін 5-10-сыныпта оқытудың жекелеген мәселелері	69

Әділет Жексенбі. Жаңартылған білім мазмұнындағы оқулықтың жекелеген кемшіліктері.....81

Жанар Абитова. Дарынды балаларға көркем шығарма оқытудағы Абай атындағы республикалық мектеп-интернатының тәжірибесі84

Бекзат Ералиева. Сапалы білім – саналы ұрпақ95

Аманғали Мұхтаров. Махамбет шығармаларында қолданылған көркемдік-тілдік құралдарды оқыту мәселелері.....98

Фарида Қылышбаева. Қазақ тілін оқытудағы жаңартылған бағдарламаның тиімділігі.....103

Гүлмира Рыскелдиева. Қазақ әдебиеті пәні оқу бағдарламасы мен оқулығының ерекшеліктері.....107

Нұрсұлу Нүсіпқожаева. Оқу орыс тілінде жүргізілетін мектептерде жаңарған мазмұндағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудың жайы, өзекті мәселелері мен ұсыныстар.....112

«Орта білім берудің жаңартылған мазмұны аясында қазақ әдебиетін оқытудың өзекті мәселелері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференцияның ҚАРАРЫ.....118

**«ОРТА БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА
ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»**

Ғылыми-практикалық конференция материалдары

Басуға қол қойылды
Офсетті қағаз 80 гр.,
Формат 60x84^{1/16}, Шартты баспа табақ 15,8
Таралымы 10 дана

PRINT
ИЗДАТЕЛЬСТВО
И ПОЛИГРАФИЯ **EXPRESS**

г. Алматы,
ул. Байтурсынова, 85, выше ул. Джамбула
тел.: 292-10-95, 292-14-28
e-mail: print_express@bk.ru